


ЭСЕТ

ШЫГАРМАЛАР



ҚАЗАҚ ССР ГЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ
ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

ӘСЕТ НАЙМАНБАЕВ

ШЫҒАРМАЛАР

(ӨЛЕҢДЕР, АЙТЫСТАР, ДАСТАНДАР)

Кұрастыргандар:
Б. Адамбек, С. Ордашев.

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ, АЛМАТЫ — 1968

ӘСЕТ АҚЫН

Әлеуметтік, ғибраттық ойларын, демократтық-ағартушылық идеяларын өлеңмен, әнмен таратқан Абайдан бастап ақындық өнер қазак арасында жаңа сапаға ауысты, жаңа мазмұнға ие болды. Ақын сөз шебері ғана емес, бүкіл ел кamyн ойлайтын ақылды, білімді әлеуметтік қайраткерге айналды. Міне сол дәүірде Абай айналасында дарынды, білімді бір топ жаңашыл жастар-акындар пайда болды. Солардың бірі — Әсет Найманбаев.

Әсеттің есімі оқырман жұртқа, негізінде, «Әсет пен Рысжан айтысынан», ягни айтыс ақыны ретінде таныс. Алайда Әсет Найманбаев айтыстарымен бірге «Пушкин», «Салиха-Сәмен», «Ағаш ат», «Үш жетім қызы» т. б. поэмадастандар жазған эпик ақын, «адамның бұлбұлы» атанған әнші-композитор. Оның өзі шыгарған «Әсет», «Кисмет», «Қарақөз», «Інжу-маржан», «Үлкен ардақ», «Кіші ардақ» секілді ондаған әні бар. Сондықтан да академик Ахмет Жұбанов оны «Арқаның ән қайраткерлерінің бірі» деп бағалап: «Әсет творчествосы біздің заманымыздың музыкалық кәдесіне толық асуда; ол Әсет творчествосының халықпен байланысты болып, халықтың жоғын жоктау жолында болуынан»,¹ — дейді.

¹ А. Жұбанов. Замана бұлбұлдары, Алматы, 1963, 271-бет.

Эсеттің өмір тарихы, негізгі шығармалары кейінгі кезге дейін беймәлім болып келді. Тек соңғы он шақты жыл ішінде М. Эуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызыметкерлері Семей, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарына ғылыми сапармен шығып, ел аузынан жиған, жазып алған қолжазбалардың нәтижесінде ақынның өмір тарихы анықталды, бұрын белгісіз шығармалары табылды. Сөйтіп, Эсет Найманбаев қорнекті ақын, әнші ретінде зерттеліп қазактың әдебиеті мен музика өнерінің тарихынан өзіне лайыкты орын алды.

Ақынның аталас ағайындары Семей облысы, Үржар ауданында тұратын Тәти Жайнақбаевтың (1888 жылы туған), Қарағанды облысы, Коңырат ауданында тұратын Смағұл Байжұмановтың (1860—1957) және Эсеттің қызы Сәмөгей Эсетованың (1910 жылы туған) айтуларынша, Эсеттің руы арғын, арғын ішінде Майлық, Кожамберді. Ата мекені Қарқаралы, Қаршығалы өзенінің бойы. Эсеттің үлкен әкесі Жұмағұлдан Найманбай, Қайранбай деген екі үл туады. Қайранбайдан үрпак жоқ, Найманбайдан — Эсет. Найманбайдың қонысы Қызыларай, Керегетас тауларындағы Ақсай қыстағының басы, қазіргі Қарағанды облысы, Коңырат ауданы, «Қызыларай» колхозының жері.

Найманбай кедей болған, жігіт кезінде кәсіп ізден Семейге барған. Эсет Семей облысында 1867 жылы туған. Найманбайдың шаруасы мұнда да онала коймаған. Соңдықтан ол Найман, Мәмбет ішіндегі бір апасын сағалап, Эсеттің жас кезінде Бақтыдагы Байжігіт ішіне көшіп келді. Ол жайында Сәмөгей былай дейді: «Әке-шешем аса кедей болды,— деп отыратын еді аға.— Содан әкем Найманбай Бақтыдагы Мәмбетке берген жалғыз әпекесін сағалап мениң 7 жасында Бақтыға көшіп келген. Қелсе әпекесі өліп қалған екен. Құдасы көп көмек көрсете алмайды, соғымына бір гана тай береді. Бірақ әке-шешем қайтпай бір сиыр сатып алып, осында тұра береді».

Әсеттің әкесі Найманбай, шешесі Кермекас баласын Бактыдағы Габдішүкір (Зейнолла деп те атайды) имамның медресесіне береді. Медреседе оқып жүргендегі-ак Әсеттің ән мен өлөнге әуестігі байкалады. Имам Әсетке бата бермейді. Әсет те молда болғысы келмейді. Ол 14-15 жасында Әсембай деген саудагерге жалданады. Әсеттің бакытына Әсембай өнерді бағалай білетін көзі каракты саналы адам болып шығады. Ол әншілігімен, ақындығымен елге таныла бастаған талантты Әсетті бір жолы атшығып Коянды жәрменкесіне ала барады, сырнай сатып аперіп «балам, жасқаншактама және бұрын айтыска түскенім жок деп ешкімге сыр берме» деп Рысжанмен айтысуга себепші, дем беруші болады.

Ол кезде жәрменкес мал сатып, мата алушы айырбас—сауда базары гана емес, қазактың бай-мұрзасы, би-болысы байлық пен салтанат салыстыратын жүйріктер жарыска, күштілер күреске түсетін мереке, думан орны болған; ақын мен шешен, әнші мен күйші секілді әртүрлі талант нелері елдін «інгі жаксыларының», малшы-қосшылардың алдында ойын-сауық, өнер көрсететін ортага айналған.

Атакты Коянды жәрменкесінде болып, әртүрлі өнер-паздармен кездесуі, онда өзінің ақындық, әншілік талабын көрсетуі, әсіресе «Ірбіт шапқан Хамит Жапар байдын ақыны Рысжан қызын айтысып, оны женуі» Әсеттің есімін елге таптытып, атағын шығараады. «Рысжанды жеңіп үлкен олжала болып қайттым... Осыдан кейін өлең айтып, ән салып ел арападым. Халық құрметтінің арқасында кимегенді қндім, ішпегенді іштім» дейді екен Әсет (қызының естелігінен).

Әсет Абаймен осы сапарында, Коянды жәрменкесінде пемесе соның артынша кездессе керек. Олай дейтініміз зерттеуші Қайым Мухаметхановтың айтудынша «Әсеттің Абаймен кездесуі... әншілік, ақындық өнерімен елге та-

ныла бастаган кезі».¹ Эсептің бел баласы Қожеке «Әкей Абай аулында үш жылдай болыпты»² дейді.

Абайдың Эсептің сынағын өлеңі («Эсетке») 1889 жылы жазылған. Бұл Абайдың А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан аударма жасаған жылы. Демек, Эсет Абай аулында, шамамен, 1885—1889 жылдары болған. Академик жазушы М. О. Әуезовтың сөзімен айтқанда, бұл кезде: «Абайдың білімі мен өснегіне құмар ел ішінің көзі ашық жастарына Абай ауылы үлкен білгіштің мәдресесі сықылды болған».³

Абайдың ақындық мектебінен тәлім алу, Абай арқылы орыс әдебиетімен танысу, діни де болса сол кезгі Қазак еліндегі бірден бір білім орны—медреседе оку Эсептің заманының сауатты, салауатты азаматы, ақыны дәрежесіне көтереді. Ол өзінің табиги дарынын—акындық, әншілік өнерін еліне арнайды. Үстазы Абай снякты о да елі-жұрттың еңбекке, бірлікке, өнер-білімге шакырады.

«Евгений Онегинің» Абайдан кейінгі слге таратушы ақын Эсет Найманбаев. Эсет оны өзінше жырлады. Әсег жырының қазір әр жерден, әр жылдарда жазып алынған төрт нұсқасы бар. (Жинақ сонындағы түсінікті караңыз). Солардың бірі Шығыс Түркстаннан 1958 жылы келген жыршы Жұнісхан Қөлдеевтен жазып алынды. Демек А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романы Эсептің жырлауымен бүкіл Орталық, Шығыс Қазақстанды, Жетісіу өлкесін аралап, шекарадан етіп Шығыс Түркстанга жетті.

Эсет Найманбаев жырлаған «Пушкин» поэмасының бір ерекшелігі — мұнда Онегин орнына Пушкиннің өзі кейіпкер етіп алынған. Поэма:

¹ «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 1958, № 9.

² Ақын Эсет Найманбаев туралы мәліметтер. Институт колжазба кормы, п.-392. д.-6.

³ Абай шыгармалары, II том, Алматы, 1957. (М. О. Әуезов Абайдың өмірбаяны. 41 бет).

Орыста біреу болты Пушкин атты,
Оқыған езі молла магрипatty¹
Миң бас, ойшыл кеуде, озған жүбірік,
Жақтаған шынышыл болып хәқиқатты...

деп Пушкинді таныстырудан басталады. Эсеттің «Пушкин» шыны магнасында шығыс ақындарының салтымен «Евгений Онегиннің» қайта жырланған казақша жаңа иұқасы. «Пушкин» поэмасынан Абай «медресесінің» Әсетке жасаған иғі ықпалы, әсері айқын сезіліп тұрады.

Әсет Абай аулынан қайткан соң Мәмбет ішіндегі үйіне келіп Байжігіт Жылқыбай деген кісінін жалғыз қызы Тәтежанға үйленеді. Бірақ әлеумет өміріндегі өзінік орнын, борышын түсінген ақын от басында отырып қалмайды, ел аралайды. Лепсі, Капал, Семей үйездерінде болып, Жетісу-Алматыға дейін келіп қайтады. Қайда жиһын болса сонда, халықтың жуан ортасында жүріп асқақ әнімен, ойлы өлең-жырымен ел-жүртynna қызмет етеді. «Максатым — тіл үстартып өнер шашпак, наданнын көзін койып көнілін ашпақ», — деп Абай айтқандай Әсетте ат жетер жерді аралап өлең айтады, өнер шашады.

Адалдықты, адамгершілікті жырлаган, ерлікті, слін суюді насиҳаттаған дарынды, білімді ақынды халық қашанды қадірлеген, жақсы көрген.

Әсет жастайынан бай-мырзаларды, патша өкіметіншің орындаушы шабармандары мен жандайшаптарын жек көрген, оларды алғашқы өлең-жырларынан бастап өлтіре сынайды, әшкерелейді. Рысжан қызбен айтысының өзінде-ак болыс би, елубасы-жұзбасы, жасауылдары «жемтік жеген күзгынға», «тышкан аулаган күйкентайға» текейді. Ел аралап, халықтың жай-жапсарын не гүрлым терекірек білген сайн реалист ақынның осы бір сыншылдық қаснеті айқындала, өткірене түседі. Ол «қайырсыз надан байларды», «халықтың қашын сорын».

¹ Магрипatty — білімді.

**«қарангы слге тажал» болған алып-сатар саудагерлерді,
«хакиқаттан хабарсыз билерді» әшкерелей келіп:**

Осынша кім әкеткен тойымынды.
Білмеймін алде рас, оймының.
Бір нашар жаңылыстар бір іс қылса,
Сүйреттің соған қарап сойылыңы.—

деп түрлейді.

Сөйтіп, Әсset кедей-кембагалға жаңы ашып, арашашы болғысы келеді. «Малсыздың тіршілігі кеміп өткен» деп оның күйіне аяныш білдіреді. Сонымен бірге акын «малдының бетін жарық» деп «шөп ізден аш құландай жаһан кезген», «аз малын арам жолға сырал қылып» сайлау десе шала шабылатын қазактың мал құмар, шен құмар ескі әдептерін де катал шенейді, «хабарсыз қара көніл, қазағым-ай» деп қынжылады.

От ауызды, орак тілді, Әсет акыннан болыс-билер, байлар мен саудагерлер каймыгады, оны қонаққа шакырып, қастарына ертіп, сыйлық беріп бауырларына тартқысы келеді, өздерінің атқосшысы, кошметшісіне айналдыруға тырысады. Бірақ өзінің азаматтық орнын, акындық қасиетін білетін Әсет олардың жетегіне ермейді, жарлы-жалшының, жетім-жесірдің мұнын шағып, сөзін сейлейді, арманына жете алмаған жастарды — ғашыктарды жырлайды. Тіпті шығыс әңгіме-аңыздарының уақиғасынан алып қазақша кайта жырлаган «Уш жетім қызы», «Ағаш ат», «Шеризат», «Жәмсап» дастандарының өзінде акынның тілегі, жүрөгі өмірден өгейлік көрген кедей-кембагалдар жағында отырады. Мысалы: Багдадта баспаасыз апалы-сінлілі үш жетім қызы жардың үнгірінде отырып өз армандарын айтып сырласады. Уш қыздың үлкені Эйім ішер асы, кнер кнімі жеткілікті такуа («Хақ ниетті») болуды тілесе, ортаниши қызы — Хайша Шаңигаппас патшаның бас үәзірі Алдиярханның баласына жар болуды киялдайды. Ал кіші қызы Сәмсая:

Эудде халқым білжे күрметімді.
Бай болсам асыраган көп жетімді.
Шаһнапас патша мен Алдиярхан.
Екеуіне қылдырасам қызметімді.—

деп қара басының камын ғана ойламай жетім-жесірге қарайлассам, патша мен уәзірлерге қызмет істетсем деп армандаиды. Сырларын сырттан тыңдал түрган патша мен уәзір екі үлкен қыздын армандарын орындап, кіші қыз Сәмсаяны қанғытып қаладан күшп жібереді. Бірақ Сәмсая ақыры қолы байлыққа, бақытқа жетіп, патша мен бас уәзірге қызметін істетеді. Бұл дастаны арқылы ақын жақсы тұрмыс құрсаң, бақытты тұрсаң деген ең кара пайым адамдардын арман-тілектерін жырлап, олардын солай тұруға праволы екенін дәлелдейді; атак, дәреже дегеннің барлығы байлыққа байланысты, бағынышты, патша да алтынның құлы дегенге мегзейді.

«Ағаш ат» хиссасы революцияға дейінгі қазақ дастандарының ішінде ерекше орын алады. Өйткені, ол-қолдан қурал жасап аспанга үшсам деген адамзаттың абзал арманын бейнелейтін қазақ поэзиясындағы бірден-бір фантазиялық дастан. Мұнда да аспанга ұшатын «Ағаш атты» жасайтын қара бұқара ҳалық өкілі, еңбек адамы.

«Шеризат», «Жәмсал» дастандарының кейіпкерлері басқа болғанмен уақығасы, идеясы үксас. Екеуінде де хан артында қалған жетім балалардың тағдыры сөз болады. Хандар өздері өлер алдында, артында жас, біреуі құрсақта қалған балалары ер жетіп есі кіргенше хандығын, тағын, қазынасын ең жақын деген достарына — бас уәзірлеріне тапсырады. Уәзірлер хан досының өсістін бұлжытпай орындауға серт береді. Бірақ хандардың көзі жұмылсызымен бірі ханың екіқабат жессірін өлтіреді, екіншісі баланы қанғыртып жібереді. Екі дастаниның өнс бойында окушы уәзір-хандардың екіжүзділігін, зұлымдығын, караниеттігін «көріп» жиіркеніп, оларға жауығып отырады. Ақын окушы, тыңдаушыларына бейнеле бір «сен-

дер ақсүйек» деп «әуліне» тұтатын хандар мен уәзірлердің адалдығы мен адамгершілігі міне осындай» демекші. Бірак адамның бәрі бірдей емес, ел іші жақсы адамсыз да емес. Кезінде хан қадіріне жетпеген тұрмысы жұпны, өзі елеусіз, адап инетті адамдар болады. Міне сондай хандар опасыз уәзірлерден жәбір көрген жетімдерге кол үшін береді, көмек көрсетеді, олардын сау-саламат ер-жетіп елін табуына, дүшпандарынан кек алуына жағдай жасайды. Кейде Әсет жалпы адамгершілікті, уәдеге адалдықты уағыздаймын деп хандарды дәріптеп отырганын «байқамайды», оның үғымы хандық-білік тек белгілі топтың — хан тұқымының еншісі дегенге саяды. Алайда ақын өліммен байланысты қоңіл айткан бір өлеңінде:

Ас беру мактаи үшін надвишмық.
Тең болмас жалғыз аят-смызғанен...
Айтпайды аят-хадис сауда бар деп
Жолыгар жалғыз қазан рухпенен.—

ДЕЙДІ (жыр жинаққа кірген жок.). Бұл жерде ақын өліммен байланысты мал шашып ас беріп, салтанат, байлық салыстыру — мактандершілік, даражалықтан шыккан надандық сценін көрсетеді. Қазақ елдегі осы секілді ас беру, қалың мал алу, төрелерге бас ню сняқты ескілік-надандықтарды әшкеселу үшін ол өзі білетін діни «қагидаларды» — аят-хадисті пайдаланады. Кейбір қоңіл айту, жоктау өлнедерінен Әсептің дүннеге көз қарасы, философиялық топшылаулары елес береді. Ол бір толғауында дүннені опасыз айелге тенеңді. «Дүнне опасыз, оған алданба», «туғанга өлмек хак» дегендегі ақынның философиялық тұжырымы «байлық мұрат емес, жоктық үят емес» деген халық даналығын қуаттайды. Бірте-бірте ақыл-ойы, дүннеге көзқарасы қалыптаса келе Әсет алеуметтік мәселені көп сөз қылады, ел тағдырын ойлап толғанады. Оның бірсыныра өлең-жырлары елдік, алеуметтік мәселеге арналған.

«Мұнлы қыз» атты поэмасында қазак әйелдерінің тенсіздік жайын қозгайды. «Баласын бесіктегі аастырып» деп басталатын өлеңінде «жынысын малға сатқан малғұн мінез, осының есіқ болса обалын сез» деп замандастарына тікелей зіл тастаса, «Мұнлы қызда» кәмелетке толмаған жас балаға косакталған қыздың шерін өз аузынан шерткізу арқылы әлеумет санасына, сезіміне асер етпек болады.

Ақынды әсіресе, Қазакстандағы 1916 жылғы улт-азаттық көтерілісі, оның күшпен басылуы қатты төбірентеді. «Он алтыншы жыл» атты толғауында «Сарыарқада жайылған ақ мен малдай», «уақытты босқа өткіздік», «сағайынды кісіде береке (ынтымак) жок, ел болып кайда барып дүрысталдық» деп қиналады ол.

Өнер-білім білде жок, мәдениет,
Қысылақ аяқ асты жатқанымыз...
Пайдаласы дау, есек пей құлық, сұмдық.
Бұл создерді көледі жаттағымыз;—

дейді Әсет.

Ақын елді жайлаптанған күңшілік бақастық, пасықтық қылыштарды сынайды. «Ел бастаған корқау мен кортықты кой» деп болыс-білерден түңіліп, «сонғы жас сокпак із-деп жасандар топ» дейді, жастарға үміт артып өснет айтады, өзара ынтымакты, үйымышыл болындар дейді.

Калам тарт, қалма ғапыл, талаптанып,
Шыққанша шым мақсатқа азаптайып...
Базары өнер-білім ашылғанда,
Қатардан жатпа үйінде қарап қалып.—

дейді ақын жастарға арнаган бір өснет өлеңінде. Бұл жерде де Әсет демократ-ағартушы Абаймен үндесіп кетеді, жас буын жаңа қауымға: «ақыл-қайрат, өнер-білім, жігер-талап» үсынады.

Он алтыншы жыл уақиғасынан, патша өкіметінің жа-

залаушы отрядтарынан үркіп, үрейленген ауылдастарымен бірге Әсет Шығыс Түркстанга өтеді. Жат жерде де ол қазактардың камын ойлап, сөзін сөйлейді. Қытай әкімдеріне айтқан бір сөзінде:

Жеріміз кейін қаллы Еміл-Барлық.
Дүтындан¹ таңба қағаз алдық жарлық.
Бұтага қоргалған торғайдай бол.
Дам татып елдеріне келіп қалдық.
Соңықтан айтатұғын арызымыз:
Коныстық жер беріндер етпей тарлық.
Канша айтып жағымды жар етсем дары.
Бір ауыз адамы жок созді үгарлық...

деп ауып барған қазактардың арызын айтады. Ақын осы бір үзінді өлеңінде шетелде жүрген қазактардың «бұтага қоргалған торғайдай» кіріптарлық халін де өзіне тан шеберлікпен бейнелей кеткен. Өлеңнің сонында «канша айтып» зарласа да «бір ауыз сөз үгарлық адамы (басшысы. Б. А.) жок» елге барғанына ақын өкінеді, қынжылады. Өзінің среклеткен елін-жұртын сагынады.

Өкімет советский жақсы болды.
Корсетіп бұкарага тузу жолды.
Есітіп барып келген адамдардан.
Көз тойып, хабарына көңіл толды.
Халықтың тұрмысина шаттық етіп.
Дүгега біз жаямыз сирттан колды.
Бір болмай шаялғай жатыр ақылымыз.
Қайнұры жұмыс болсын ақыримыз.
Жылап жүр осы күнде ел сагынып,
Біз тұргай бала-шага, жақынныз,—

деп жазады ол совет слінде қалған туыстарына, жерлестеріне жолдаган бір сәлем хатында.

Туган елден тыскары жүргенде жазылған ақынның өлең-жырларының қайсысын оқысада та, тіпті дастанда-

Дүт — әкімшілік атак (қытайша).

ры да мүнлү, қайғылы естіледі. Бірінші рет Шығыс Тұркстанда 1945 жылы «Алтай» баспасында жарияланған «Салиха-Сәмен» дастанын алып қарайык.

Монголдың Ясуқей деген ханының жалғыз қызы Салиха Сәмен есімді жылқышы жігітке ғашық болады, алдын ала уәделесіп тауға қашады, үнгірге тығылады. Бірақ көп үзамай қолға түседі, ақыры қосыла алмай өледі. Позмада жат жерде өгейсіп, өз елін өксіп жүрген ақынның өз мүқын еске салатын өлең жолдары мен шумактары көп. Мәселең, катал, қайрымсыз әкенін қарауынан қашып шықкан Салиха алғашында өзі тығылған жартаска — «жат жерге тамашалап» қарайды, «біраздан соң ой түсіп...» «денесі кейде сұып, кейде жанады». Сол кезде қашқын қыз «жасаганга» былай деп жалбарынады:

Жәрдем бер, жан беруші жасаганым.
Жар үшін жас жанымды жазаладым.
Айрылып жалғыз түнде ел-жүртимнан,
Жапанды шыбын жанды тасаладам.

Күғиңшылар Сәменді қылыштап далаға тастап, Салиханы елге алып кетеді. Ауыр жараганып, қансырап қалған Сәмен есін жиган соң жәрдем сұрап монголдың бабасы Қекше әулнеге барады. «Дертіме тақсыр баба, дауа бер» деп аяғына жығылады. Бірақ әлсіз Сәменді әүлие де жарылқамайды,— керісінше атын алып қалады. Сөйтіп жарсұрағ келген Сәмен жалғыз атын айрылып, Ұланға— келген жагына жаяу қайтады. Бұл кезде Салиха өлген, Салиханың қабырының басына келіп өзіне өзі қаштар салып Сәмен де өледі.

Әсет Найманбаев Қытай жерінде жүргенде де өзінің сыншыл реалистік бағытынан айнымалған. Оның өлсенді жырларынан шетте жүрген бай-мырзалардың түрмис-халін, кіріптарлық күйін бағдарлау киын емес. Ақын шетте жүрген Маман байдың немересі Күдайбергенге айткан бір сөзінде былай дейді:

Маманиң ақ ордасы, ақ суаты,
Қоңсы қонып қалыпсы Оютага^{*}.
Елден ауса сұрама ерден акыл,
Алдыңымз Оютадан қандай баға?

Реалист акын туган елде «ак орда», «ак суат» атанған мырзага жат елге келіп алдекімге «қоңсы қонып» қалғанін көрсету арқылы туган елдің қадір-қаснетін есіне салады.

Қытай қазақтарының салты бойынша әншілер дауысын ашу үшін мұсатыр жалайды екен. Әсет абайламай мұсатыр орнына ақ алмас қабылдап содан уланып өлген.

Бұл деректі Әсерттің өлер алдында айтатын:

Алмасты мұсәтүр деп татып алдым,
Дерт шаянп тұла бойды жатып алдым.
Құдайдан тұра келсе арманым не,
Ажалды ақша беріп сатып алдым.—

дайтін соңғы сөзі де растайды.

Сейтіп Әсет Найманбаев Қытайда 1923 жылы 56 жасында қайтыс болған. Ақынның сүйегі Сайрамкөл дайтін көлдің жағасына қойылған.

Әсет өлер алдында Бітімші мен Тәтежанға: «Үш арманым бар,— дейді: бірінші — артында екі жетім балам қалды; қызымылды үзатып, ұлымды бастап-баулып ел қатарына қоса алмадым; екінші — өлеңдерімді баспа орнына бере алмадым; үшінші — сүйегім туып-өскен жерімде қалмады. «Уа, дарнға-ай» деп екі колын төбесіне қойып біраз көзін жұмып жатты да тағы да көзін ашып алды. Маган қарап: «Тәтежанға (әйелі Б. А.) салемде: тез орыс жеріне көшсін, екі баланы өз еліне жеткізсін!..» деді де адамзаттың бүлбұлы мәнгі көз жұмды».

Әсет орта бойлы, кара торы, кой көзді, дембелше де-

* Оюта — кісі аты жытайтын бір болысы (үкірдайы) екен.

нелі, етженді толық кісі болған. Құреске түскен күш не-
сі — палуан екен дейтін де сез бар.

Әдette ол үстіне костюм-шалбар, басына құндыз бе-
рік, сыртынан жазда жібек шапан, қыста ішік киеді екен,
калтасына сагат салып, ақ киім киуді, тәуір көрген.
Өлең айтканда басын шытпен (орамалман) мықтап та-
нып алатын әдеті болған.

Әсет Найманбаев тугалы жұз жылдан асты, қайтыс
болғалы жарты ғасырга жуық уақыт өтті. Содан бері
мын эндери мен өлең-жырлары дәуір сынынан еркін өтіп
есл аузынан түспей, халық жадында сақталып келген сы-
ры мен қаснеті — міне осында, ақындық шеберлігімен
бірге халқының, еңбекші бұкараның сезін сейлеп, мұдде-
сін жырлауында. Бірак бұл-акынның шыгармалары мін-
сіз деген сез емес.

Адам-атаның жаралуын толғайтын «Ешансанд имам-
га айтканы» дейтің жырында, «Токпак Мейірман қажы
өлгенде баласы Омур болыска айтқан көнілінде» ақын-
ның ойы діни угымдарға шырмалып, тілі араб, парсы
шілдерімен шүбердіңіп кетеді. Осы секілді діни тақы-
рыпты сез көлігінде Әсет шыгармалары өзінің реалистік,
өмірге жақасының асыл қаснетінен айрылып қа-
шады.

Сез талдауга, үйкас құруға әдette үста, үқыпты ақын-
ның кайсы бір өлең-жырларында үйкасы осал, магынасы
күнгірт түсініксіз жолдар, шумактар кездеседі.

Бір тәуірі ақын шыгармаларында мұндай ағат басқан
қате, кемшиліктер онша көп емес. Негізінде оның ойлы,
отты өлең-жырлары, шешен тілімен, шебер құрылсымен,
күшті логикасымен ерекшеленеді. Желілі айтыстары мен
дастандары қызық уакиғалы, кат-кабат тартысты, ка-
нармандары қурескер, кайраткер келеді. Ақын тартысты
ширыктырып, үдетіп, үнемі жақалап отырады; сезді
үнемделеп, сұрыпташ пайдалғанды. Айтылмыс ойын, уаки-
ғаның шешімін жұмбақтап, сатылада береді.

Сайып келгенде, Эсерт Найманбаев — сегіз қырлы, бір сырлы ақын, ері әнші — композитор. Оның өлең-жылары, айтыстары мен дастандары және музикалық шыгармалары халқымыздың әншілік дарынын, дааналығын танытқандай, үрпактар гибрат алғаңдай — асыл мұра, әдеби казына. Эсерт өзінің ақындық жолын қорыткан, көзіліндегі арманын ашқан толғауында:

Болжаусыз осы екен гой әлім деген,
Күн бұрын қоязға келіп көрінбеген.
Артыма ғөз қалдырымай ала кеттім.
Айқайға қайран даусым ерінбетен
Абайдай арт жағына сүз қалдырып,
Жаксы еді-ау, эттегене ай. олу деген.—

деп өкінеді. «Тұрмыстың тапшылығын тартып», «қатын-бала асырау қамымен» жүріп бір сөзі баспа орнына берілмегенін арман етеді. «Ішімде кетті-ау көп сөз терілмеген» деп, шыгармалары қағазға түспегенге ұмытылады-ау деп қынжылады, уайымдайды. Өйткені ақын өзінің өнерін «өлецім — жан жолдасым», «дертке дәрмес. көзілімнік гүлі»,— деп дүрыс бағалаган. Бірак артында елі бар, елі үшін сінірген енбегі бар ердің есімі ұмытылмак емес, ісі өлмек смес.

Эсерт артында жастай қалған ұлы мен қызының ережетіп, ел катарына косылуын арман қылған еді. Совет өкіметі өгейлік жетімдік көрсетпей, оларды өзінің мейрінді құшагына алды, азамат қып өсірді. Кожекесі жігіт болып Ұлы Отан соғысына катысты.

Эсерт арман қылған әдеби және музикалық мұралары да жарық көріп, жарияланып келеді. Енді қалың оқырман қауымға Эсерт шыгармаларын жинақтап, дербес кітап етіп ұсынып отырмыз. Әрине, бұл жинақ:

Арғынның, атын Эсерт арындаған,
Арындарап ән сала ма дарымаган.

Аспаниң айында эн шаяқтып.
Бұлбұлмын даусы кокте дамылдаган.
Көмекей көк қапасын әймен ашса,
Төгіліп жеруерт-маржан сауылдаган.—

деп Әсеттің өзі айтқандай «сөзі — жаңбыр, даусы — дауыл, әні — ескек», ақынның отыз жыл бойы тынбай, талмай жырлаган өлең жырларының, айтыс-дастандарының толығы да, тандамалысы да емес. Баспа мүмкіндігін ескеріп, бүрын жарияланып жүрген Рысжанмен айтысын бұл жинақтан алып қалды.

Әсет Найманбаевтың бұл түңғыш жинағын жүртшылық сүйсініп оқитына, оқыған сайын ақынды алғыс сезімімен еске алатына және кітап бұдан былай қалыптағай беретініне күмән жок.

Балтабай Адамбасев,
Филология ғылымдарының кандидаты



● Өлең-жырлар ●

БОЛЖАУСЫЗ ОСЫ ЕКЕН ГОЙ ӨЛІМ ДЕГЕН

Болжаусыз осы екен гой өлім деген,
Күн бұрын көзге келіп көрінбекен.
Артыма сөз қалдырмай ала кеттім.
Айгайға қайран даусым ерінбекен.
Абайдай арт жағына сөз қалдырып,
Жаксы еді-ау, эттегене-ай, өлу деген.
Ертең жазып, бұрсігүн бітірем деп,
Баянсыз тіршілікке сенуменен.
Қатын, бала асырау амалында
Кеттім-ау соган көніл бөлүменен.
Менен сорлы акын да өтті мс екен,
Бір сөзі баспа орнына берілмеген?!
Осымен өмір бітті, дәм таусылды,
Ішімде көп сөз кетті-ау терілмеген.
Тіршіліктे әрекет етпеген соң.
Сүйектен не шыгады кебіндеген?!

Жолыктым дәм таусылар уактысына,
Өлімнің мейірімсіз қаттысына.
Ажалды акша беріп сатып алдым,
Кездесіп надан елдін бақсысина.
Ажал ма, арманда ма қалайша өлем,
Білетін дәрігердің жоқ жаксысы да.

Алмасты мұсәтір деп татып алдым,
Дерт шалып өше-бойды, жатып алдым.
Күдайдан тура келсе арманым не,
Ажалды акша беріп сатып алдым.

Алашқа атын шыккан Эсет ақын,
Өлеңім — жан жолдасым маған жақын.
Аныраган аспан-көкке асқақ үнім,
Саған да уакыт жетті карлығатын.

Бозбала, осы әнімді үйренерсін,
Ыргакқа келтіре алмай күйзелерсін,
Асау ән жетегіне жүрмелеген соң,
Біріннен бірін көріп сүйрелерсін.

Ішінде өсіп-өндім Қызай елдің,
Жерлерін Күнес, Текес мекендедім.
Дүнненін қызығына тояттамай,
Көз жұмдың, бакыр Эсет, бітті демін.

Өлеңмен атақ жайдым он мен солға,
Бір алла, сапарымды өзің онда.
Дертке дәрмен, көнілімнің гүлі болған,
Осы өлең адастырды-ау ақыр сонда.

Ел жүртүм, аға-іні, көңіл қосым,
Бәрібір мейлі дүспан, мейлі досым.
Артында тірі қалған үлкен-кіши,
Бәріне актық осы айтқан «кошым!»

АРГЫНЫМЫН, АТЫМ — ЭСЕТ АРЫНДАГАН

Аргынын, атым — Эсет арындаған,
Арындағап ән сала ма дарымадаған.
Аспанның аясында ән шалқыткан.
Бұлбұлмын, даусы көкте дамылдаған.
Көмсекій көк капысын әнмен ашса,
Тегіліп меруерт, маржан сауылдаған.
Түлпармын топтан озған, тосырқаман,
Шаршы топ, қарсы өрім жок шабылмаған.
Жорғамын жүрттап озған жортарманнын,
Майдамын, майда желіс мамырлаған.
Жүртүмнүн аса топыр жиынында
Бүгінгі ән адыра қалсын салынбаған!..

Тауық боп тары тердім Найман шалдан,
Найман шал — айы туған майдайшадан.
Үйректей, қаздай калқып жүрмін жүзіп,
Кел-елде, көп жүртүмда қыдыр шалған.
Ертіс, Сыр, Есіл, Іле өзендерім.
Тау өтпес Тарбағатай, Тянь-Шаньнан.
Ми дала, менірсү шөл, күміс көлдер.
Мекенім, ертеде елім ірге жайған.
Құм қыстаяу, өлке көктеу, өзен күзеу.
Жайлауым — жалпақ дала карлы таудан.

Ойда орыс, өрдө қытай қоныстасым,
Аулым бар Ауганға да таяп барган.
Желғабыз, сол ортаниң заржагымын,
Толқытып тоқсан бунақ әнге салған.
Асқақ ән аспанға өрлеп, аскар тербеп,
Күніренткен сар даланы күндер жалған!
Ән күмар әлеуметім анталап түр.
Сайра тіл, аныра әнім, інжу-маржан!..

Ән салсан, Әсеттей сал әсемдетіп,
Коздырып делебені дәсерлетіп.
Шырқатып, шығандатып, шалыктатып,
Шашшытып, шұмектетіп, нөсерлетіп,
Талдырып, талықсытып, тамылжытып,
Оргытып, орагытып, басқа өрлетіп.
Самгатып, санқылдатып, сар желгізіп,
Үрнитып, өршелентіп, бәсендетіл.
Серпілтіп, сумандатып, сексен ыргап,
Қырық қарпып, тоқсан толғап, бес өрлетіп.
Каркынды үн-кан қайнатып, жүрек жұлып,
Жан жалмап, қоңіл тербеп, асерлетіп.
Сүйе бер, суырылтам ән сұлуын,
Тілін бал, сілекейін шекерлетіп.
Сараіым — саба, құям пісіп-пісіп,
Койдырман ән қымызын ой кернетіп.
Сөз — жаңбыр, даусым — дауыл, әнім — ескек,
Ойнактап басылайын аз жедетіп.

• • •

Жігіттің жігіт болар бейнесінде,
Күш-қайрат өнер болса қеудесінде.
Жұйрік ит, қыран бүркіт, түзу мылтық,
Байлаулы бәйге ат тұрса кермесінде.
Гармоны, домбырасы сайрап тұрса,
Тағылған түзу келіп пернесінде.
Күлім көз, оймак ауыз жары болса,
Лайық жақсы жауап сойлесуге.
Ас қазан, орта шарқы, жақсы үй болып,
Шакырса ерік қоймай келмесіне.

ЖАС ЖІГІТ НАДАНДЫҚПЕН АЛДАНАДЫ

Жас жігіт надандықпен алданады,
Атакты адам деген малданады.
Байкамай пайдасыздық жолына еріп,
Жолынан өнер-сымбат құр қалады.
Сұлу ат, келте кім, керім-кербез,
Сүйініп сипатына таңданады.
Пысықпын деп көп сөйлем мылжың болып,
Ант ішіп бір сөз айтса қарғанады.
Шүғыл мінез, сүмпайы, сөзі әдепсіз
Біреумен калжындасса шамданады.
Өтірікке өлтегіше шебер болар,
Сүйкімсіз мінезденең занданады.
Торғай жеп қыран бүркіт тоят алмас,
Опасызға кайтсе жүрек жалғанады.
Өз ойында пәспін деп кім санаулмақ.
Мен надан деп айтуға арланады.
Жылпын сөз, күрсөн қабак, сып-сырганак
Біреуді алдаймын деп карманады.
Ақылдының сөзінде жұпары бар,
Рұлыммен тән тазарып жанданады.
Окудын түзетпейтін адамы жок,
Караңғы мінбарларга¹ шам жанады.

¹ Мінбар (арабша) — көңсө мекеме. Б. А.

Ақылды, аз ашулы, көп пікірлі,
Пайдалы насихатты аңгарады.
Жаманың қөрпесінің өлшеуі жок,
Элбетте, артын білмей панданады.
Аман жүрт бір айшттан табылар ма,
Ақыл, көзбен карасақ хан-караны.
Білімдінің азығы шикі надан,
Оқымай қайдан жазсын бұл жараны.

ЖАМБЫЛ ҚАЙДА?

Болғанда ақыл ойда, сымбат бойда,
Тұра ма ақын қарап мұндай тойда.
Үш жүздің азаматы бас косыпсың,
Менімен айтысатын Жамбыл қайда?

Мен Әсет карсы шаптам атқан оқка.
Хан, кара сөз сөйлемдім шаршы топта.
Ақының мен айтысар көрінбейді,
Бір нәрсе, қызай қалпак, сенде жоқ па?

* * *

Жан-Фани дүннеден ақырды өлмек,
Аш-тажал сау басына бір күн келмек.
Шаршама, шатак жүрме, шарыктама.
Жарамас өнімсізге көніл бөлмек.
Опасызга ойынды ондап бөлме,
Қаскынп мактан ізделеп қакпа қөлбек.
Дос та көп дүшпанинды азайтушы,
Бірінші тірлігінде үлкен селбек.

Қайырсыз надан болма іші білмес,
Пан болма жуан қеуде көзіне ілмес.

Біліп қылған қылыштың айыбы жок,
Пікірің парасатқа болса тілдес.
Досың мактап, дүшпаның сұйінеді,
Сөкеті жоқ мінезге ешкім күлмес.

Білімдінің қылышы мұндай кенес,
Жені келсе мойынсы, қылмай егес.
Түзуіне төтелеп тура жүру.
Жәнді іске теріс лагып бален демес.
Әр пінденің басында әр түрлі іс бар.
Табылған барша жүрттан үшпү кенес.
Егерде жүргегінде талап болса,
Корғанбай көкке үмтүл, бойды тенес.

Ойсыз көз көрмек үшін үнілмейді,
Өнерге салак адам шүнілмейді.
Алтын, мыс айырылмысы нышаны бар.
Құмай, бүркіт болғанмен түк ілмейді.
Гаунардың жасықпенен паркы бір ме.
Болат темір егеуге үгілмейді.
Катерінді капудан ката ойлама.
Бахидың демі түзу уілдейді.

Абайла, адамзаттың ісін қара,
Сұйінбе сыртын көріп, ішін қара.
Жаксы, жаман дейтуғың макалдар бар.
Сыртың ағың онбайсың, ішің қара.
Кай уакытта болса да адам озбак.
Ілгері озып шықпак ісі пара.
Білер менен білместің мазмұнына,
Айырмакка парықын үшін қара.

Жабыга жал біткенмен тұлпар емес.
Ақымак асыл сөзге іңкәр емес.
Жапалақ жүні қызыл болғанменен,

Қаз ілер айдын көлден сүңкар емес.
Дос қандай, дүшпан қандай, алыс қандай,
Жан ашымас ашылса қымтар емес.
Құдірде күні бойы үзай берме,
Кезінде кеңімей ме тым тар емес.

Бул нұсканы ойласаң қылып парық.
Миляның қекейінде көзі жарық.
Ақымақтың белгісі адыр мінез,
Білімдінің даңқы зор, өзі гаріп.
Бәлки бір күн есеге қолы жетсе,
Пайғамбарлық алғандай өзі барып.
Байқамастан байыбын бастанады,
«Мен ілгері оннан» деп сөзі нарық.

Тамшылат мұнан надан алмайтұғын,
Жаксыға бұл жұмыс па салмайтұғын.
Қазактың жас талапкер бозбаласы,
Бәйгеден жәһәт¹ керек қалмайтұғын.
Бір сөзбен өлсөң дагы болу керек,
Бала емес жүрттың бәрі алдайтұғын.
Кан түсер аяғыңа ақыр бір күн,
Жел жетпес тұллар болсаң шалмайтұғын.
Ажал деген батыр бар, аял бермес,
Қара жер жалмауыздай жалмайтұғын.
Рылым деген иманың бір кілті бар,
Кемедей дарияны жалдайтұғын.
Қызыл тіл, қиуыңмен бір қимылда,
Кез болдың азаматка тындайтұғын.

¹ Жәһәт — іждаһат.

* * *

Көр болмас зерек адам ақылы бар,
Халықтың тентегі мен макұлы бар.
Бос қоймай әйелден де аз сөйлейін,
Оның да есірік-есер қапылы бар.
Қатармен бір калыпта жан жараптайды,
Бөлінген әр шәһінта ата үлы бар.
Мінезі гүл күрбылас қызы-келіншек,
Бүл жерде әр жауаптан қатылы бар.
Сұлұлы неше қысым әйел затты.
Қайыбының заһары мен батылы бар.

Сұлудың бір фазылы әне сондай,
Зиңиңи, караңғысы емес ондай.
Салмақсыз салдыраган кейбіреуі,
Жанбырлық сұы тиіп каткан тондай.
Билігін берекелі болса көркем,
Басыңа тұра алмайды бакыт конбай.

Сұлудың әдептісі, жасығы бар.
Өсекші, бай жануга машығы бар.
Бәкізе бап-байыпты майықсан гүл,-
Арамнан әрі тұргуышы қашығы бар.
Қылымсыған беті сұлу, қызыл жүзді.

Сатпак кір нәжістен де пасығы бар.
Айнамен өзін көріп, көзін көрмей,
Панлықтың жүргегінде сасығы бар.
Айткызбай зыр жүгіріп қызмет қылған
Гауһардаң бұл женгейдің наслілі бар.

АДАМНЫҢ ЖАСЫ ЖӘНІНДЕ

Атага бес жасында құлышнайдайсын,
Көздің нұры, көнілдің буындаійсын.
Он жаста мый қатпаган ақылсыз кез,
Жақсылық, жамандықта үрынбайсын.
Он бесте бір отауга не болып,
Болдың деп мен де жігіт қырындаійсын.
Қанжардай қайрап алған жынырма бес,
Айт пен той асыл болсаң туындаійсын.
Отызда ойлы болар кемел жасын,
Қыркында қүнде қылыш сұрымайсын.
Елу жас екі жастық тап ортасы,
Бар болса ескі күштен сұрымайсын.
Алпыста самай-сакал бәрі ағарып,
Жас қүшің еске түсе жымындаійсын.
Жетпісте жас баладай желік бітіп,
Орынның түскен тістің тығындаійсын.
Сексенде селкілдеген шал боларсын,
Өлімге басынды изеп шыбындаійсын.
Тоқсанда толық мнын орта түсіп,
Адамның айтқан сөзін үгынбайсын...

ФЭНИ ДҮНИЕ

Айыпқа тындаған жан алмағайсыз,
Кызыққа тіршілікте қанбағайсыз.
Бұл дүнис бояп қойған бір шүберек,
Болад деп фәни жолдас қанбағайсыз.
Ажал бар егер болсақ аллаға құл,
Сиякты байсыз қатын бұл дүнис тұл.
Дүнисені біреу өлсे біреу алар,
Оңғагын бұл фәнидың осыдан біл.
Халықпаз жер жүзіне кезек келген,
Атаң Адам, науанадан гибрат қыл.
Сүлеймен, Зұлқарнайын патша қайда,
Болыпты тәні шіріп, сүнегі құл.
Иесі екі ғалам нұр Мұстапа,
Фәни мұлік болды ма соған да бұл.
Қаһарман Рұстем дастан қыран да өткен,
Айрылар бір күн жактан буынсыз тіл.
Алланың арыстаны Ғали Хайдар,
Казадан күтылды ма мініп дүлдүл.
Барша үмбетке жәрдемші шаһар жарлар,
Айырган қылдан қылышқ талай бұлбұл.
Жазылған боз Балага бұл хикаят,
Бір мың тоғыз жұз үшінші жыл.

**Тауарих осылайша таратады.
Сөз түбі терек ғажап Дария — Ніл.**

Аспанға ғайып болған хазірет Гайса,
Жазылған оған тағдыр осылайша.
Көзден нүр, мидан ақыл, бойдан қуат,
Дәрмен жок жастық дәурен бізден тайса.
Ақынның осы айтылған тәржімесін,
Білгендер мағынағып жүртқа жайса.
Қаңғыдық аш құланша дүнисе кезіп,
Кек шалғын табылар деп кайдан майса.
Жалғаның аз тоятын көптей көріп.
Қызықтық торғай қуған тұрымтайша.
Кеудемде асыл сөзім шірімесін,
Малдан зекет бермеген надан байша.
Құнейің таразыда ауыр тартып,
Үят сол періштелер көзінді ойса.

Жалғаның бар қызығы базарға үксар,
Жалғанши жанды алдағыш сулуға үксар.
Асыл кнім, семіз ат, сұлу қатын
Алғызып кетер күні бір-ак мықтар.
Жан шығарда болмайды көрген түстей,
Көрсөн де тіршілікте не қызыктар...
Ағалар, елмеймін деп ойламақыз,
Жазылған тағдыр ғалам бір сызық бар.

ӨСИЕТНАМА

(ҰЗАҚ ЖЫРДАН ҰЗІНДІ)

Қалам тарт, қалма ғапыл, талаптанып,
Шыкканша шын максатқа азаптанып.
Еріншек үйкі-жалқау, кейін тартар,
Жасайды гылымсыз жас салақтанып.
Жауын бар өз бойында андып жүрген,
Сайлап ал, оған қару жарактанаң.
Өзінді білім менен білетіндер,
Секілді қыран бүркіт қабактанаң.
Базары өнер-білім ашылғанда.
Катардан жатпа үйінде қарап қалып.
Бос белбеу, босаң туған бай баласы,
Махрум сыбағадан миңапталып,
Қайғысыз хайуанша қайран қазак.
Жастары жамандықпен аяқтанаң.
Өтірік, үрлық-зорлық қыннатка,
Жақындал «ыбылыска» таяп барып.
Дүниеден нам-нышансыз жөнеледі,
Тағдырға хайуанша қарақталаң.
Ақыл-кайрат, өнер-білім,

жігер-талап,

Дүние осылардан сабактанаң.

Барады өмір етіп секунд сайын,
Өткенді өкініш қып не қылайын.
Қозі ашық, көнілі ояу жастар үшін
Халыктың айна етіп жаздым жайын.
Бай құмар, сайлау болса, шен алмакка.
Болыс бол үш жыл тұрып дем алмакка.
Қайратын, халал малын сарып қылып,
Парадан, үрлек-зорлық жем алмакқа.
Сабылтып ат-айғырын, ақша шашып,
Қыдырар екі-екіден ел алмакқа.
Айтсып аруақ-құдай, ант ішеді.
Сонда да қазак осал сене алмакқа.
Ағасы, ішісінен екі айрылып,
Сагады туысканын он жармакқа.
Сайлауға ат таппаса, өгіз мініп.
Бай түтіл кедей құмар бір бармакқа.
Ақиқат адам құны ақша болып,
Таласар елу басы шар салмакқа.

• • •

Айт болса молда бәрар байларына,
Ішуге тұшы паміл шайларына.
Қыдырып баймен катар аят оқып,
Бармайды кембагалдың жайларына.
«Ла такпату мен Рахметолла»,
Деген аят түбінде пайдалы ма?!

Көркем қыз көніл ашар дүнне балдай,
Қалған жок ерек кісі бір-бір алмай.
Қаяусыз катты сүйіп махаббатпен,
Қайтысты, дәнемені тыидыра алмай.
Өзінді сүйгеге дүннең сындырады,
Кетерде бір қайрылып көзін салмай.
Жалаңаш, іш көйлекпен көрге тастап,
Іс бітті, жан шыкканда болдың қандай.
Өлмек қак, тумак рас, өзекті жан,
Барабар ажал, бесік жоқпен барға-ай!..

ҚАРАҚӨЗ

(I-түрі)

Қарасындаң көзімнің сәулем едін,
Бастан кешкен баяғы дәурен едін.
Күндіз естен кетпейтін, түнде түстен
Басымды не сиқырмэн әуреледің?

Занғар тау сенің бінік қарауылын,
Бөлекше әсем екен жаралуың.
Күндіз естен кетпейсің, түнде түстен
Денесе жүректе қан таралуын.

Сагынышты қонілім болды алан.
Болса да саган жетпес қандай бағлан.
Малсыз, бақсыз, себепсіз сіздің дертің,
Бұған шипа, япышмау, қайдан табам!

Қалмады дең саулығым бір сені ойлап,
Мен жүрмін сагынғаннан судай қайнап.
Не қылса қосылмакты ойлаушы едік,
Тәуекел дариясына басты байлад.

Қайрымасы:

Қара көз сәулем, көз көрген,
Түн үпкысын торт бөлген.
Шакырганда бармай қап.
Сүм басыма сөз келген.

ҚАРАҚӨЗ

(II-түрі)

Қаракөз, қайда сенің ыстық күнін?
Дүниеде ғашыктықтың дерті кын.
Кешегі жырыма бестің базарында,
Болушы ед қалқам аулы күнде жын.
Қайырмасы:

Қара көзің-ау, сүзілген,
Қыпша белің-ау, үзілген.
Ауыздагы отыз тіс
Ақ маржандай тізілген.
О, қаракөз қалды-ау кейін, ра-рай,
О, шіркін, уайым жедім-аң!
Қарагым, сен де ак мандай, мен де ак мандай.
Арасы екі ауылдың шам жаққандай.
Кешегі жырыма бестің отті шағы,
Не керек өтіп барад күн батқандай!
Қайырмасы.

ӘСЕТ

Әуелетіп ән салса әнші Әсет,
Аккуменен аспанда жер тілдесед.
Сағынбасқа не шара!
Дауылдатып тұнықты шыккан даусым,
Жүргімнен күніреніп желдей есед.
Сағынбасқа не шара!

Қайрымасы:

Інжу-маржан секілді,
Бір көрейін көркінді.
Гүл майысып, гүл жайнап,
Бір көрінсек еркем-ай!
Сәйпіл-Малік, Жамалдай,
Бейнетіке қонсем-ай!
Козы Қөрпеш — Баяндай
Бір молада өлсем-ай!

Әсеттей сал, ән салсан аныратып,
Орман, тогай, өзенді жамыратып.
Сағынбасқа не шара!
Арқыратып, ағызып ән нөсерін.
Толқынымен жүректі жадыратып.
Сағынбасқа не шара!

Қайрымасы:

Әуелетіп ал жібер Әсет әнін,

Шарықтасын, шомылсын әнге тәнім.
Сағынбасқа не шара!
Ақкудайын айналып айға қонып,
Лымаласын, куансын әнші жаным!
Сағынбасқа не шара!

ҚИСМЕТ

Салайын сен сал десең «Қисметке»,
Шарықтап дауысым шықсын аспан-көкке.
Төңкерілтіп төгілте бір шырқайын,
Сөйлеу бізден, міндетті тыңдау көпке.
Арғын, найман сүйінген дабысъыма,
Эсет салған ән десін арғы бетке.
Азырақ білгенімше сөз сөйлейін,
Кате болса, ағалар, айып етпе!

ШАМА

Жамагат, сен тыңласаң айтайын сөз,
Адамның біреуі алтын, біреуі жез.
Эркашан жолдас болсан, жаксымен бол,
Баганды кетіреді кор менен ез.
Бұлгактап асau кердей жүргенменен,
Алдында күрүлү түр бір қайын тез.
Қызыл гүл иранбагы көшер бір күн,
Жаманнан шаман қелсе бір күнде беz.

ГАУҢАР ҚЫЗ

Көк шалғын жердің жүзі жайнағанда,
Басына бұлбұл қонып сағрағанда.
Қойдан катық, сиырдан айран үйтүп,
Тыста күрт, үйде ірімшік қайнаганда

Көшкенде екі-екіден әнге салып,
Жиналышп жастар жылқы айдағанда.
Ел конса күрық алып шырқ ніріп,
Биені үйге бөле байлаганда.

Кайырмасы:

Әуеде шырлар боз торғай,
Қалкам қалды-ау зар жылай.
Әй, ей, сәй Гауңар қыз,
Алма мояның қоңыр қаз!

ҚЫЗЫҚ-АП. ШІРКІН!

Қыздырап қымыз бис байлаганда,
Бал татыр бағлан еті шайнаганда.
Пендеге табылмайтын бір ганибет,
Қвк орай шалғынды өзен жайлғанда.

Алма бет ауырганда албырарсың,
Кара көз жал бергенде, а шіркіп,
жаудырарсың.
Майыскан жез кармақтай он саусагым,
Астында кара жердің саудырарсың, аһ угәй!

Қайырмасы:

Халила... ау, у-ай,
Халилаки... кіддай.
Мәжнүн, дидаку қалкам,
Қызық-ай, шіркін, Ахахай!

МАҚПАЛ

Хал қайда мен дүшпанимен алысарға,
Ат қайда жүйрікпенен жарысарға, ай-ау!
Жайлайға ел кондырып, кой қоздатып,
Күн қайда қыз Макпалмен, ай-ау, табысарға.

Макпалга айттым сәлем шын зерек деп,
Халқынаң асып туған бір бөлек деп, ай-ау!
Көйлектің көк атлас жеңін жалмай,
Алдынан шықса Макпал, ай-ау, сіз керек
деп-ау!

УжмактЫң бір шүгыласы түскен ұқсас,
Дидарын көрген адам болады мас, ай-ау!
Өзенге ағып жатқан бір шомылсан,
Бойыңда гүлденбекен жерің калмас.

Ел-елдің іздемеген салы қалмас,
Мойныңда ат-айғырдың жалы малмас, ай-ау!
Тағдырда хақ жазылған болса егер,
Макпалды менен өзге, ай-ау, сүкім алмас-ау!
Қайыр масы:
Халилілім ай-ау... ай-ау.
Халилаллау... ау!

ӘСЕТТИҚ ҚАНАФИЯСЫ

Күс салған, о да өнер — мылтық ату,
Жігітке бекер болар карап жату.
Жақсының жұрген жері күн де базар,
Ән салып екі-екіден дуылдату.

Құдайым, айналайын, ондайтұғын,
Қыран құс Қырымдагы болжайтұғын.
Әркімнің ойнап-күлер тұргысы бар,
Карға ұшып қаршыга орнына қонбайтұғын.

Болғанда атың жарау, биен кату,
Көк қаршыға кел бойында сырылдату.
Қайтқанда канжығана қаз байланып,
Алдыңнан «саяға» десе шығып тату.

Актангер тау құланы ағылмайтын,
Інжу жас қара бұлға сатылмайтын.
Сондагы қырмызының тал жібегі
Косқанмен кой жүніне қатылмайтын.

«Көз мерген, көніл мылтық» деген сөз бар,
Кезікпей кезектісі атылмайтын.
Айнымас айтқан сөзден асыл жандар,
Дүшпанга сырын да айтып шашылмайтын.

Басында Қаратаудың бір топ арқар.
Аккан су жоғарыдан сайга сарқар.
Осы әнге шаттандырып салғанында,
Көкілімнің қайғы-шері сонда тарқар.

Басында Қаратаудың бір топ мия.
Көлінде әнишіл жігіт гармония.
Осы әнге шаттандырып салады екен,
Баласы Басықара Қанафия.

Домбырам күйге келмес бұраганмен,
Жаманнан ақыл шықпас сұраганмен.
Әркімнің күліп жүрер құрбысы бар,
Жараспас қундыз-құрым құраганмен.

ӨТЕПБЕРГЕНГЕ

Раушан атқан таңың жарығындай,
Өткір тіл Дағыстанның шарығындай.
Жаупқа қалап айткан тілім тәтті,
Кәусардың ағып жатқан арығындай.

Алтын да алтын, мыс та алтын, қола да
алтын,
Көнілмен толтырганмен бола ма алтын?
Жақсының бір мінезі осындаңда,
Жүзіктей қолға салған оралатын.

Жау тонаса жарымас жарғақтыға,
Ғазиз айтсам жарасар салмақтыға.
Бозбала, саған айтқан өснетім,
Жолама сасық қолтық күн қақтыға.

СҮЙЕНГЕН, ЖАНЫМ СҮЙГЕН ЖАЛГЫЗ ӨЗІН

Сүйенген, жаным сүйген жалғыз өзін,
Ешбір ой иистім жоқ басқа бөтен.
Жолыңда бүгін өлсем арманым жок,
Ку жанды сенен қалып нендей етем?

Бір минут көре алмасам түрғым келмей,
Дарига, құзырыңа қайтсем жетем!
Қанжардай бауырымды қайғы тіліп,
Басымда бұл жарадан өлмей иетем.

Тіршілік сізден соңғы керегі жок,
Ойдагы жалғыз мақсат сізді күтем.
Мен сендік жалғыз жаным бойда болса,
Жаратқан жар болар деп уақыт күтем.

ҚЫЗ АРМАНЫ

Құдай-ау үл етпедін, қыз еткенің
Қайғы мен уайымнан құр етпедін.
Сарғайып күні бүрнің жүрсем дагы
Арманға көңіл шіркін бір жетпедің

Ата-анам асырап ең алып колға,
Мінекей жасым келді жанада онға.
Экемді қүнде біреу жағалайды,
Калың сор, нәсіп емес маган о да.

Мал десе жанын сатар әкем жарлы,
Бола ма малды кирсе кедей арлы.
Шерімді ішімдегі токтатайын,
Өтіпті менен бүрнің талай зарлы.

Қиуа, Айша жастар о да өткен,
Зар жылап Загила қыз зорға кеткен.
Разия, он үш жаста Құнткан, Жамал
Олар да әділестсіз жолға кеткен.

Барғаны Кенжекқызың катын үсті,
Істеді сорлы бейбақ не қылмысты.
Көзінің аккан жасы кімге батар.
Үкімет көрмей ме екен мұндаі істі.

Мал болса шалға катын табылады,
Желігіп токал іздеп қагынады.
Сенгені үкіметтің судья болса,
Оған да бір карасы жалынады.

Алты қой болысна болды тығын,
Бір тоқты шабарманға шықты шығын,
Арызын тыңдайтұғын еш адам жок,
Айтады шагып бұлар кімге мұнын!

ТӘТЕЖАНГА

Жігіт бар жілітте де егеу-алмас,
Жігітке қыз жаманы көзін салмас.
Сөйлескен азаматтар бара берсін,
Біреуге бүйрганды біреу алмас.

Жігіттер, қырындай бер актан киіп,
Онымен мәртабаңыз болмас биік.
Ақ қоңіл, алып берен болсаң ашық,
Сонымен даңқың шығар халқың сүйіп.

Қыз деген бір қызыл гүл сатылмайтын.
Тәттің бар кей жаманға татылмайтын.
Әркімнің алатұғын ақы басқа,
Лайық ақ табылмай атылмайтын.

Гүл белің тал шыбықтай бұрандайды.
Жан балқып, тән жібімей тұра алмайды.
Жарасқан әзіліңе жар болмаса.
Күндызға құрым киіз құралмайды.
Су моншақ меруертпен тізілмейді.
Жапалақ үйрек үстап, каз ілмейді.

Қыз деген ол бақшаның қызыл гүлі,
Кымбатты магазиннің асыл пұлы.

Бұл сөзді білгіш болсан болжап ойла,
Примере¹ бұл тамаша сөздің сыны.

Жақсы қыз бақшадагы сандуғаштай,
Кетеді ғұмырының кілтін ашпай.
Жазғаның бір-ак ауыз жұмбак екен,
Дәл шешітік жұмбагынды жаза баспай.

Хат жаздым қалам үстап сәулем сізге,
Болады жігіт құмар нұрлы жүзге.
Кісідей жаман-жұман жалтақтамай,
Шырагым, жақсы жауап берші бізге.

Физатлу хат жазамын жамалыңа,
Жетпейді эсте көзін амалыңа.
Құрбым деп нәсілім тенденс хат жазамын,
Тигізбе қатты жауап назарыма.

Сәлем де қайта-қайта пернзатқа,
Сана ма сәулекізді бөтен жатқа.
Шырагым, атыңды атап хатқа салсан,
Қалармыз жүрт өсегі — жаманатқа.

ЖАҚСЫ ӘИЕЛ

Аккұба катын болса бойы сұнғак,
Қызметке шақырғанда тұрса зымғап.
Дауысы «әү» дегенде әрен шығып,
Кеудесі енкейгенде етсе бұлғак.

Қара қас, жазық мандай, қара көзді,
Дауысы жіп-жікішке, жұмсақ сөзді.
Мінезі майды еріткен қорғасындаі,
Көрсек де ертелі-кеш бір мінезді.

Жұзінің ағы аралас қызыл бетті,
Жалған сөз сөйлемейтін адап инетті.
Ак тісті, үзын шашты, пісте мұрын.
Ауызы ақыл сөзге тым-ак епті.

Салалы он саусагы, кеуде жазық,
Жінішке бір-ак тұтам белі нәзік.
Еріменен бұралып күле сөйлеп,
Әдеппенен жығылып кете жаздал.

ЖАЗ

Жаз шыгып жаманшылық жоғалғанда,
Тал гүлдеп, шалғын өсіп оңалғанда.
Бұлдірген, каракатпен тереміз деп,
Сай-сайға қыз-келіншек жоғалғанда.
Бір кырлы, сегіз сырлы бозбалалар,
Ғашығын іздең табар со барғанда.
Оларға тал шымылдық, шалғын төсек,
Басына жастық болар томар да онда.
Әзінің халал жары болмаса да,
Бір-бірін көре алмаса со да арманда.
Жігіттің бір құмары осы дагы,
Армансыз кім өтеді бу жалғанда...

ТӨРТКҮЛ АҚБОЛАТТЫҢ БИІ КӘРІПКЕ АЙТҚАНЫ

Күн қакты сүр шолақсың шыр бітпеген
Кісідей өрт өшірген тұр бітпеген.
Араққа апнынды езіп ішіп,
Бір кусын мал-басынды өрбітпеген.
Асаудай аптық басып орындайсың.
Күр сөзге құнары жоқ жалындайсың.
Терідей сабын жаккан жылп-жылп етіп,
Шіркін-ай, қойған жерден табылмайсың.

ҚАРАҚҰРСАҚ КҮШІК БОЛЫСҚА АЙТҚАНЫ

Қаракесек ет едің қазы болдын,
Қаракұрсак ел-елдің азы болдын.
Жерінде қорага үрмес төбет едін.
Бұл күнде мұнда келіп тазы болдын.

ҚЫЗЫР ТӨРЕГЕ АЙТҚАНЫ

Төрт найманға тартқаны бір жауырын,
Мына жаққа тартыпты бар тәуірін.
Төреден де әділдік кеткен екен,
Бізден де жаксы көрді гой өз бауырын.

• • •

Жасболат, кісі-ақ едің алшактаған,
Бұл күнде борсық болдық ін сақтаған.
Жерінен ауып келген он екі бай,
Сай-сайдық саласында жан сақтаған.

Асуға ат шықпайтын арба шығар,
Қыранды қанды балақ қарға жыгар.
Бұрынғы копа бұзған қабыландар,
Коргалап қоян көрсе шөпке бұғар.

• • •

Баласын бесіктегі атастырып,
Артқы дауды қояды шатастырып.
Ол бала өледі ме, өседі ме.
Қарлығаштай қылменен матастырып.

Жынысын малға саткан малғұн мінез,
Осының есің болса обалын сез.
Нанбасан аят сезін авайландар,
Сауданың бәрі харам көрмесс көз.

СЕҢІСПЕЙ ҰАҒДАЛЫ СЕРТТЕН ҚАЙТПА

Сеніспей ұағдалы серттен қайтпа,
Талаптың атын артып тізгін тартпа.
Дүннеде сүйгенің бар, күйгенің бар
Әрі сүй, әрі күйін — біреуге айтпа.
Сасқанда санасыздан ақыл сурап,
Есекке өгіз гой деп жүгінді артпа.
Есерге ескерусіз сыр сактатып,
Өкініп, аузың күйіп азап тартпа.
Жылымды қолде жатқан жол деп ойлап,
Жүремін деп шыға алмай суға батпа.
Анық жаудық жүргегі аршылмайды,
Бал берсе де байқамай істемейді.
Берер деп алданып күр қарап жатпа.

ҚЫЗЫ СӘМӨГЕЙДІҢ ЖОҚТАУЫ

Бұлбұл боп туган аға-екем,
Жалғанда сені көрем бе?
Тұғырдан үшқан ак сұңқар,
Кез болдық келмес теренге.
Ойымда менің бар ма еді
Айырлам деген сенен де.
Шығам деп талап етіп ен,
Күн шалған биік беленге.
Кулаштап қолын созғызып,
Жеткізбей кетті-ау дегенге.
Тетелеп тиіп ажал оқ,
Көлденен согып өлерде.

Қанатын қагып балапан,
Ұша алмай қалды-ау үяда.
Биікке шығып кара нар,
Түсे алмай қалды-ау қияда.
Жалғыз да балаң жасартып,
Жаңғыртып шаруа жияр ма!
Жарық боп түрған жалғыз көз,
Кирадын сынып пияда...

Алғынан түшіл слісен,
Ак сұнқар үшты-ау көлінен.
Карға адым жер баса алмас
Ажал оқ тисе белінен.
Қызыл гүл үшпай тұрар ма
Қазанның катты желінен.
Қайран елі айрылды.
Камал бұзған ерінен.
Орын, мәнсап, жол алған
Найманнның Ала көлінен.
Кең қабырга толығым
Шарасын шапқан кеңінен.
Айрылып жалғыз жөнелді-ау
Құрбы да күрдас текінен.
Өзі құрбы кісівің
Бұлбұлы үшты-ау көгінен.
Елдегі сорлы біз болдық,
Айрылған сондай бегінен.
Алшактап өскен басым-ай
Агаекемнің демімен.
Екі де жетім жас қалды-ау.
Бакытының кемінен.
Ағайын, туған гибрат ал
Біз мұндаудың сөзінен.

ӘИЕЛ ТӘТЕЖАННЫҢ ЖОҚТАУЫ

Кайғысыз пенде қымсынбас,
Жалғанда көнілім бір тынбас.
Көк күнінде орылды-ау,
Көк орай шалғын қыршын жас.
Тагатқа шыкты тақуа,
Жамандыққа үмтүлмас.
Ордасын көріп өксіді-ау,
Жағалай қонған ауылдас.
Топ басы толық алғаным,
Атамай тастау жарамас.
Ойымда жоқ бұл жылау,
Тіршілікке болды мас.
Тұғырдан үшкан ақ иық
Қайтадан бізге қайрылмас.
Ақ сауыттан айырлып
Қалғандай болды жалаңаш.

Қара бір салдым басыма,
Қайғырдым асыл тасыма.
Ажалдың оғы кез болды-ау,
Елу алты жасында.
Бағланым сенен айрылып,
Кор болған жерім осы ма?!

Қасиетті манабым,
Сіздей ешкім табылmas.
Қайғының қалың көрпесін,
Мендей ешкім жамылmas.

Алатау едім — сай болдым,
Арғымак едім — таң болдым,
Алшандатқан бұлбұлым.
Бір күніне зар болдым.

Айтайын жұртым зарымды.
Көнілімдегі барымды,
Аманат қойдым аллаға,
Сүйенген қара нарымды.

«Ә» деп аузымды ашайын,
Қайғының отын шашайын,
Жылады деп сөкпе жұрт,
Анырап мауқым басайын!

Адам қылып жараттың
Эуелі, құдай, басында.
Арманым жок кой деуші едім,
Қоскан сон тағдыр асылга.
Бұлбұлымнан айрылып,
Сүйегім күм боп жасыды.

Каракемер жар болды-ай.
Жагалай келіп ел қонды-ай.
Жалғызымнан айрылып
Кен дүнием тар болды-ай!

Келеді деп жүруші ем,
Бұлбұлым, сені куанып.

Дария, шалкар көліміз,
Жер болып қалды-ау суалып.

Кайғыменен карайып
Кан байланды-ау көзіме.
Касиетті бұлбұлым,
Зар boldым айтқан сөзіне.
Жалғызынан айрылдым,
Кім көрінер көзіме.

Алма ағаш едім жасарған,
Алмасы қалды-ау қылып.
Жатсам үйкүм келмейді.
Жұмысам көзім тұғіліп.
Кайткенде үйкүм келеді,
Іші-баурым күйініп.

Шын жақыным, жәрдемім
Шыбын жанға балаған.
Айрылдым дүрлі мүһәрбан,
Қудайдан соңғы панаңнан.
Лұшпанды жатқа санамай,
Өз ойна балаған.
Іңгайлаған құрығын
Іліндірді-ау жағадан!

Жоқтау мирас — кайғы сөз
Катын мен қыз балаға.
Асырып айтқан аңғал сөз,
Бос кетеді далага.
Дауыс емес мүнгілі сөз
Білімді мен данага.
Жігерлі жас кайғылы
Кәрілер салсын санаға.
Сау күнінде болып ем,

Айткан лақ, садага.
Жақын түгіл жат жылар,
Осындай тұнық, тазаға.
Кашармандаш шыдайын
Тағдыр косқан қазаға.

Табылмас менін орайым,
Кимасынан айрылып,
Қызыл гүлдей солайын.
Көзден акқан ыстық жас,
Омырауды бояйын.
Қаны кашкан қызыл бет,
Қек тырнақпен ояйын.
Касиетті бүлбүлым,
Несін сенен аяйын.

Аргымак жалсыз, ер малсыз,
Өлім мен қонақ болжаусыз.
Касиетті бүлбүлым,
Мен жылармын армансыз...



● Айтыс-қағыстар ●

ӘСЕТ ПЕН КЕМПІРБАЙДЫҢ ҚОШТАСУЫ

Әсет:

Ассалаумагалайкүм, наар Кемпірбай,
Наукасқа шипа берсін патша құдай!
Аспанға айнала үшкан, ак сұңқарым,
Кез келіп жайған торға бопсын мүндай.
Наукасын мендеу тартты дегеннен соң.—
Жыладым бәйіт айтып үш күн үдай,
Дауысынды танымайсын, атым Әсет.
Мен келдім әдебі іздел көкілің сұрай.
Япыр-ай, жауап қатпай кеткенің бе,
Жұртына атың шықкан қыраным-ай!..

Кемпірбай:

Көңілді Әсет келді көтергелі,
Қысады кеуде шіркін жөтелгелі.
Артыма бір екі ауыз сөз тастайын,
Басымды жастықпенен көтер бері!
Өлсем де «көк кептерге» бір согайын,
Ку тактай екі шекті әпер бері.
Аузыма айрыларда сөз салмасан,
Қонганың, өлең шіркін, бекер ме еді?..
Ал, енді шіркін кәмей былпылдастын...
Сөзімді әшисіз кім тыңдастын.

Ішінде Аргын, Найман салдым айгай.
Не қылыш шіркін көмей жыртылмасын.
Мойынга Эзірекіл салса құрық.
Білемін гарып жанын құтылмасын,
Кемпірбай бұл дүннеден көшіп кетсе.
Білемін, енді өзімдей үл тұмасын...
Суырган қынабынан нар кескендей.
Әр жерден қызыл тілім қылтылдасын...
Көңілді Эсет сурап келгенінде
Таба алмай кәрі тарлан сылпындастын.
Боз шапса, боз озбай ма буырылдан,
Мен шапсам, жер танабы қуырылған.
Жай тастап құлашымды алып жылдам,
Жабынын қүнде озуши ем тұғырынан,
Біреумен алтын жүзді досжар болмак.
Өзінің бойга біткен пигылынан.
Келсе де тоқсан акын жолай бермей.
Мен-дагы озып жүрдім ығылымнан.
Ер Дауіт жеті жаста иектеген,
Жасынның суын ішкем құдығынан.
Терендел Сырдың суы қатпаса да.
Сонда да келмеуші еді жұлығынан.
Әй, Эсет, осы дерптен мен өлемін.
Науқасым мендеу тартты бұрынғыдан
Ұнса да канат байлап аспанимен.
Олімнің кім құтылар құрығынан...
Сурасан хал-жайымды, Эсет жаным,
Жатырмын үшайын деп тұғырымнан...
Эсет жан, бұл аурудан өлем білем!
Алланың аманатын берем білем!
Кеудемнен көк ала үйрек «кош» деп үшты,
Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем...
Эсет жан, осы аурудан онбас білем.
Алланың әмірі екі болмас білем.
Кеудемнен көк ала үйрек «кош» деп үшты,

Сол өлең Серкебайға қонбас білем.
Басымда отырды өксіп қимай тоқтап,
Кете алмай бөтен жакқа айналсоқтап:
«Серігім,— қош аман бол, Кемпірбай!» — деп
Жылады бұрынғы өткен күнді жоктап...
Қараоткел таныс едім екі арага,
Семейде топырағым болар білем,
Кемпірбай дүға қылсын бишарага!..

ӘСЕТТИҢ МӘЛИКЕМЕН ЖАУАПТАСУЫ

Мәлике.

Алматы осы күнде біздің дуан.
Боз бала, мені көрде күн де қуан.
Үш жұзге өлеңменен атым шықкан.
Сұрасаң ұранымды Албан-Суан.
Шығып ем Албан-Суан тұқымдалып.
Қайтқан жок бабам жаудаң қыпышданып.
Үш жұзге өлеңменен атым шықты,
Талгардың Талшоқысы сықылданып.
Шамдалға балауыздан қойдым білте,
Боз бала, болған уакта қолын сілте.
Үш жұзге өлеңменен атым шықкан,
Сұрасаң менің атым қызы Мәлике.
Құдай-ау, алма қылдың өрік қылмай,
Багымды осал қылдың берік қылмай.
Аллаға әйел қылған разы емен,
Жықама * азгана жыл серік қылмай.
Ауылым көшіп конды Бадамшага.
Үш мың үй ағам болыс адамшага.
Үш жұздің бір саңлагын таңдаң бермей,
Қайтейін әкем берді-ау тараншыға.

* Жықа дегені қыздың ағасы Жылқыбай екен.

Ішінен қарагайдың кездым апан,
Шығарал өлең менен іштеп қапам.
«Құтылдың қу сартыңнан» десе біреу,
Берер ем шүйіншіге ат пен шапан.

Әсет.

Ән салсаң мейір қандыр салғандай гып,
Үйреніп жастарғибрат алғандай гып.
Тәтті әннің арасында асыл сөзді,
Тоқысаң меруерт пен маржандай гып.
Сөйлемеген граммафон табағындай
Мирас бол боз балага қалғандай гып.

Ұраным Арғын-Шордан, Каракесек.
Болмайды адалдыққа арам есеп.
Атандық үрлік қылсақ қаныпезер.
Би болып о да жаман пара жесек.
Кәсібі имам ағзам сауда қылмак.
Оны да кем берді деп қылады өсек.
Тағы да түк білмесек «надан» қояр.
Білгенді жарияғып сөйлемесек.
Наданды білімсіз деп қылдық өсек.
Өр кеуде өрескелдік сөзі кесек.
Арасын жақсы-жаман айырмаса,
Дегенмен басы жұмыр бар гой есек.
Көз тояр, көніл тояр қылғығы жок.
Соқтадай сомасына адам десек.
Жігітке білім жолдас гұмыр серік,
Бір түрлі адамшылық қын есеп.
Байқамай шала күйген толып жатыр.
Қолымен коз бол жанған отты қосеп.
Келмейді әткен жастық өкінсек те.
Айналып кайта келмес әке десек.
Екі елі қызыл тілдің арқасында
Талайға салғызып ем белден төсек.

ЭСЕТТІҢ БАҚТЫБАЙМЕН ҚАГЫСУЫ

Бақтыбай.

Уа, менің атым Бақтыбай,
Домбырамды қақтым·ай.
Сөз накысын таптым·ай.
Үйсіш, найман бас кости.
Тыңлатайын жаксым·ай.
Туралы тұлпар дуда озар.
Өлеңнен оқты аттым·ай,
Ағын судай актым·ай.
Қатарын майдай бақтым·ай.
Арғыннан келген ақын кім,
Зікір салған бақсыдай?

Эсет.

Жігітке қисық қылық мінменен тен,
Жараспас жас бойына сынменен тен.
Қолы сараң надан бар, көнілі қару.
Ақ жүргі қаранғы тұнменен тен.
Құлдіргі, қалжынға ұста тәуір жігіт,
Көнілдің бақшасында гүлменен тен.
Сасқан жерде ойланып тапқан ақыл,
Заты жалған болғанмен шынменен тен.
Ақылыңа жарасқан жаксы жолдас

Кіндігінен тараган үлменен тең.
Ойынши, калжың, сықақ көтерген ер
Терісі жуан елі пілменен тең.
Жаксы атадан жарымес бала туса,
Қайырымсыз қайғылы сүмменен тең.
Ойсыз, мисыз болады кейбір жігіт,
Жігерінді қылады құмменен тең.
Біреуден пайдалаған ақыл, ғылым
Жаңбырмен араласкан нұрменен тең.
Катынша жырлап айтқан жалайыра
Дегенге шыдайын ба жынменен тең.

Бактыбай.

Мен Бактыбай ақынмын,
Үйсіннен аскан атакты.
Менімен кімдер тенейді,
Аргыннан шықкан жатакты.
Әдеппенен айтталык,
Сөйлемейік шатақты.
Ұлы жұз бен орта жұз
Бірге туып жасапты.

Әсет.

Бактыбай тең болмайсын меніменен,
Даусыз айтқан катынның сөзіменен.
Кісідей ақсай басқан кирандарап,
Шырмалып отырам ба сенімсен.
Аузыма анық тартсам келмес пе едін,
Айдаһардың лебіндегі желімменен.
Әй сорлы, салындыма ораларсың,
Ағынды іірімім жылымменен.
Үзінді шүқанактың шалшық сұы
Тен боп па дарияның көліменен.
Кайнасам астананың қазанындай,
Сорпамың тенелмейсің көбігімен.

ӘСЕТТИҢ СӘМЕТ ТӨРЕМЕН АЙТЫСЫ

Әсет:

Казагым қарангыда өмірі өткен
Еңбексіз әр нәрседен көңіл өткен.
Кояндай қоленкеден босқа қорқып.
Біле алмай барап жолын зеңгіп өткен.
Уш жылда бір келетін сайдуа болса,
Бар малын ысырап қылып төгіп өткен.
«Малдының беті жарық мақал болып,
Малсыздың тіршілігі кеміп өткен.
Қырық жеті қызға берсе шал алады
Кисапсыз көп мал беріп төгіп өткен.

Талқан бол тас ошағы шағылса да
Қыз алған қылмысты бол көніп өткен.
Шыгарған төре билеп заң өнеге
Жок жұмыс шарнғатта ол инемене?
Төренік катынынан бір үл туса.
Онысын не қылып әр тәбеле
Тейдесіп кара қазақ келе алған жок
Төренің ауылы конған кенереге.
«Төре» өлсे бір қазакты бәйге тігіп,
Іс қылған есебі жок ережеге.
Төрені түк білмейтін сұltан қойып,
Көргенлер, білгендермен тек келе ме.

Хабарсыз кара көніл қазагым-ай.
Еріксіз ылік беріп сол немеге.

Сарт, ногай, саудагер бар базардагы
О дагы караңғы елге тажал дагы.
Ұялмай бір тенгеге бір кой алып.
Халықтың қанын сорды-ау бұлар дагы.
Бір тенгеге он тенге вексель жасап
Халықтың ебін тапты алардагы.
Прикащик сулу ат пен әсем киіп,
Түрі жат койга қарай шабардагы.
Қазақтың бір смырын қуа қашып,
Борышын үлестірді замандағы.

Мал шашып қазак құмар шен алмаққа
Такытта үш жыл жатып дем алмаққа.
Аз малын арам жолға ысырап қылып,
Пәлледен үрлых, зорлық жем алмаққа.
Әкесі олай, баласы былай тартып.
Сатады қарындасын он жармаққа.
Сайлауга ат таппаса егіз мініп,
Бай түгіл кедей құмар бір бармаққа.

Би кисайта тартады мұрындарын,
Білгенсіп әрбір істік орындарын.
Хақиқаттан хабарсыз шартак билер.
Бұзды ғой әділеттік форымдарын.
Қанғытып кара жүрттың қанын сорып,
Сипаган қазандай қып қарындарын.
Наҳақты әділесіз күйдірдік ғой,
Биеке-ау, мұның қалай қағынғаның?!
Бір кедей қателесіп қолға түссе,
Дұрыс па соган бәрік жабылғанын?
Осынша кім әкетті тойымынды,
Білмеймін әлде рас, ойынынды.
Бір нашар жаңылыстан бір іс қылса,
Сүйреттік соган қарай сойылынды.

СӘМЕТ ТӨРЕНІҢ ЖАУАБЫ

Арнаулы Эссе ағаңа жаздым хатты,
Сүйікті адам едін инабатты.
Үйіне Қәкімжанның барып едім,
Оқыдым сіздің жазған докладты.
Сөзікін магынасын барлап көрсем,
Сөгіпсіз бұрынғы өткен өлі аруакты.
Қазақты қаранды қып өсірдің деп
Айыпты қылышсызың төре затты.
Тағы да болыс пенен би залым деп,
Қағытып өлі, тірі — екі жақты.
Айтайын «ә» дегенде атан аргын,
Шақырып Эбілмансұр қасына апты.
Ол күнде төресіз де болған қазак,
Сол күнде мақтан қыпты ел шаппакты.
Төре кеп ортасына сұltан болып,
Түзеткен тезге салып сан — шатақты.
Күрнәндә Әбділ мина минан койып,
Күнәкар шапағаттан маҳрум қапты.

Алматы, мына шеті Алтай, Мерген,
Басуши ең аяғынды керден-керден.
Найманнның жақсылары бас қосқанда,
Сары қымыз, сары ала май, жеген сірнен.

Мысықтай екі көзді тарс жұмып ап,
Кызығын ұмыт болды-ау мың күн көрген.
Көп арғын Қарқарадан қаңғып келіп,
Арғы көп ак шәуліде бидай терген.
Кадірлі кариянын біреуі едін
Жел шайқап, ашылды енді жапкан пернен.
Қалайша қытыгыма тидіңіз сіз,
Сізді ешкім деген жоқ қой: «әйелге ерген»¹.

Әсет:

Хат жаздым Жетісудың Сәметіне,
Қарсы сөз кару жаздым кам етуге.
Тұныктан тұзу туган бала гой деп,
Көңілім түзелер деп дәме етуде.
Қызынды сексендегі шалға беріп
Осы да ұнап тұр ма жар етуге?
Көз жасы осылардың кімге болар
Ғұмыры жылауменен зар етуде.
Құдайға тағат етіп құлдық қылса,
Бес кісі ертіп жүред дәретіне.
Адамдық әділдікten шыккан іс қой.
Осы да снып тұр ма шәретіне.
Сөзінді рас болса майданга қой,
Көрі аған жүгірерлік бол етінде.

¹ Эсет наиманин қыз аялып, сонара еліне қайтпай қалады. «Әйел-ерген дейтіні сол.



● Дастан-хиссалар ●

ПУШКИН

Орыста біреу бопты Пушкин атты,
Окыған өзі ұстаз мағрифатты¹.
Миң бас, ойшыл кеуде, озған жүйрік
Жактаған шыншыл болып хакиқатты.
Қазақша өзі ғаят шежіре ақын,
Болмаган заманында ондай затты.
Ақшаның анық қымбат мезгілінде,
Бір жазған кінагасын² мыңға сатты.
Аралап імперия³ орыс жүртyn,
Тұзеткен Русия⁴ мәмләкатты.
Заманға ақыл тәмсіл⁵ өлең жазған,
Жүрттагы калдыруға киянатты.

Ол өзі қанша жүрттan ғылым білген,
Окыған қанша жүрттың тілін білген.
Атакты заманында ақылғой боп,
Жок еді кемшілдігі қызыл тілден.

¹ Мағрифатты — арапша білімді деген сөз.

² Кінагасын — кітабын.

³ Імперия — империя.

⁴ Русия — Россия.

⁵ Тәмсіл — лайық, сай арапша.

Сұық бол ойын-күлкі, үргашыға,
Токтатқан табиғатын өзі мұлдем
Опа жоқ үргашының бірінен деп.
Бойдак бол қатын алмай қырық жыл жүрген.
Ер өлсе, қалған қатын байға тиер.
Шығар деп не маҳаббат осы түрден.
Шыдамсыз тіршілікке шіркін көңіл,
Барабар өлсе солған қызыл ғұлмен.

Сырты тау, рухы үлкен, денесі дүр,
Ақылмен ақ жүрекке кеңесіп жүр.
Адамға ғибрат беріп пайда жолдан,
Халыкты ақ жолына көрсетіп түр.
Біреудің жаман — ғайбат жайын жазбай,
Шығарып тәсіл қылған өлең мен жыр.
Сыр ашпайтын адамға сөзі жұмбак.
Табылар мінезінен он сегіз қыр.

Аралап мемлекетті сейіл етер,
Пайдаласыз жұмысы жоқ босқа бекер.
Ол Пушкин қырық жасына шықкан жылы,
Мәскеудің шаһарына келіп жетер.
Бағасы падышадан зор һәм атақты,
Хан, кара білімдінің бәрі нөкер.
Соншалық жүрт ықылас қылатұғын.
Әр түрлі мағрифаттан жол көрсетер.

Табиғат басқа болар мінез, сана,
Ғылым дос жан мен тәнге жалғыз ғана.
Оқыған, өзі сұлу сегіз қырлы,
Дейтуғын қыз бар еді Татьяна.

Ақылға таба алмайсын онан молды,
Ұғынып әр нәрсеге көңілі толды.
Нұр-нұсқа, әдебиет, ғылым, ақыл

Создырган шартарапка өнер қолды.
Өзі де бір жандарал байдың қызы
Ер көрмей дәл он сегіз жасқа толды.

Бірінші сұлулыктан мінео, ойға,
Жат өсек жанастырмай зипа бойға.
Дағдырда жазушылар солай деген
Бар гой деп киянаты кіна қойма.
Зат курдас, ақыл үйлес таба алмаған
Мәз емес келгеніне дүние жайға.
Тазалар, шын жаралған жан осылар,
Айтайын жұмысының парқын ойла.

Біреуғе көрінбеген сырын ашып,
Көрмеген ер жыныспен сыйырласып.
Білмеген Татьяна әзілі жок,
Канжардай жауабы өткір, сөзге машық.
Бір жазған кінагасынан пайдаланып
Пушкинге болып еді сырттан ғашық.
Иесі осы қызды қыршындағы ғып,
Көрсетті кеткен жасын қырықтан асып.
Дүннеде арманым жок деуші еді қыз,
Жар етсем шаһлаттық² мөрін басып.
Ойлайды бір жұмадай Татьяна,
Жүгініп киялыша ақылдасып.

Ойлайды сынайын деп сәлем хатпен,
Көрсетіп шын пікірді ишаратпен.
Жол да жок сөз айтуға ұрғашының
Аркалап таудай кайғы, үятпенен.

Сүйсе жөн, сөксе қын — қандай танба.
Жетіп жүр неге көзі бүгін танда.

¹ Зипа бойға — тал бойына

² Шаһлат — арабша күәлік.

**Пұшкіншің алғашқы жаққа шешілі сүйк.
Кыз білер қызбас жайын жуырмаңда.**

Сүйтсе де шыдай алмай ғашық отқа,
Осындай байласп жазды басын сотқа.
Аттады амалсыздан әдел жолдан,
Сүлудың жүрсө тәуір ісі ходка.¹

Жалғанда қызба көңіл, иәпсі жаман,
Күмарсыз жан мен тәнге тапшымаған.
Жүректің айдауына жүремін деп,
Жалғанда кімнің багы апшымаған?

Тәтіштің жұбайының болса сәті,
Пікірден хабар беріп айтқан дәті.
Ұялса, қызарса да сабыр етпей,
Пушкинге мынау қыздың жазған хаты:

«Багы жок, талайым жок едім сорлы,
Аттадым еркін кетіп оғаш жолды.
Іс емес ауыл үйлік, анық сүйем,
Бола ма сынап жібер мұның орны.

Халімді осы хаттан бір байқайын,
Үргашы істемеген сөзді айтайдын.
Корлыққа басты байласп арзандадым,
Сүймесен, өмірімше зар тартайдын.

Хош алып мені сүйсен мактарсыңыз,
Жау болсан, табаның таптарсыңыз.
Кош алып жауап қайтар күрмет етсек

¹ Исі ходка — исі онға (орынша).

**Макусутым: жарияң¹ боп қызмет етсем.
Бәрі бір үргашының бұ да сол деп,
Амалсыз халім нешік өкпелетсен».**

Хат жазды осылайша перизатқа,
Нем бол, не болсан жалғыз хатқа
Сүйгем де, күйінсем де мен білейін,
Сырышы менен сезген біреуге айтпа.

Тапсырды секрет хат почтовойдан,
Ұрынды оқып Пушкин меглүм жайдар.
Келгенше қырық алтыға қызынбаған.
Жұырда пана қалсын бұған қайдан.

«Нұр Тәтіш! Мен қырық алды, сен он сегіз,
Арамыз екеуміздің үшқан теніз
Жадырап өзін күрбі жас байға бар.
Жолың болсын, өлмейтін қамын женіз.

Жүргенге сырттың тірі әуес болма,
Дүниялан біз бакыр да қайтқан жанбыз.
Жарым жок ақылдасар, жалғыз баспын,
Нәпсіге жаралғалы және қаспын.
Қазанға қырық жыл қайнат жібімеймін,
Күн шығып сахарада жатқан таспын.
Алмаган беторамал дүнисе тойдан,
Үш кебін жамылғаным, жалаңашпын.
Гүліндей райханның Татьяна,
Мен сізді қалайынша аяmasпын.

Тыныштық рахаттың жок жаралғалы
Тән ғылым сүй бойыма тарағалалы.
Орины жок бұл жұмысқа жоламаңыз,
Мен жалғыз қырық жыл болды камалғалы.

¹ Жария — арабша ашына, күк деген сөз.

Жакса да жүргіме сіз жазған хат,
Сөзі алыс, мағынасы — бәрі де жат.
Жат сактайын өлгөнше бұл сырныңы.
Етсекіз бұл жұмыстан мені азат.
Жүргім қызынбайды үргашыға,
Сөзіңнің қызсам дагы турасына.
Қара жер ата-анам — ең жакыным,
Мені аяп азаттық бер бір басыма.

Жасың жас, жақсы тілеу алдыңызда.
Жүректің азба, шырак, қызбасына.
Сау болсаң, тандап тиң қосыларсың.
Не төре, не бір байдың мырзасына.
Өтініп шын хақикат сырын айтып.
Үшбу хат¹ тапсырылды қызға қайтып.
Жанаскан жар болам деп сүйген жардан.
Кайғырды Татьяна жапа тартып.
Амалсыз алла дагдыр етпеген сон,
Обалың қала берді мойнына артып.

Нұр Тәтіш күмар еткен талай ерді.
Корлады Пушкин білмей нәзік белді.
Сапарғып екінші жыл Пушкин ақын,
Мәскеудің шаһарына және келді.

Дагдырмен Татьяна жаны сүйген,
Сарғайып загыптырандай іші күйген.
Өзінің қасіретін өзі білед.
Бақ қайтып, басы қатып ескі күйден.
Үргашы, еркек біріне сыр берген жок,
Әуреге сүймейтуғын мойнын иген.
Жалғанда жаны шықтай жазылар ма.
Олетін өкпесінен жара тиген.
Баласы министрдің ғашық бопты,
Махаббат жан-тәнімен қызды сүйген.

Ашумен Татьяна ықтиярсыз
Дагдырың кызык көрмей сырын түйген.

Басынан еркі кетіп қабыл алды,
Жалғыз-ак білед өткен халді.
Мәскеудің шаһарына мәглұм беріп,
Атакты адамдарға хабар салды.
Жатқанда той басталып жинап елді,
Атакты мәглұмыныз Пушкин келді.
Отырды тойга келіп Татьяна,
Назданып мың киялмен бидай өнді.

Сұлудың сырты тірі, рухы берік,
Қалмаган сабыр женіп, бойда желік.
Өзі қөрген кыз да болса қияппатты,
Бұларды шын жарапган асыл делік.
Байкады парасатын Пушкин қыздың.
Тексеріп терең оймен көз жіберіп.

Жатық сөз, жайдары, ашық қандай дана,
Мақтаулы кірсіз туған Татьяна,
Сөзінен тиңдаган жан үлгі аларлық,
Айтады өлшеуменен тым азгана.
Жақтырды қызды сынап кәмал оймен,
Иланып үргашыға сонда ғана.

«Байкамай қымбаттыкты көрдім арзан,
Сорым ба сүyk көрген сіздей жардан.
Өзіме осы күйім асусызы жау
Айрылдын арнап жазған бойтұмардан.
Халиңнен алдыңғы жыл хабар барып,
Хат келді алдыңғы жыл сіз құмардан.
Саудама тегін келген алынбадын,
Санаалып су моншакқа інжу-маржан.
Бұл ката — надандыққа мен жазалы,
Киын дерт өлгенімше маган арман.

Кешпел алтын келгенде шылм көрмей,
Етпедік ол уақытта әзел парман!
Жатты сүйіп жақында той бастапсыз,
Уақытың отіп отыр колдан дәрмен.
Үргашыда сіздей жан тұмас десем.
Ол планым¹ болып түр бүгін жалған.
Басымды етегіне енді салдым,
Дүниеде жарым өзің ойна алған.

Қабыл ал бул сөзімді асыл қалқа,
Ұрыппын өз саныма өзім балта.
Ойлаймын ескі кекпен үнатпайсыз,
Өтініп ісім түсті сізге қайта».

Почтадан тиді қызга мәзкуру хат.²
Оқып қыз күйді бұған, болмады шат.
Пушкинге ауған көніл айнымаған
Бұл сөзге бару керек не далелат.³

Қылшық жок қиялында қияннаташ,
Ақылмен ойга кірді неше қабат.
Дүниеге жаралғалы он сегіз жыл
Жас бойға жапсырмаган бір жаманат.
Ойменен октан түзу план жасап,
Бұларга себеп болды зор керемет.

«Басында сізге піскен егін едім,
Несіз орып алсаң тегін едім.
Әлемде жаным сүйіп жар болмаққа
Жақтырып сәлем жазған бегім едін.

Планым — бул жерде ойым деген мағнада.
Мәзкуру хат — арабша алғы хат.
Далелат — далел.

Тастап ең табаныңа үлтарақ қып.
Сұйғенім, сенен қайғы шегіп едім.

Жауып ең қақпаныңды өзің серпіп,
Тастап ең сөз қанжармен неше кертіп.
Оқ тиғен қос өкпемнен мен бір көзел
Жарадан жазылар ма өлген мертік.

Тамырың тоқтап қалған қанданыпты.
Сунып өлгенден деңең жанданыпты.
Дүнияды жарсыз өту жарамас деп.
Қатайып еркектігің шамданыпты.

Ол кездे мен де өзіңдей шың сорлы зар.
Басында өз басынның сол жұмыс бар.
Ақымақ боп ақыны арттан түсіп,
Тағыда киліктің бе қырқылжың шал.

Байқасам кисыны жоқ бұл бір медеу.
Жатады сарандыққа тіпті үндемеу.
Ертең, сағат тогыздың конакқа кел,
Берейін жауабына сонда төлеу.

Ертең сағат тогызды келді бұлар.
Аласы ақыр ісін қалай қылар.
Ертептің тап сағаттың тогызында
Жолыкты екі күйеу үмар-жұмар.

Бұларга Татьяна сырын айтты:
— Тауаным дүниеден бүрениң қайтты.
Жүргенде мен жығылып, бұл сүйк боп,
Сазайын құмарлықтың көрдім қатты.
Бұл қапалық қан болып жүргіме,
Ғашығым мұнша меҳнат арқалытты.

Екі жыл мен де мұндай қүйіп едім,
Тірлікten үміт үзіп жүріп едім.

Қапалы жүргімді көтеруге,
Еріксіз биыл сізді сұйіп едім.

Эз басым екеуінен бірдей аман,
Ескі жар хат жазыпты кеше маган.
Қалыс инет, халімді байқау үшін
Конакқа екі газиз келдік маган.

Байқамай басым қатты хак бүйрығын,
Адамның сіздер деймін нақ жүйрігін.
Жақаны бүрынгы оймен жанастырып,
Осының дәл екеуің айт билігін.

Шакырган бұлар білді қыз міндетін,
Үміті қайтып қыздан үзілетін.
Тайталас анық майдан болды бір іс,
Не өліп, не болмаса тірілетін.

Падыша Александр первый ханан,
Бекітіп қылды уәде бұл екі жан.
Ертең халиқ көзінше атысуға
Ағызып арасынан қып-қызыл кан.

Халайық таң атқан соң жиылады.
Жандары шын гашыктың қыылады.
Атқан оқ екеуіне қабат тиіп,
Харіптар талақ қылды дүннины.

Қыз да өлді алтыауызбен өзін атып,
Асылдар ажал қанын жуынады.
Тайталаспен жөнелді шын дүннеге
Бұл қызды қайсысына бүйірады?

САЛИХА — СӘМЕН

Монголлық ескілікті түрмисында,
Ясукәй батыр ханның тұргысында.
Атақты Алтай тауын мекендеген.
Билеген өзін өзі ел түсінда.
Бір тобы Жұрат дейтін ел атасы.
Жайллауы Улен тауда жая тасы.
Билеген нәсіл құыш, тұқым жалғап.
Халқына қадірлі еді ханның басы.
Бар еді Салиха атты жалғыз қызы.
Артылған өз түсінда тәрбиясы.
Бұралған тал шыбықтай сұлу еді,
Он бестен он алтыға жеткен жасы.
Алмадай пісіп калған бақшадагы.
Ашылған гүл бейиелес қыз тұлғасы.
Албирап екі беттің қаны тамып.
Кнышып маңдағында қигаш қасы.
Тамағы ак торғындай үлбіреген,
Сүйріктей он саусактың бар саласы.
Отындей электрдің жалтылдаған,
Құйылып төңкеріліп көзқарасы.
Шынардай түзу дene, тен иықтан
Төгілген төмен құлап сүмбіл шашы.
Безенген өнебойы енжу маржан,

Бриллиант, алтын, яқұт, гауһар тасы.
Сол елде Сәмен дейтін бір жігіт бар,
Күрбылас әлгі қызбен жас шамасы.
Ажары жай оғындағай жалындаған,
Тұыста қас қабакты ер тұлғасы.
Сабырлы, терең ойлы манғаз еді,
Жетпеген қатарына тен күрдасы.
Сагымдағай садак жетпес жылдамдығы,
Қырмызы қыз мінезді, қымбат басы,
Денесі тен сандалдың терегіндей,
Кең біткен иығының екі арасы.
Шалқақ төс, бура санды, бұлшық етті —
Бар еді батырлықтың әр саласы.
Жау десе жабырқанып жатпайтұғын,
Таңдаулы батыр болған ер-колбасы.
Салиха бұл жігітті сырттан таңдал,
Махаббат ауған бұған ықласы.
Сәмен де ғашықтығын іштен тынған,
Ұнасып екеуінің көзқарасы.
Жаратып бірін бірі аз жүрген сон,
Байланды махаббаттың екі арасы.
Сейлесіп, азілдесіп, сыр айтсып,
Тұылды ғашықтықтың жан жарасы.
Қызды жігіт, жігітті қыз да сүйіп,
Болыпты алмак, тимек сез арасы.

* * *

Қыс өтіп, ел көшеді Алтай таудан,
Ол заман үркін, корқын сыртқы жаудан.
Батырлар атын баптап, кару жөндеп,
Келетін ақыл сұрай құн де ханнан.
Сәмен де сол батырдың біреуі еді,
Кетпейтін күндіз-түні ат қасынан.
Сезіліп екеуінің бұл жүрісі,

Максатқа қалай жету болды арман.
Сейлесіп анда-санда Салихамен,
Сөз шыкты әр біреуден құғындаған.
Хан сезіп, халық білсе мүндай сырды,
Ажалдан қыз бен жігіт қалмайды аман.
Екеуін еркіменен қоспайтұғын,
Катыкез хан қаһары өзіне аян.
Шарасын қалай етсек табамыз деп,
Ойласты Салиха мен батыр Сәмен.
Не пайда бүл жүрістен шығады деп,
Ойлайтын екеуі де осыны һаман.*

Өлсек бір көр, шықсак бір төбедеміз,
Қайтпаймыз десті екеуі уағададан.
Серттесті небір іске шыдаймыз деп,
Алса да бөрі етектен, жау жағадан.
Капыда өстіп жүріп колға түспей,
Табалық бір бекініс осы арадан.

Солай деп сөз бекітіп уағдаласты.
Құрбан қып бір-бірі үшін қымбат жасты.
Құс үшпаса жан жүрмес жер табам деп,
Ер Сәмен аралады тау мен тасты.
Жалтыр тау, шатқал өзен занғар биік
Тұргандай бұлттан етіп көкке тиіп.
Темірдей кара жартас сүргылт түсті
Кабагын, қаһар көзін қарыс түйіп.
Мүнді тау аспанменен бой тенескен,
Тұргандай бейнес мұлгіп басын иіп.
Ақырган аждаһадай тасқынды өзен,
Сарқырап төмен аккан шатқа күйіп.
Белгілі Жая деген бір кын тас,
Сескенбей ендігі жан бара алмас.

* Һаман — әр уақытта, үнемі.

Бел байлаң сол кынға бекінбек бол,
Жөнелді корықпай шыдан Салиха жас.
Тез барып тығылады демін алып,
Жат жерге тамашалап қайран қалып.
Ой түсіп біраздан соң қорықты жаны,
Денесі кейде суып, кейде жанып.
Кеш мезгіл, шам жағылып, акшам батты,
Қайғысы бұрынғыдан болды катты.
Аузынан аһ үрғанда жалын түтеп,
Шыдамай қорықкан жүрек шиыршық атты.
Калайша бұндай іске болсын шыдау,
Ұзын күн өткізгені зарлау, жылау.
Зарығын өксіп жылап токтата алмай,
Сондагы Салиханың сөзі мынау:
— Жәрдем бер, жан беруші жасағаным,
Жар үшін жас жанымды жазаладым.
Айрылып жалғыз түнде ел-жүртүмнан,
Жапанда шыбын жанды тасаладым.
Шалындым махаббаттың жалынына,
Сөндіріп гашық отын баса алмадым.
Жолыңа жаным күрган болсын дегем.
Жетпесе мақсатыма бітсін халім.
Жәрдемші жас өмірге болсын құдай,
Ер Сәмен, таңдал таптым сені сүйіп
Ішінде жанған оттың мен отырмын,
Сөндірсөн махаббаттың суын құйып.
Құдайым Сәмен ерге косар болсан,
Бәрін де үміттар ем құшып, сүйіп.
Соны айтып үнгіріне қайта кірді,
Зарланып мұн мен зарын айта кірді.
Сол кезде түннің жарым болған шағы,
Кім білер келешекте болар сырды.
Дүрсілдеп токтамайды жүрегі ойнап,
Жане де жаны сүйген жарын ойлап.
Тыңласа жерді жарған ат сарыны

Келеді көк жартасқа тура бойлап.
Бұл келген бөтен емес,

Сәмен гашық,

Көрісті екі гашық амандасып.

Қайғының бір минутта бәрін жойды.

Аз уакыт жабыска да жүдеп,

жасып.

Ың-жыңсыз түн күшагын түрді жайып,
Аспанда ай түрленді есем басып.

Күттүктап күле қарап гашықтарға,
Жұлдыздар жымылаған тур жарасып.

Желкілдеп жан түбінде жаткан ойга

Майды жел сыйырлайлы мұнын косып.

Таңдаған тағылықты тау баласын,

Табиғат қарсы алыш түр күшак ашып,

Салиха айтты сонда Сәмен ерге:

— Бір істен ойсырадым көнілім жасып.

Бізді іздеп таң аткан соң ел келеді,

Кеткен соң екі бірдей адам қашып.

Кеш батса, түні бойы қасымда бол,

Күмарлы от жүректің мауқын басып.

Таң атса елге барып көрініп жүр;

Сыр айттар құрбылармен ақылласып.

Өткен соң күн ескіріп біраз заман,

Бір сапар ойланарсыз болса насіп.

Ат, азық, кару-жарак қамданып жүр;

Тығынып бекініске бірден тасып.

Қапыда хауіп катер істер болса,

Жүрмелік бейгам болып жаза басып.

Екейі осы сөзді қатар айтып,

Сүйісті екі гашық қүшактасып.

Жас гүлдін жан таппаган жана балын,

Мастанды беліп ішіп екі гашық.

Өткенін түннің калай сезген де жок,

Оятты таң шапагы таудан асып.

* * *

Таң атып батыр Сәмен елге кетті.
Кісідей түк білмейтін барып жетті.
Сыр бермей сол жүріспен аял етіп,
Арада бірнеше күн уақыт өтті.
Айта алмай ханға батып қыздың жоғын,
Ел болып ат өксітіп көп ізделті.
Таба алмай, күдер үзіп ақырында,
Бұл хабар еміс-еміс ханға жетті.
Хан қызы қашып кетті деген сөзге,
Хан турып қаһарланып намыс етті.
Қайтсе де қызды іздең тез табуға,
Ел-жұрттың түгел жиып жарлық етті.
Қызымың азғырганды дарға асып,
Қыздың басын кесем деп кәрін текті.
Алтайдың алтындаған алтын жоны
Айнадай суы тұнық, шөбі соны.
Қак жарып ұзын акқан екі өзен бар,
Айтады Егеуге деп монгол оны.
Қапталы сәүкеле тас құлын жайлау,
Ясуқәй батыр таңдап алған соны.
Жайлалауга хан ордасы көшкен кезде,
Жантас қыз бесінген көштің жолы.
Шөп гүлдеп, ағаш бүркөр уақыт болды.
Бетінде көк жартастың бір үнгірде,
Қыз карап көріп отыр келер жолды.
Естілді жерді жарған қалың сарын
Жаңғыртып тау менен тас жердің бәрін.
Жасыл ту сағымдалып жерді бояп,
Шанырқап будактаған шыкты жалын.
Бір бөлек көш алдында қалың әскер,
Ясуқәй ортага алған батыр ханын.
Татардан колға түскен Темір ерге,
Билемекен әскерінің түгел бәрін.
Мінгени Ясуқәйдің қасқа арғымак.

Белінде жібек баулы алтын қанжар.
Басында дұлығалы темір тымак.
Сар алтын жарқылдайды шар айнасы,
Күмбездей дөңгеленген жұмыр басы.
Жалпак бет, келте мұрын, сары жұзді.
Сарандыу қызыл жирен сақал-шашы.
Татардан қолға тұсқен Темір ермен,
Сайлауыт өңшең батыр айналасы.
Барады бірге кетіп батыр Сәмен,
Қайғы ойлап бұзылғандай ой санасы.
Мінгесін астындағы сайдын бурыл,
Дөненнен беске жана шыккан жасы.
Қондырды хан ордасын батыр Сәмен,
Байқастап кеш батқанша аялдаған.
Ел жатып көз үйқыға барған шақта.
Жөнелді қайта шауып қызға таман.
Жарына қайта келіп құрды сауық,
Қосылған екі гашық текін тауып.
Әзірше максатына жетті бұлар,
Шаттықта еш нәрсені қылмай хауіп.
Сандалып Жұрат елі қызды ізден жүр.
Ат қырып, қаратер боп күнде шауып.
Жараган сайдын бурыл малдан бөлек
Алғандай жерден пішиі деп-дөңгелек.
Бір күпі ішін тартып, жалын тарап.
Жер тартып пысықрады қағып иек.
Салиха атты керіп қайран қалды,
Ырымдап бір жаман іс ойына алды.
Өткен түн бір жағымсыз тұс көріп ем.
Көnlім де кате еместей енді наңды.
Ер Сәмен білемісін аттын сырын.
Ойлама білмейді деп хайуан малды.
Соны айтып ауыз жып алғаныша,
Таянып қалың дүбір келіп қалды.
Білген соң келіп қалған қалың жауды.

Ер Сәмен атын ерттеп каруланды.
Заманым әлде кандай болады деп,
Салиха іштен күйіп от боп жанды.
Құшактап сүйген жарын катты қысып.
Әлсізден наэзік дене қалтыранды.
Жас өмір, күл боп кеккес үшасың ба,
Толған ғұл соласың ба деп зарланды.
Хош енді бул соғыста өліп кетсең,
Макшарда кос, тәкірім, деп жалбарды.
Сол жерде майдан тартып батыр Сәмен.
Аянбай бір күн, бір түн соғыс салды.
Найза мен садақ тартып қылыш шауып.
Бөгеді кан майданда қалық жауды.
Түс-түстен өлгеніне қарамастан,
Жау дагы дем алғызбай атқылады.
Боялып қызыл қанға қардай еті,
Қансырап халі бітіп естен танды.
Жаралы неше жерден қылыш тиіп,
Кептіктен ер Сәменді тұтқынға алды.
Сол жерде Салиханы үстап алып,
Алдына патшаның алып барды:
— Өлтіріп Сәмен күды кеттік тастап,
Басына қызыл қаннан жастық жастап.
Адасқан баланызды алып келдік.
Өзінің ордаңызға тұра бастап.
Ей, таксыр, жарлық сізден, іздеу бізден,
Тілеңіз жаза қылма бұған қастап.
Болса да қанша жаман хан наэсілі,
Болмайды айыптауга қолмен жасқап.
Хан тұрып сөз сөйлемі қызға таман:
— Япырмау, қызым, неден болдың жаман.
Өмірінде жалқы жүріп ел көрмей өт!
Жаза жок, інсапсызға бұдан әрман.
Солай деп Салиханың соты тынды,
Сорлының багы қайтып сагы сынды.

Сәменді алғашқы үстап алған жерде.
Өлді деп білмей кеткен өншен жынды.
Аздан соң Сайын бурыл барды шауып,
Иесін талып жатқан алды тауып.
Камаган калың колға үстапастан,
Моншактап үсті-басын тері жауып.
Қотерді басын сонда батыр Сәмен,
Жатқалы жаралы боп біраз заман.
Еңбектеп үңгіріне қайта кірді.
Калғанын жаңының біліп есеп-аман.
Сәменге қайтылы күн катты батты,
Сол тауда капалықпен үш ай жатты.
Баарар жер, басар таудын бәрі дүшпан,
Болар ма қынышылық будан катты.
Не пайда бос жатудан шыгады деп,
Тоқтамай тулас жүрек шиыршық атты.
Бабама «Қөкше әүлне» барайын деп,
Бір күні үстап мінді бурыл атты.
Ол кезде жатқан жері бір үлкен гар *.
Мекендең тұрган жері Тянь-Шань тауы
Монголдар әр кез барып қылатын зар.
Ай жүріп Мамаржага барып жетті
Жол қынп жүре алмайтын бір бейнелті.
Гар екен көк жар тастың бетіндегі,
Жүгініп соган қарал зарлық етті.
Күн жауып, бұлттар шығып борандатты.
Найзагай шартыллайды онан катты.
Артынан қоңыр майда желдер согып,
Көрсетті гардан шығып шарапатты.
Күім жоқ шыга келді тыржаланаш.
Ағарған жауган қардай сақал мен шаш.
Жіңішке, ұзын бойлы, арық тәнді,
Жан екен аккүбаша қынлған кас.

* Гар — үңгір (монголша).

Дертіме, таксыр, баба, дауа бер деп,
Ер Сәмен зар еніреп қояды бас.
Сәменді қозін ашып көрді байқап.
Соңледі бір сілкініп басын шайқап.
Ол қызды құдай саган бүйірган жок,
Бекерге кор болыпсың бейнет айдал.
Астында сағын бурыл бар ма сенін.
Міндің бе ренжітпей жақсы жайлап?
Шығыста бір керемет хан болады,
Жаратқан ол бурылды соған сайлап.
Бурылды сол Шыңғысқа бағыстаймын
Сен жаяу Ұланға бар тамаша айлап.
Соны айтып бурыл атқа мойын бүрді,
Білмейді Сәмен сорлы мұндаң сырды:
Әулие қолын бұлғап қалып еді.
Кісінеп бурыл шауып гарға кірді.
Тағы да бұлттар шығып борандатты
Найзагай шартылдайды онан катты.
Күркіреп гардын іші ақ боран бол,
Есіргін көкше әулие қайта жапты.
Көнбеске шамасы жок сорлы Сәмен
Көнілі бүрінгідан болды жаман.
Бабамын Ұланға бар деген сөзі,
Тиісті болар ма екен маган таман.
Жаяулық, жақалаштық арман емес,
Керерлік Салиханы туса заман.
Жолына жаным құрбан болсын деген,
Дабысын құлагымнан кетпейді һаман.
Отында гашыктықтың күйіп жанып,
Дариға, бір сен үшін көnlім алаң.
Зарлатқан мені мұнда, сені онда,
Мейрімсіз қара пейіл сүмбырай жалған.
Өлсе көріш, өлмесе өзін көрмей,
Тарқар ма өліп кетсsem іштегі арман?
Соны айтып Ұлан жакка Сәмен кетті.

Сорлыны қырсық шалып тентіретті.
Ер Сәмен сол бейнетпен жүре тұрсын,
Айтайын хан қызынан соңғы ретті.
Қапада ханның қызын қайғы басты,
Сарғайып солған гүлдей өзі кашты.
Алқызыл, нүрлі жүзін әжім басып,
Ағартты жауған қардай самайды шашты.
Жабысып тырақтары саусағына,
Нұр қайтып жан денениң қаны қашты.
Дүниенің қызығына қөнілі суып
Өткізбес тамагынан ішкел асты.
Жарым деп ер Сәмешіңің атын айтып,
Бір күні көзден төкті қанды жасты.
«Сен үшін дүниені талак етіп,
Жолына күрбанғып ем ғазиз басты.
Қапада қайғыменен өмір сүріп,
Қадірлеп қайтем сенен қалған жасты.
Төрт бөліп түн үйқымды тыншытпайсын,
Үмітім ойлап-ойлап мүнға ұласты.
Жолына карай-карай көзім талып
Ойымды мұнға ұласқан тұман басты».
Соны айтып шықты ордадан Ұланды өрлеп
Ажалға өлім іздеп қатты шөлдеп.
«Ылайық хан басыма, жас шағыма
Бір кескен уағда серттің үстінде өлмек.
Яқуттай ажарланды көзі жайнап.
Байланып алмас қанжар өткір қайрап.
Жас кеткен жаны құшып жарын ойлап.
Коштасты кен дүннеге құстай сайрап.
«Сүйіп ем, Сәмен, енді іздеп тауыш
Арманым аз журдемдім енбек жанып.
Бул жайға тірі болсан, бір келерсін.
Жарынды ұмытпасаң есіне алып.
Әжемнің жан дегенде жалғызы едім,
Көрмеген тәрбиеден қөнілім калып.

Жолыңа жаным күрбаш болсын деген,
Бұзбадым үағдамды қайта танып.
Жас жаным жасыл құс бол үшсүн көкке,
Құтылып қам-қайғыдан рахаттанып.
Қосатын мені саған осы қанжар
Жүректен откір қайрап қалсам салып».
Зар жылап осылайша қылды налыс
Ай мен күн, дәт айтуга түрсүн алыс.
Сертіме, уағдама жетпегенім.
Емес пе өлімпен де қыны намыс.
Куә бол тәкір алдында, сен екеуің
Ғаламсын көпке бірдей тұра қалыс».
Соны айтып салды қанжар жүргегіне
Жан шығып тез жетуге тілегіне.
Қанжарды қатарына шашып алып қойды.
Сәменге арнап ядқәр¹ ретінде.

• • •

Бір шақта әлгі жайға келді Сәмен,
Арада қыз өлгелі неше заман.
Өлген жерін, көмілген көрін көріп,
Қуанды күріскендей есен-аман.
«Жарым-ай құдай қосқан жана таптым,
Болмай ма сенен қалған халім каран».
Қанжарды қасынлагы көрді қарап,
Қыз кетті уағдасымен сертке жарап.
Қанжарды қатарынан қолына алып,
Тот басқан қанды көрді тамашалап.
«Рахатлы болат қанжар досымыз» — деп
Күрсініп мауқын басты қанын жалап.
Егіліп іші-бауры елжіреді.

¹ Ядқәр — естілік.

Гашыктық ыстық оты шыкты парлан.
Камыгып бір отырып, бірде түрдү,
Аруакка қабырдағы көзін кадап.
«Қош айтам тау менен тас, дария, көлге.

Жат бауыр өсіп-өнген біздің елге,
Сайрандал қоқ аспанмен тұрган жұлдыз.
Сәүле бер біздің жатқан сары белсе,
Салиха жаным сүйген жарымменен.
Арман жоқ өліп көрге жатсан бірге.

Ай мен күн сен де аман бол екі жарық,
Нұрына жан-жануар болған қарық.
Күн мен түн екеуінді қоспаған соң.
Баяғы сен де біздей Мұңгыл-Зарлық.

Жұлдыздай ай атылып жерге түссе
Біріңнен не болар ең бірің қалып.
Жас жаным Салихамен болсын бірге
Маржандай кызыл каным жерге тамып.
Қара жер — мейрімді анам, аш қойныңды,
Саяна келіп тұрмын Сәмен гарып».

Соны айтып алмас қанжар қолына алды,
Толғанбай қақ жүректен тұра салды.
Ақ етін, кызыл бетін қанмен жуып,
Еріксіз қолмен жойды газиз жанды.

ҮШ ЖЕТИМ ҚЫЗ ХИССАСЫ

Сөйлейін бір мәселе бұрынғыдан
Бұл қызық естігеннің кеңілі тынған.
Дін орнап мұсылманға тұғыр болған,
Белгілі шаһар еді Бағдад пен Шам.
Талаі жан тұз біткенше тұрақ қылып.
Жүрт көшкен Бағдаттан неше алуан.
Әділ боп Бағдатқа пармен шашқан,
Тұсында пайғамбардың болды бір хан.
Өзі хаділ, патша, колы жомарт
Султандай Нарун-Рашит шығарып зан.
Әр сұлтан бабасынан қалған сарқып.
Саклаған сыртқы түшпан нағыз палуан.

Таласса талайларға тартқызған зар,
Көзіне кен дүниесі көрінсе тар.
Патшамен ақылы сырлас, жасы құрлас,
Дейтұғын Алдиархан уәзірі бар.

Патшаның Алдиархан уәзірі асыл,
Өзіндегі ода заттан шықкан нәсіл.
Тек шыққан заманында екі асылдың,
Мұрады әр нәрседен болған қасіл.
Халқына киыншилық жұмыс келсе,

Ақылмен айналдырып тапкан тәсіл.
Сабагын сан қамалдың хайла кесіп¹
Кан болса мидан² іші қызыл-жасыл;

Бұлардың жауга қылар қайласы қыны,
Қаласы ас бергендей күн де жыны.
Тен шықкан заманында екі асылдың
Калдырмай баяндайын жайы-куйін.

Жұма түн падиша мен Алдиархан
Кініп жүруші еді хаяр³ кінім.
Астыртын шаһар ішін кезуші еді,
Бір нәрсе көнілінде болса түйін.

Мал үшін дүниесе қызықпайды.
Бұлардың алары жоқ жалғыз тұнын.
Шакырып ертең жаза стуші еді
Бір нәрсе көнілінде болса қыны.

Бір түш патша, уәзір үйден шықты,
Қаланы жансыз кезіп сейіл қыпты.
Қаланың бірін қоймай аралады,
Таппады арам пигыл адам тіпті.

Қаладан сахараға шықты бұлар,
Адамның өсегі бар бәрін сынар.
Аккан су, өлкесінде ағаш біткен
Бар еді үры жатар бір терең жар.

Адамның адал бала ақтар сүтін,
Өсектен қай адамның басы бүтін,

¹ Хайла — кесіп — әдісін тауып.

² Мидан — майдан.

³ Хаяр — нашар.

Жагалап герсөн жарды келе жатса,
Үнгірден жардан қазған шыкты түтін.

Бекінген үрима деп келді жетіп,
Уақытсыз жанған отқа тамаша етіп,
Сығалап үнгіріне көзін салса,
Үш адам — әйел отыр жарға бекіп.

Таныды бұл үшеуін көрген жерден.
Қызы еді жетім, пакыр қаңғып жүрген.
Ата-ана, ағайын жок, туысқансыз
Белгілі колдарынан кайыр берген.

Үшеуі жылайды да, еніреседі,
Бірінің бірі сезін жөндеседі.
Адамда малсыз, бақсыз баға бар ма,
Пәнденің дүниемен көнілі өшеді.

Жетімге кайыры бар берген түздын,
Көнілі жібімейді шын дінсіздін.
Әлім, Хайша аты еді екі үлкенінің
Ісімі¹ Сәмсая еді кіші қыздын.

Кіші қыз кеңес күрді үшеуара,
Тыклады патша, үәзір тұра қала.
— Екі апа-ау, елден жетім біз үшеуіміз,
Немене жылаганмен болар шара.
Ата-ана, ағайын жок, туысқансыз
Біз неден болдық екен пакты қара.²

Ағайын кайырылады асылғанда,
Түзымыз сұрап жеуге шашылған ба?

¹ Ісімі — есімі.

² Пакты қара — бақтысыз.

Екі апа-ау, етеп байға тисендерші,
Деуші еді көр кылмайды асыл пәнда.

Бірің — отыз, біреуің — жырма бесте,
Жастықта әрбір талап түседі еске.
Мінеки, он екіге был келдім,
Барады ішім толып ерте-кеште.

Жастықтан іләзім бе¹ үміт үзбек,
Келіп жүр бір талпынғым талап іздеп.
Азырак жай отырмай кеңес болсын,
Сіздерден тұрмын бір сөз сұрагым кеп.

Бар құдай айтқанымды қабыл алсын,
Періште «әүмні» деп хатқа салсын.
Шаһиғапшас патша мен Алдиархан
Шакырып үшеумізді алып барсын.

Көңіліне патшаның ракым салып,
Сұраса бізден жауап алып барып.
Хан жебеп, қараышын құдай демеп,
Патша көзіне ілсе тәңлікке алып.

— Қараышы, қайраныма жыла десе,
Мөһербан² мінезімді сына десе;
Не түрлі атаганың қабыл болды,
Каріптер тілегінді сұра десе.

Қайғы мен қанға толды харіп жүрек
Катықсыз кара суды қылдық көрек.
Не қажетің бар болса тіле десе,
Тілер ең үлкен апа қандай тілек?
Сонда үлкен апасының берген жауабы:

¹ Іләзім бе — жөн бед?

² Мөһербан — мейірбан.

— Шырагым Сәмсаяжан,
сен сінілі,
Жастың соры майдайдан тез арылмас.
Жок сөзді әшениң-ақ айтасың-ау,
Шакырып патша бізді ондай қылмас.

Мойнымды хан шакырса буар едім,
Бір баян¹ ракыметіне қылар едім.
Қазынадан кім мен тамақ болса,
Өлгенше руза, намазбен тұрар едім.

Уакыттың ойнап-күлер өтіп кетті,
Іздер ем қолым жетсе хак² инетті.
Хазабын³ тіршіліктің тартып едім,
Іздер ем қолым жетсе акыретті.

Сондагы кіші қыздың айтқан сөзі:

— Қайғының баска түскен ісі қапа,
Дүзінде дүшиенің тарттың жапа.
Бұл кісі құдай жолын қуады екен,
Патшадан не тілер ен ортаныш апа?

Ортаныш қыздың айтқан жауабы:

— Шырагым, харызымды айтам дейді,
Азабын тіршіліктің тартам дейді.
Іздемес қолдан келсе кім жақсылық,
Үмітсіз рахым еткен шайтан дейді.

¹ Баян — Бұл жерде оғиіш, тілек.

² Хак — ақ инет.

³ Хазабын — азабын.

Патша жақсылыкқа тұрса айналып,
Сөзіне көзім жетсе мейрім қанып.
Алдиар уәзірдің баласына
Сүйікті ханым болсам икеахланып.

Ашылса қара көңіл жаққан шамдай,
Қайдан ондай боламыз біз сор маңдай.
Тексеріп екеуімізді сұрап болдын.
Шырагым, тілер елің өзің қандай?

Ал сиді кіші кыздан тыңла сырды,
Кенесін патша, уәзір тыңлат тұрды
Көнілім падишадан арманырак.
Екі апа-ау, не қыласың мен күргүрды!

Гүлденсе көніл көктең ер жетеді.
Адамды талап қозғап тебірентеді.
— Сүйтсе де көніліндегі арманынды айт,
Азырак әңгімеге иен кетеді.

— Эуелде халқым білсе құрметімді.
Бай болсам асыраған көп жетімді.
Шаһиғаппас патша мен Алдиархан
Екеуіне қылдырысам қызметімді.

Алтыннан үй салдырысам өзіме арнап,
Гауһардан есігіне гүл қосарлан.
Әртүрлі құрма, миңа-жеміс егіп,
Ішінде тоты, бұлбұл тұрса сайрап.

Райхан гүлі жайнау болса бағым,
Патшадан артық болса аруагым,
Тас жайын өзгешеме ак мәрімәр,
Айнала алтын болса бау-шарбагым.

Жақыттан монша салсам үйге жалғас,
Және салсам көшеге мәрімәр тас.
Үй мен монша арасы сондай жерде,
Бияладай жалтыр болса аяк тұрмас.

Патша мен уәзір жүрсе қызмет қылып,
Өзінен дәрежемді артық біліп,
Осындаі болдыратын жанға тисем.
Ел билеп неге керек таққа мініп.

Мұнымды қабыл көрсө бар құдайым.
Ауызбен айтқан сөзім болса дайын.
Қызығын жас өмірдің сүйтіп көрсем,
Құдайдан мұнан басқа не сұрайын.

Мұнымды қабыл көрсө қадір құдай
Жоқты бар қылышының өзіне оқай.
Жылайды ла күледі екі апасы:
«Айтасын болмас істі неге бұлай!

Естіді айтқан сөздің барін тәмам.
Таң атып таққа мінер болды заман.
Таң аткан соң бүйірды жасауылдарға:
«Бір үш жетім қыз бар деп киімі жаман»

Кыздардың айтып берді түрі-түсін.
Бәлен түрлі киімі, сондай пішін.
Тез тауып жасауылдар алып келді.
Көр енді падишаның қылған ісін.

Шакырып ең үлкенін қасына әлді.
Халайық бүл ісіне қайран қалды.
Казынадан өлгенше киім, тамак
Сарайлда сопы қылды асыранды.

Ортаншысын үәзірдің баласына
Әмір гып жұрт алдында некеахлады.

Арманың екі қыздың бірдей беріп.
Кезегі енді кіші қызға қалды.
Ақырып адепсіз деп сұық жүзбен
Падиша Сәмсаяға ашуланды.

Қандай жан әмір етер менен асып,
Өзінді-өзің байкамай надан сасық.
Алтын сарай жасатып, тақ орнатып,
Аузының патшага әмір шашып.

Таба алмай қаңғып жүрген кнім, тамақ.
Арманың екі қыздың бердім санап.
Маган қызмет қылдыратын жерге бар деп.
Тұрғызбай шаһарынан айдан тастап.

Караши алласының жарлығына.
Султанның лаж бар ма хандығына.
Күн көрген қайыр тілеп жерден кетіп.
Дүниенің енді түсті тарлығына.

Қаріп қыз елден шыкты тілден жазып,
Пәнда күна табады нәпсіге азып.
Хангы қызмет қылдырмак онай емес.
Адамға мұнан үлкен бар ма жазық.

Қаріптің халі мүшкіл көрсек күйін.
Кір басқан үсті-басы жыртық кнім.
Далада зарлап, жылап үш күн жүрді.
Басына бейшараның түсті-ау кнын.

Қаріптің әбден кетті кетеуі де,
Осы екен харіптіктің мешеуі де.

Өлүге халі жетіп шөллегенде,
Бір таудың келіп жетті етегінс.

Бір тасқа көзін салса ақық, мәрмәр,
Бетінде неше түрлі жазуы бар.
Караса айналасы дәп-дөңгелек
Тамаша сипатына көз ойылар.

Карады қазып, шүкүп жан-жагына,
Казандай ақық тастың аумағына.
Көтеріп жаткан тасты колына алды,
Куат қып қарамады салмагына.

Алладан харіп қызга жәрдем болған,
Жұлдызы бейшараның туған оннан.
Қып-қызыл ылғи ділла алтын екен,
Бір құдық іші менен сырты толған.

Караса бір дәнасы мың ділдалық.
Алса да тауыса алмас қанша халық.
— Япымай, мұны қалай қыламын деп,
Өзіне өзі түрді ақыл салып.

Алла түр жаксылыққа бастайын деп,
Тілеуін бейшараның қостайын деп.
Бір-екеуік салып ап жан қалтаға.
Өнгесін бетін жауып тастайын деп.

Құдықтың енді мықтап бетін жапты.
Құлайым бір жеткізер ииеті акты.
Бір кала жакын екен, соган жүріп
Кеш мезгілі болғанда келіп тапты.

Аққан су өзен екен тәмен құлап,
Жагалап келе жатыр қыз зар жылап.

Қөрінді жар басында жарты лашық
Сыртынан қыз келді де тұрды тыңлаپ.

Бар еді лашыкта бір кемпір-шал.
Жоқ еді манаңында еш жанды мал.
Дарияда балық аулап құн көретін,
Жоқ еді онан басқа қүнелтер хал.

Сол күні түскен еken бір акқайран.
Жымындалап кемпір менен шал масайрап.
Дарияның бұйырмаяған макұлтығы,
Япымай, кез келді еken бүгін қайдан?

Есіктен қыз Сәмсая кіріп келді,
Иіліп үл баладай сәлем берді.
Шамшырактай жайнаған жас баланы
Кемпір, шал жылұшырап тұрып көрді.

— Шырагым, келдін еken кандай жайдан,
Көрген балам емессін бұл манаңдан.
Келесің сахарарада жаяу жүріп.
Айт балам, жолың болсын, жүрсін қайдан?

— Жан ата әйел едім, ерекк емес.
Кетіп жүр бір басынан талай кеңес.
Елсіз-құнсіз харіп бол жаяу жүрмін,
Жөн айтпау сұраган соқ іләзім емес.

— Шырагым, қыз қылайын үлға балап,
Біреуді іздеп кетпесең өзің калап.
Бар мәзірге риза бол бала болсан.
Құн көрген адам едім суға қарап.

— Жан ата, жүргенім жоқ кісі талғап,
Өтірік сөз айтпаймын шынға жалғап.

Ықтняр күдай қосса бала болам,
Іздемен сізден зорды мен де қалап.
Сәмсия осы шалға болды бала,
Кімді кінге кез қылмас алла тағала
Бағанағы екі алтынын шалға берді,
Мол настіп кемпір-шалға болды және.

Енді шал түрленеді шөптей бүрлеп,
Жүрмелі бүрынғыдаі киімі кірлеп,
Үй сайманын түзетіп адам болып,
Қорасына мал салды үш-төрт түрлеп.

Баяғы харіптігі ойдан кетіп,
Бар күдай қартайғанда раҳмет етіп,
Кесел, қырсық арылып бойларынан
Үші беске, бесеуі онға жетіп.

Сол судың жагасынан салды сарай,
Бек ұлken қора жасап үйге жарай! ¹
Отын-суга қызығып пәтер түсті,
Жолығып керуен халқы соған қарай.

Байымды жылдан жылға пайда беріп,
Керуен халқы түседі пайда көріп.
Бағы артық, ізі-жолы құтты болып,
Оралғандай әр нәрсе қызға келіп.

Байыды жылдан-жылға дәuletі асып,
Қотеріліп келеді судай тасып.
Гүл бәйшешек секілді шырай бітіп,
Қыз Сәмсия өсіпті құп ұнасып.

¹ Жарай — сағ

Түйғындай тұғырдағы тоғыз түлеп,
Он үштен он төрт жасқа аяқ басып
Мінезі міңсіз біткен, сөзі орамды, .
Секерден тілі тәтті, жайдары, ашық.
Ақылы кара қылды как жарғандай,
Бактылы қандай жанға болар нәсіп.

Оралып һәм келді он бес жасы,
Патшаның ондағы емес ханышасы.
Ку мойынды, құралай көзді болып,
Тамагынан көрінер ішкен асы.
Тізіліп мәрімәрттай тісі бітіп,
Қып-қызыл түзу келген қалам қасы.

Ақылы тең жарылып нұрыменен,
Жеткізді шадір алла шыныменен.
Берген жоқ ата-анасы алі ешкімге.
Бірдей гып тілеп алған ұлыменен.
Арман бар жүргеңде ат басындаі,
Баяғы үңгірде айтқан сырыменен
Азырак басқа жайлдан сөз қозғайын,
Қыз жетім тұра тұрсын мұныменен.

Бар еді бір аскан бай Шам шаһарда,
Жоқ еді оның малы патшаларда.
Артынан атасының бір ұл туып,
Ішінен толқып өскен торғын пәрла! ¹

Одағы он сегізге жасы жеткен,
Данышпан әр өнерден талап еткен.
Айытпай атасының мұлқін үстап,
Дүкен сап жеті жүртка колы жеткен.

¹ Торғын пәрла — торғын перле.

Атақты патшалармен орны тәнгес,
Данышпан тілді жанды адам женбес.
Жұз қырлы, сексен сырлы сабаз еді,
Әр түрлі өнері бар қолдан келмес.

Ал енді мырза жүріп сапар қылды,
Қазына алтын, күміс артып пұлды.
Касына біразырак нөкер ертіп.
Шәріне Сәмсияның қарай жүрді.

Сол көшкен бойыменен жакын келді,
Бай еді ташыс қылған талай жерді.
Баяғы кәрі шалдың сарайына
Түсуге мырзаларға мақұл келлі.

Асыл пұл, неше атуан бүйым артып,
Бірнеше жасауылдар шеру тартып.
Отын-суга қызығып патер түсті,
Жолығып кәрі шалға жайын айтып.

Қадірлі Шам шәріптің бай-патшасы,
Он сегіз осы кездे деген жасы.
Мырзаны кара түгіл хан күтеді,
Күлкі-ойның күндіз-түні тамашасы.

Бұ сұлтан жас талапкер жаңа тілеу.
Сол күнде жар таба алмай көнілі жүдеу
Бір асқан кәрі шалдың қызы бар деп.
Мырзага Сәмсияны айтты біреу.

Қызығып қызы берген жоқ мал мен күшке
Қызыл жұз, аузың тұн, мұрыны пісте.
Пері мен періштеден жарагалмаса,
Адамда ондай қызы жоқ өскен түсті.

Он сөріс осы күнде деген жасы.
Баяғы фадиғүндай нұр нұскасы.
Қызыл гүл перде ішінде үлпілдеген,
Бір асқан кәрі шалдың Сәмсиясы.

Есітіп Сәмсияны есі кетті.
Сол қызды алсақ-ау деп үміт етті.
Ақылмен қызды сынап алмақ үшін,
Базардан ылғи жанат алып кепті.

Болмайды бір сынауга ойламасақ.
Сүлуды шарга сөзбен қозгамасақ.
Бір ішік көрмей пішіп тігіп берсін,
Осылайша қылалық ақыл жасап.

Ұзын-қысқа болмасын, кеңлік-тарлық
Осылай гып тіксін деп қылды жарлық.

Торғышға түйгізді де берді қызға.
Ұзын-қысқа болмасын деді мырза.
Бек ұнамды ішік қып тігесіз деп,
Жауабын байбатшаның айтты тұра.

Қыз білді қасақана сынағанын,
Алла берер алалдың сұраганын.
Бір істі мерт қылуга берген екен,
Жақсы гой не болса да шылағаным.

Біреуден бой-нұскасын алды сұрап,
Әдебі берді гой деп мені сынап.
Өз миына калыптаپ, таразылап,
Ішікті тігіп болды қыз да шыдал.

Ішікті тігіп болды екі күнде.
Арылтып ине, жіптен болды мұлде.

Ішікті бірқазың 1 алыш келлі,
Осы өнер бола бермес әлдекімде.

Қараса киіп алыш бойға шап-шак,
Қөзбен көріп тіккендей әбден баптап
Иіні иініне, белі белге
Әр мүсінін келтіріп тіккей баптап.

Ұнамды етек-жекін қигандай ғып,
Қалыптап өз бойына сиғандай ғып,
Ұзын-қыска жері жок, кендік-тарлық
Сәулесі көз алдында тұргандай ғып.

Мырза да, нөкере де болды қайран,
Қыз үнатқан жоқ еді басқа жайдан.
Бурынғы гашыклардын мирасындей,
Бір жауши табалық деп бүл маңайдан.

Бул қызды өз ойымен үннатьқ деп,
Батасын не деп айтса шыдалық деп,
Қарігे екі кісі жауши салды,
Бүйірса осы қызды суралық деп.

Жаушылар жетіп келді қыз қалаған,
Бек майды жауаптары ызбалаган.
«Мырзага құдай қосса қызыңды бер,
Ақсақал әдебі іздеп келдік саган».

Балаға бала құрбы жасы тенлес,
Дүнияға қандай қызық келе бермес.
Біз алсақ қара түгіл хан береді,
Батаңның атын айтып бізге сөйлес.

Кызметші әйел, күн

— Барайын мен қызымының анасына,
Анасы ақыл салсын баласына.
Мырзага кыз бермеймік деп айтпаймын,
Жеткен соң бәлегаттың шамасына.

Жүгіріп кемпіріне келді кәрі,
Баланың табылып тұр алар жары.
Қызыңа барып сөйлес байқұс кемпір,
Түсіп тұр байбатшаның жауышылары.

Калига Фатиманы қосқан жаста,
Әйелді жатка жазған әүел баста.
Сүндөті пайғамбардың байқұс кемпір,
Қызыңа барып сөйлес ақылдас та.

Қызына кемпір келді қадам басып,
Бұл сөздің бәрін де айтты ақылдасып.
Атасының жауабын қабыл алып,
Сайратты бүлбүл тілін аузын ашып.

— Көп шүкір казір алла панаына.
Мен жеттім бәлегаттың шамасына.
Менен несін сұрайсың ғазиз ана,
Ата билік бере ме баласына.

Шаригат ата тілін қабыл алмак.
Обалы тілді алмасақ бізде қалмак.
Тексеріп қазы қудай сұраганда.
Адамның өз бойынан шыгады айғак.

Әмірі атадан соң ана күту,
Сіздерді мүмкін емес ренжіту.
Менен несін сұрасың ғазиз ана,
Балана ләзім емес қабақ шыту.

Алладан әмір болса несі күни,
Жақсылық жамандыкта болса жины.
Әзім айтып берейін ғазиз ана,
Сынагандай сұранштар қалың-сыйын.

Бұзбайын бұрынгының қылған шартын,
Сіздерге түк болмайды аздау алтын.
Қырық түйе артатұғын құлыменен
Қалын малга әкелсін қырық түйе алтын.

Малға шыдап мени алсын соны берсе,
Өздері ақылдасып қабыл көрсе.
Онан қашса жөнімен жүре берсін.
Қызына әркім құмар қолдан келсе.

Шалына кемпір барып айтты бәрін:
— Баланың үнатпайды кім дидарын?
Қырық түйе артатұғын құлыменен.
Алтынымен әкелдір қалың малын.

Малға шыдап қызлы алсын соны берсе,
Өздері ақылдасып қабыл көрсе.
Онан қашса жөніне жүре берсін.
Қызына әркім құмар қолдан келсе.

Кемпірден үқкан сөзін сойледі шал.
Қызымы алсан бересін бірталай мал.
Қырық түйе артатұғын құлыменен
Алтынымен әкел де қолыма сал.

Жауышылар мырзасына айтты барып,
Жалғызын бермек боллы қабыл алып.
Қырық түйе артатұғын құлыменен
Алтынымен әкелдір қолға салып.

Шүл сөзге күн¹ мырза езу тартып,
Бүл киэды алмагайдым шын күмартып
Аузынан шыққаннан соң қайтайын ба,
Он күлмен жүз түйе алтын экел артып.

Бүл малмен шалға келді елдей көшіп,
Жаушылар арадагы желдей есіп.
Ендігі сәрсенбіге тойы болмак,
Қыз Сәмсия түрленді көңілі осіп;

Қайырлы мезгіл болды согатындаі,
Неше жыл жүрсе дагы багы ашылмай.
Жүз есе бұрынғыдан шырай бітті,
Күбылып тоты құстың канатындаі.

Кеілбеті бұрынғы откен Мүштәридей
Тұра ма мұндай жанга мактау сүймей.
Күн шығып, торғай шырлап келе жатыр,
Шал қызын бермеуші еді жанға кимай.

Артылтып той жарагын қылды-ау қандай!
Тойына ел жиылды мық мен сандай.
Қосылып күмарланып екі асыл
Баяғы Құсайын мен Шаһармандаі.

Меһепі¹ бір-біріне түсіп еді,
Шырагы сол заманың пісіп еді.
Алмадай саядагы күн шалмаган
Нұрланып жаска толып пісіп еді.

Түсінде атастырган Қызыр Ілияс,
Күлкісін жаннан тәүір жанға қимас.
Бұрынғы гашықтардың мирасындаі,
Бұлардың ярасына бір қыл симае.

1. Меһепі — меңірі.

Келісті Ай мен Құндей жұбайланип,
Махаббат арасында түр айланып.
Көз жайнап үзак түнге үйқы көрмей,
Талдагы шырмауыктай шыр айналып.
Айқасып үзак түнге үйқы көрмей,
Қызықты мінезіне дем айналып.

Жандарып бір-біріне фида қылыш,
Кажетін ішіндегі оймен біліп.
Неше күн ойын болып ел тарқады,
Сарайда екі асыл зат қырық күн тұрып.

Құмарын ел тарқатты көп күн жатып,
Атасығыззат қылды қыз үзатып.
Қызы енді Бағдатқа барамыз деп,
Алдырды сол шаһардан жүз піл сатып.
Жүз пілге он қара құл қызыметші алыш,
Жөнелді Бағдатқа шеру тартып.

Ал енді мырза жүріп сапар қылды.
Қырық нарга алтын, құміс артып пулды.
Касына бір азырак інкер ертіп.
Шәріне Бағдаттың карай жүрді.

Бұл сөздін жаңа жеттік қызығына,
Дағдырлық пәнде көнер сыйығына.
Қыз бастап байбатшаны алыш келді,
Баяғы өзі көрген қудығына.

Касында тас бастау бар мөлдіреген,
Қыз өзі үмытпастан белгілеген.
Бағдаттың шаһарына бек жуық жер,
Көрініп мұнарасы елбіреген.

Сыйығына — жатымска.

Көрісті ақ мәрмәрлі жатқан тасты,
Сол тастың көтерісіп астын ашты.
Қып-қызыл ылғы ділла алтын екен,
Мырза да, нөкері де таң қалысты.

Қыз білмес мырза түргай құлық сырнын,
Құдайым кез келтірген мұны бұрын.
Казынасын бұйырган мырза қудай,
Жыланның патшасының жиган пұлнын.

Құлыкты тазалады үш күн жатып,
Алтынның бірін коймай бәріш де артып.
Қыз енді Багдатқа барамыз деп,
Құлқі-оғынмен келеді шеру тартып.

Багдаттын патшасы Шаһигаппас,
Түсеміз деп келеді соған жақтас.
Мырзадан Багдатқа елші кетті,
Шығарып асыл сырны сыртқа шатпас.

Мырзадан Багдатқа елші кетті,
Патша, уәзірімен келіп жетті.
Мырзаның аты Дастан, жолы бостан
Патша уәзірімен күрмет етті.

Бұларды гиззат қылды күрмет алып,
Сын үшін бұған лайық сарай салып.
Әрі мырза алтын да, әрі күміс,
Атағын атағанинан ел таң қалып.

Мырза мен патша, уәзір болды күрдас
Бірінің-бірі сөзін болды бүрмас.
Жақындал қасакана амалменен,
Патшаның ханшымымен қатыны күрдас.

Ақылы Сәмсияның қандай дана.
Алладан тілегі бар тагы жэна.
Ханымды қонак қыла шақырып ап,
Жұмсақды жұмысына қасақана.

Патшаның ханымына қылды зорлық.
Зорлықта мұнан үлкен бар ма қорлық.
Ханымы патшаның күңкіллейді,
«Мырзаның катынына катын болдық!»

Кезектің білліндер ғой бір тиерін,
Сактатып сүйікті ердің жан күйерін.
Жетті енді мұрадының бір шетіне
Патшаның күңше жұмсап нақ сүйерін.

Мырзага сөз сөйледі қатын бір күн:
— Бізде бар бітпес дәүлет, дүние шіркін.
Бағдатқа жан көрмеген сарай салып,
Мал қызығын көрелік емін-еркін.

Байбатша қатын сөзін қабыл алды,
Не қылсын қисабы жоқ жатқан малды.
Бағдаттан бір жаксы жер сұрап алып
Ылғи алтын ділдадан сарай салды.

Алдырып жеті жүрттың мініскерін,
Қалдырмай дүниенің еш өнерін,
Жақұттан bezек басып жаңар беріп,
Келтірді жасаушылар тым мәнерін.

Айнала алтын болды бау-шарбагы,
Қасында бекер болды Иран бағы.
Үскыртып айдаһардық суретіндей
Орнатқан ортасында алтын тагы.

Жакұттан монша салып үйге жалғас.
Және салды көшеге ақ мәрмәр тас.
Үй мен монша арасы сондай жерде.
Бияладай жылтыр болды аяқ түрмас.

Бақшадан қос әуезді бүлбүл сайрап,
Және төрт арт жагынан хауаз қайнап.
Жакұттан безек басып, жанаң берді,
Багы деп Сәмсияның жалау байлап.
Үндістан уәләйэтін көріп келген,
Жасады бір мініскер бәрін жайлап.
Ешбір жангыра көрсетпей катын үста,
Гауһардан мұнараға жасады әйнек.

Катын мен үста қылды астыртындаи,
Амалмен патшаны алды шырлап.
Әйнекті жұма күні ашып койды,
Бетінде қақлагы бар жапқан сырлап.
Ашылып гауһар әйнек болды жарық.
Шаһардың бәрін нұрга қылды карық.
Әйнекті патша менен уәзір көріп,
Таң қалды жайын білмей қайран қалып.

— Япырмай, барма еді мұнарада күндіз

Миор¹
Күндіз жок, түнде жарық — бүл қалай сыр!
Елеусіз екі кедей каріп болып,
Көрелік таң атқан соң анықтап бір.

Үят кой патшага түнде бармак,
Әүес қып жок пәрсеге назар салмак.
Елеусіз екі кедей каріп болып,
Таң атқан соң көрелік әбдеі, барлап.

Миор — жарық, сәулө.

Таң атты бұл екеуі қаріп адам,
Үәзірмен тыңла кеңес патшадан.
Ешбір жан патша, үәзір деп ойламас,
Тұрлері екеуінің тіпті-ак жаман.

Енелік деп жетіп келді патша үәзір.
Сараіға кіріп кетті қылмай құзыр.¹
«Бақшага кім кірсе де үстандар» деп,
Үші кісі дағындағы ед бүрын үәзір.

Көреді анып тұрып бұлар сырттан.
Патша мен үәзірді дереу тұтқан.
— Ұрысындар, ұлықсатсыз жүрсіндер деп,
Сабап бұл екеуінің киімін жырткан.

Сәмсия жетіп келді аяғансып.
Бұлардың ажарына қарагансып.
«Ұрыларды» қолынан айрып алды,
Мырзаның канымы бол түрмай пансып.

Екеуін ауаша үйге² қойды камап,
Береді аяғансып бұған тамак.
Екеуіне берейін екі ділла,
Маган қызмет етіп бер екі саяк.

Аз еді қызметшілер үйде қалған,
Сандықты моншага апар киім салған.
Екеуіне берейін екі ділла,
Адал енбек жақсы гой ақтап алған.

Босатпай қызметші қылды мұны,
Моншаның уақтысы еді дәл сол күні.
Бармаймыз деп айтуға аузы бармай,
Патша мен үәзірдің шықпайды үні.

Құзыр — тагат.
Ауаша үй — онаша үй.

Сандыкты алып жүрлі монша жакқа,
Бастан аяқ түрмайды мұз тайғаққа.
Шатқаяқтап жүре алмай жығылады,
Үәзір, патша — карашы екі ақымакка.

Шатқаяқтап жүре алмай аяктары.
Тасқа тайын жарылды қабактары.
«Япырмай, біреу танып қояма» деп,
Көздері екеуінің алактады.

Сәмсия келе жатыр қыл көріп,
Баяғы айтқан сырдың кезі келіп.
Баяғы айтканына жеткеніне,
Құдайға мын қайтара нияз¹ беріп.

Сәмсия келе жатыр көзін салып,
Төрт қызметші қыздарын қасына алыш.
Баяғы айтканына жеткеніне,
Әп-сәтте бойы көкке жетті ұзарып.

Ішінен неше алуан киім алыш,
Екеуін жібермелі тұра тұр деп.
Қаншалар² казенетін³ кіген шакта
Сандыкты алып жүрлі қайта сүйреп.

Сандыкты алын келді өліп-талын,
Ішінен екеуі жүр жаман налып.
Екеуің осы арада тұра тұр деп.
Сәмсия үйден шықты қайта барып.
Екеуіне береді екі ділла.
Екі нашар харіп деп рахым салып.

¹ Нияз — құзайы

² Ханша — әйеллер

³ Казенет — киімдер

Бұларды босатады гиззат алып,
Сарайдан шығып кетті бұлар жүріп,

Білдіртпедік десін де бұлар барсын.
Астыртын катын бұдан хабар алсын.
Шетіне мұрадының әбден жетіп,
«Ух!» — деп қыз Сәмсия демін алсын.

Мырзага барлығынды асыр деді.
Судай ғып мал шіркінді сапыр деді.
Патшаның уәзірі мен ханымын қосып,
Қонаққа бүгін кешке шақыр деді.

Дос тұтып падышаны аса мактап,
Сырым бар сізге айтатын жүрген сақтап
Бір кажетім бар екен қылсам деген,
Кегімді бүгін алдым тиянақтап.

Бұзбайды катын сөзін айтса не деп,
Бұларды қонак қылды тағам же деп.
Бас қосып байбатша мен патша, уәзір
Сөз сөйлесіп отырды әнгіме, геп.

Сөз сөйлесіп отырды әрбір жайдан
— Ей, мырза! Ханымыңды алдың қайлан?
Сөз осылай басталды таралуда,
Сөз сөйлесіп отырды бір талайдан.

— Катыным ханзада емес, інжілі кара.
Бұдан басқа бала жоқ бір бейшара.
Әуелде бір кемпір-шал болыпты.
Бақтына мұны берген хак тагала.
Сөз осылай басталды таралуда,
Хан қызы әлепті өскен қамалуда,

Қарадан мұндағы бекзат жан тұмайды,
Жері бар бір асыл зат жарапуда.

Самсия өзі айтады басқа тегін:
Хан да емес, ханзада емес менің тегім.
Жасымнан әкем өліп жетім болған,
Шер болған битімдейден көкірекім.

Қызы едім — үшеу едім ағайынды,
Шаһарым осы Бағдат тағайынды.
Есіркеп екі апама рахым қылып,
Бастырмай күшпелік мұнан кеттім.
Көрген соң сенен корлық мұнан кеттім,
Қадірлі байбатшага барып жеттім.
Үәзірін мен скеуінді алдаң үстап
Құлымдай қызметтіде дедектеттім.
Падиша, өлмегенге, бұ да тыныс,
Тірілікте не көрмейді адам жыныс.
Үәзірімен екеуінді алдаң үстап
Монша күні қылдырдым бір күн жұмыс.
Байбатша анық сырға жаңа барған,
Қызы Сәмсия түрленді куапғанинан.
Жақындал жарылуға есі қалмай,
Падиша үйден шықты үялғаннан.
Үят болып жатшага қалған жері,
Қатынның ханнан кекті алған жері.
Үяллып өз жұртынан қашып кетті.
Падышаның шыдап тұрар дәті бар ма!
Мысырға бір талай сөз барған жері.
Өлімнен сөз қын гой заты барға,
Жаксының көпке бірдей жаты бар ма?
Аяғы бұл сөзімнің тәмамданды.
Сөзімшің алатұғын баты¹ бар ма?!

Баты — құны, бағасы.

ҚЫЗЫЛ ТАБАН. АҒАШ АТ

Сөйлемейін бір мәселе тыңда, жұртым,
Көнілдің әңгіме ашар қайғы бұлтын.
Шығарып асыл сөзден маганаалап,
Келтірсек ашуына сөздің кілтін.
Так Сүлеймен, бұрынғы Зұлхарнайын
Мансап, бақыт, тастаған дүние мұлкін.
Тігілер тұз саусылса ажалдан тор,
Сактансан өлмес бұрын болмайсын кор.
Бұрынғы етіп кеткен замандарда,
Болыпты бір патша бақыты зор.
Үрімде үш жұз қала соган қарал,
Тараған өнер, мизам¹ содан тараң.
Бай такыт ол патшаның Багдатта
Караган кол астына парсы, харап²
Камсызыша ол патшаның болған аты,
Кем болған сол заманда қол-қанаты.
Өзімен бірге күйіп жылайды екен,
Сұранып, дүгада боп хан санаты.
Шықпапты неше жылдай багына гүл,
Тартыпты бала зарын бірнеше жыл.

¹ Мизам — заң.

² Харап — араб.

Елудің алтауына шыкқан жылы
Ханымы патшанын тапты бір үл.
Ат қойды Хасен сұлтан баласына,
Кезінің ағы менен карасына.
Той қылып жеті гылымга жер күнірентіп,
Жамау ғып жүргегінін жарасына.
Майысып қызыл ғулдей өсті Хасен,
Жамалы¹ Нұсіптей² бол көркем, әсем.
Кадірлі халифаның³ жас манабы
Жабыдай жаман туып, өспей бәсен.
Ақыл мен мінезі артық дүлдүл болды,
Парасат ақыл, ғылым мұлде толды.
Атасы Хамсыздан да артық туып,
Қак жарған кара қылды хаділ болды.
Өрімдей көрер көзге бой мен нұска.
Жігіт бол жігер бітер келді тұска.
Патша да, баласы да тұра тұрсын,
Бар еді сол шаһарда асқан үста.
Бай болған колөнерден тапкан пұлдан,
Данышпан адам болмас одан жылдам.
Жалғыз-әк адам жасап, жан салмайды,
Өнердің олан басқа бәрін қылған.
Пәндеден ол үстаның өнері жат,
Үстаны мактайды екен Шам мен Бағдат.
Хайламен иеше түрлі жел кірдіріп,
Жасады резинкадан бір ағаш ат,
Адам мінсе үстіне үшар дейді,
Бұлт, әуесін, жел бірлән құшар дейді.
Қайтарлық кілтін білмей журе берсе,
Сағатта жылдық жерге түсер дейді.
Ұша берсе әуеге жетер дейді.

¹ Жамалы — нұры

² Нұсіп пайғамбар сұлу былаган деңгін лақап бар.

³ Халифа — патша.

Самғай берсе талайға кетер лейді.
Екі кісі мінгессе ауыр емес,
Нәрсені оナン басқа көтермейді.
Жиып алса сияды жанқалтаға,
Он мың алтын діллаға басы баға.
Алтынменен нақысталп көз орнатып,
Экеллі ағаш атты падышага.
Келген соң мұмкін смес бермей қайту,
Лайық па саудаласып есеп айту.
Қадірлі халифаның жалғызына,
Үста әкеп ағаш атты қылды тарту.
Риза шатман болды халифадан,
Хисапсыз көп мал берді казынадан.
Ұшып жүріп дүние жүзін сейіл құрды,
Көп тамаша көрсетті жазырадан.
Құтқармас жүрген анды, ұшқан құсты.
Тамаша қылайын деп көнілі түсті.
Үстіне мініп бентіп бұрап еді,
Ағаш ат ханиның ұлын алып ұшты.
Тамаша қылды көрген ағаш атты,
Ағыны атып калған оқтак қатты.
Көзінен көрінгеннік гайып болып,
Ағаш ат бара-бара бұлтқа батты.
Ауага қарап қалды елдің көзі,
Ұшқан құстың болмайды мұнан тезі.
Бар хабар, жок хабарын білінгенше,
Үстага қын болды мұның өзі.
Патша ашуланды назаланып,
«Жалғызым өлсе қайттым қазаланып».
Бар хабар, жок хабарын білінгенше,
Зынданда¹ үста жатсын жазаланып.
Шыгарып ойда жокты қастық қылды,
Босатпа жаман-жаксы білмей тілді,

¹ Зындан — жер астындағы камау орын.

Айырлып жалғызынан патша тұрсын,
Ұшырып өз қолынан жас бұлбұлды.
Бұл Эсет талай сөзді кисса еткен,
Көз майының түбінс жазу жеткен.
Айырлып жалғызынан патша тұрсын,
Сейлейін ер Хасеннең ұшып кеткен.
Таянды тап ақшамда көкке жұық,
Бек тоңды, аспан үсті қардан сұық.
Олді деген осы деп күмән қылды,
Буган күмар қылды-ау деп ажал құып.
Жылады, көзден жасын ағызып сел:
«Ата-ана, арызdasпай қалды деп ел».
Аса тоңып, әлсіреп келе жатса,
Жолықты шаһизадага¹ бір жылы жел.
Өнс бойы жылынып қуаттаңды,
Енді қажет қылады арсыз жанды.
Әр бентін машинаның бүрайын деп,
Бар құлай өйға салды марап-ханды.
Төмен түсер тетігін тауып алды,
Ажалға себепті еді, аман жанды.
Бір бентін машинаның бүрап еді,
Ағаш ат төңкеріліп төмен салды.
Бір рахым құдай қылды Хасен ерге,
Ұксайды жаһан кезген перілерге.
Білмейді кай тарапқа бет алғанын
Болғанда бір күн, бір түн түсті жерге,
«Уң!» — деп жерге түсіп, есін жынып.
Көйшін тауба қылды жасын тынып.
Құдайдан сұрап алған хашың ұлы
Суыққа катты тоқды, күнге құйіп.
Әгарда айырларын білсе атасы
Бір сағат жібермейді көзі қынып.
Тақ жақындан агарып қалған екен,

¹ Шаһизада — ханзада.

Шаһизада үйнектап алды біраз үйнп.
Оянып байқап түрдү жерді түйіл.
Караса жасыл сахара, таулар биік.
Білкаһрнардан арыстан, бұғы, марал
Неше түрлі андар бар құлан, киік.
Шакырган күс, ақырган арыстандар
Бетіне жұпар ніс самал тиіп,
Бір шаһар жақын жерден көрінеді,
Корғанын мәрмәр тастан салған құйып.
Салып ап жанқалтага ағаш атын.
Білуге түскен жердің уәләйітін.
Не түрлі, қандай жандар бар екен деп,
Байқауға шәріге жүрді елдік затын.
Аяндал сол шәріге Ҳасен келді.
Өзі туып көрген жоқ сондай елді.
Кейбіреудің басы күс, кеудесі адам.
Не түрлі сонда көрді шыбық белді.
Кейбіреудің басы күс, кеудесі адам,
Сөз тыңла жаһан кезген шаһизададан.
Бір үйге шәріден аулак кіріп келсе,
Бір аксакал бар екен берді сәлам.
Жылы жүз, жұмсақ сөзді адам екен,
— Уагалайкум — ассалам,— деді, — балам!
Күрметтеп жақсы жайдан орын беріп,
Алдына түрлендіріп қойды тагам.
— Қай уәләйэт, қай жүрттан шыққан

жансын,

Ахуалыңды баян гып сөйле маган.
Өз жүртінды баян қыл бастан-аяқ.
Ақылымды айтайын балам саған.
Шын сөйлеуге болмайды көніл алаң.
Өтірікті заулатты шалға балаң.
Бағдат керуенінің адамы едім.
Малымлы көп жау талап қылды тамам.
Көп жолдастан, айырлып ат пен тоңнан,

Айырлып ел-жүртүмнан жүрмін жалан.
 Бұл жүрттың тапымаймын ешқайсынын,
 Білнеймін қайда екенін Бағдат қалам.
 Шал айтты басын шаһқап! — Паруардігер!
 Екенсің жаһан кезген бек мұнды ер.
 Айырлып жас шағыннан үйріннен.
 Балам, сенің ішіне байланған шер.
 Желмен үшып келдің бе, сумен ағып,
 Бұл жерден сенің жерін төрт жылдық жер.
 Құлбаябан, жестырынак, мәйміл, сәксар¹—
 Төрт тарап бәрі толған жын-перілер.
 Солардан негып өтмей аман келдін,
 Адам етін жейтуғын көп зенгірлер²
 Раббиғұн.³ Мәскун⁴ дейді сіздің жакты,
 Бұл Айқұл⁵ Мәдениокаққұл⁶ — Жазира дер.
 Сүлеймен бұл шаһарға пана қылған,
 Так қурған Үүлайқұлда көп мініскер.
 Жазира Кеңіш лейлі шәринің атын,
 Берейін баян қылып ахуалын көр.
 Осы елдің болек заттан бір талайы.
 Ең жаксы кара жердің нұршарайы.⁷
 Гауһар, нагын⁸ бұл жердің жок жерінде
 Қүніғанзам⁹ теңіз бен тау Маяғы¹⁰.
 Осы елде ағаштан да алтын арзан,
 Осы жүрттың болмайды кедей, байы.
 Майбұлак сүттен акқан хауыздар бар,
 Тастандардан судай ағар жердің майы.
 Жарық дүние жүзінде кара жердің
 Бұған тендерес болмайды сайма-сайы.
 Шырагым, сен мұнда түр балам бол да,

^{1, 2} Бұл сөздерге жырлаушы түсінік бере алмады.

^{3, 4, 5, 6} — жер, шаһар аттары болса керек.

⁷ Нұршары — шүрәллы легені білем.

⁸ Нагын — лагыл болса керек.

^{9, 10} Теңіз бен тау аты болса керек.

Жұртыңды табамын деп алаң болма.
Өзіне өз ақылың пайда, зияп,
Түбінде өлмесінді өзін де ойла.
Бұл бала осы шалға болды бала.
Кімді кімге кез қылмайд алла тағала.
Жазира, шаһарларын сыйран етті,
Тамаша қылмасын ба ақылы дана.
Жазира, шаһарларын көп кезіпті,
Тамаша гажайыптың бәрін сезді.
Бір үйде отыз адам күй тартып түр.
Қызыққа бұ да келіп салды көзді.
Қылып жүр мұндағы іске алла бұйрық,
Жігіт боп жігер біткен бұл бір сүйрік.
Ақылы асқан данишпан, өзі молла,
Асқан ақын данишпан әнге жүйрік.
Сырнайдық бір тауірін сұрап алды,
Түрлентіп неше алуан күйге салды.
Сол шаһардың ханының жас баласы,
Хасенниң бұл күйіне қайран қалды.
Өзгелерін қойдырып күй тартқызып,
Оған косып әртүрлі ән айтқызып,
Хан баласы Хасенді жоллас қылды,
Өнерін жіберктекен сон тым артқызып.
Жаратқан торт тулігін макұл қылып,
Сұлтанның іші толған ақыл қылып.
Хан ұлымен шыгарда жаны басқа
Арасын алла косты жақын қылып.
Бір күні хан үйіне конак болды,
Сол түні жұртың ойлап паңзы солды.
Жасырар ағаш атын, патша затын
Қайғы ойлап санаменең көнілі толды.
Оқыды бір кітапты хан баласы,
Китаптың сурет екен айналасы.
Ер Хасен анадайдан көзін салса,
Суреттің кыз секілді нышанасы.

Ұмтылды Хасен көзін салайык деп,
Суретке күмарланды қарайын деп.
Көзіне күп тамаша көрінген соң,
Қолына әуес қылды алайын деп
Хан баласы Хасенге алма деді,
Ей, жолдасым,

көзінді салма деді.

Өлгөніңше өзіңе кесел болар,
Қарап тұрып пәлеге қалма деді.
Хасен айтты: «Көрейін өлсем дагы.
Көздің нұры, қоқілдің сынар сагы.
Суретіне бір қарап көрсем екен,
Басыма таудай пәле келсе-дагы.
Болмаған соң көрсетті суретті ашып,
Ер Хасен талып түсті түсі қашып.
Хан баласы бетіне су бүріккенде,
Сескеніп түрегелді көзін ашып,
Сөйлемді Хасен ердің қоқілін басып,
Сіз енді бұл суретке болма гашык!
Құмарлықтан қапа бол өлесің деп,
Өзіңе айтып едім жаным ашып.
Қайғымен жас жасамас қалған жасын,
Суреттің сізге айтайын уакиғасын.
Тұысан ата-анасты бөлегі жок,
Емшектес бірге туган карынласым.
Шәріден құндік жерде қыздық багы.
Жан жетпес қызығына бақшадагы.
Мұхиттың аралына корған салған,
Жан басбас дария, көл екі жагы.
Ол бакта күн де жарық,

түн де жарық.

Қызарып құндік жерге түсер сагы.
Інжу, маржан сол бактың суларында,
Асыя тастық сонда көп шамшырагы.
Мисалы, бейнене жұмак салтанаты.

Қызыгына жан жетпес Иран багы
Нөкөрі қырық ханша, мың жария,¹
Жап-жагы алам басбас су дария.
Көрген жан ғашық болып өледі деп,
Ақылмен шетке қойған көп қария.
Қырық құлаш мұнарасы аспанды ашкан,
Бір күмбез ең басында безек басқан.
Форымы қазақ үйше жасатылған,
Ақ торғын түнілдігі² бар аспандасқан.
Бакшада бәрі даяр алуа, шекер.
Түбінде күзет қылар басқа нөкер.
Ханшалар бір жұмысқа шақырмаса,
Кариялар ұлықсатсыз бармас бекер.
Осылайша баян қылды карындасан.
Қайғысы Хасен ердің қалындасан.
Құндіз естен, кетпейді түнде түстен.
Қайғыға Хасен қайтып шалынбасын.
Өлсем-дагы осы қызды көрсем дейді,
Үйінде талак қылып мал мен басын.
Илаж ойлат сарғайды ғашықтықтан,
Жалғызды жалғыз алла жарылкасан.
Үйренген аттан бетер аргымакка,
Тапсырды батыр өзін жалғыз хахқа.
Сол түні әуе дүзін сейіл құрып,
Тамаша көзін салды қыз ойнакқа,
Ашулы алтын түніліктен атпен кірді,
Шошынбайтын³ көзел деп мұны макта.
Сарайға шатман болды кірген шакта,
Шатактан шаһизданы алла сакта.
Құла перде толықсып, нүр күйкүлжып,
Ханша жатыр екен алтын такта.
Хауіптен қыз ойында қиялы жок.

¹ Жария — қызметкер күн.

² Түнілдік — түндік.

Үйкүда жатыр екен сол уақытта.
Бір қағаз есімін жазған алтын тақта,
Қызындағ Шаһибалдың иран бакқа;
Нұр құйқылжып шығады қызыл-жасыл,
Мекені пері мұлкі ылғи асыл.
Хат мазмұнын аныктап оқып көрсе,
Ханыша қыз есімі Нұргұлгасыл.
Ойна салып түрді неше қиял,
Сабырыздық іс қылмас мұндай нәсіл.
Сабырлықтың ақыры кекіп болып,
Мұралына ғазизлар¹ қылған хасыл².
Ұшқыр көніл токтатып сабырлық қып
Қылайын деп ойлады хайла, тәсіл.
Бетін сүйіп оятсан жын екен дер.
Не сиқырши, болмаса пері екен дер.
Захыметті боп шошынып қыз ауырса,
Еңбегім еш, гүмірим кетерге жел.
Артын байқап көрейін сабырлық қып
Я, алла, тілегімнің ақырын бер.
Қыз ауырса дертті болар, маган батып,
Мен захыметті болармын сілем катып.
Бугін сабыр қылайын үмітпайын,
Жазу жазып кетейін, солем айтып.
Осы ақылы көрінді бек инауат³
Сұлуға хат арқылы айтады дәт.⁴
«Ғизатлу, о күрметлу, жан-жапаным!»⁵
Мұбатта жамалыңа жазамын хат.
Жарасып заманымның туған айы,
Нұрынды үрлап көріп болдым бір шат.
Бір ұста жерімізде шебер еді,

¹ Ғазиздар — асылдар.

² Хасыл — жеткен.

³ Инауат — ибадаты, жаксы.

⁴ Дәт — бұя жерде сез.

⁵ Жан-жапаным — жаным.

Қамсызұлы хан едім шаһарым Бағдат.
Хайламен неше түрлі ұшатұғын
Сол үста жасап берді бір агаш ат.
Басында сырын білмей шықтым бұлтқа,
Агаш ат қонбей үшты біздің ырыкка.
Әуесмен дүниe жүзін шыр айналып,
Келіппін сол себептен сіздің жүртқа.
Қадірлі хан нәсілім — шаһизадамын,
Бұ кім деп баян кісі төрпе сыртқа.
Өз атам үш жүз кала халифасы.
Хан едім мен де сендей жүртқа тұтқа.
Атын Хасен, шаһиза Қамсыз атам,
Бар екен деп ойлама сөзде катам.
Бұл істі жанатының¹ макұл көрсे,
Ел-жүртүм, естен шыгар тартқан жапам.
Осытайша дәтін айтып, басты мөрін,
Орамалың тастанады сінген терін.
Бұл хатты сүйсінерлік жерге койды.
Омырау — екі емшектің ойпан жерін.
Хат койды құдай косқан қонысына,
Жарлықты Бағдатты болысына.
Бұл хатты сүйсінерлік жерге койды,
Омырау — екі емшектің кобысына.
Хат жазып дәтін айтып Хасен кетті,
Шәріне көзді ашканша барып жетті.
Жайына Хасен сұлтан жата тұрсын,
Ұйқыда жатқан қыздан есті гепті.
Фашыктың ер жігітке бір қызын күш,
Кез болған шала құмар осынлай іс.
Кеудеге Хасен хатты қойған кезде,
Осы қыз көріп жатыр бір қызық тұс.
Түсінде қыз сейіл ғып журді лейді.
Аспанинан бір кара күс кірді лейді.

Жанатының — бұл жерде қоцласіз.

Канша қыздың ішінен қалап келіп,
Сұлудын дәл басынан бүрді дейді.
Кан шығып қыздың тәні ауырмайды,
Кек тынақ көбесінен кірді дейді.
Сасқаннан «өлдім гой» деп қыз оянып,
Шошынып үйкесінан түрді дейді.
Аккән термен су қылып жатқаш жерді,
Қыз білген жоқ қасына келген ерді.
Жүргіт аттай тулап жатыр екен.
Колымен омырауын басып көрді.
Бір қағаз бүктеп қойған қолга тиіп,
Жұлып ап, хаттық бетін ашып көрді.
Оқыса осылайша ҳал-ахуал,
Уағда айтқан сөзбен, басқан мерді.
Осы қыз түсін жорып, салады ойға,
Бір өсек ерген екен біздің бойға.
Бұл жігіт нағыз патша баласы екен,
Жолығып шаптай кеткен касқыр қойға.
Ғажайып түс, күп тамаша көрген екем,
Ұйыктасада жан шіркін білген екен.
Кара құсым жігіт қой осы келген,
Қайда барсам құтқартпай ілген екен.
Еркек жыныс көрмеген ерке басым,
Пыскан алма секілді толған жасым.
Талайды ғашықтықтан сендөлтіп ем,
Сүйебін Бағдаттың халифасын.
Сыртынан қыз солай деп қойды сақтап,
Сыртынан Хасен ерді көрмей мактап.
Қыз сүйе ме, сүймей ме — қайтеді,— деп,
Күпті көніл күрсініп екі жактап.
Ақылы алты бөлініп, ойы он сан болып
Жарым көніл жарылып тым қопактап.
Асыл сүйек патшаның баласы гой,
Бос қалса бұған да үят күр қоқақтап.
Ахуалы Хасен ердің мұндай болды.

Көңілі алан, жігері құмдай болды.
Қалқалан қашан хабар аламын деп,
Батуы жалғыз күннің жылдай болды.
Құн батып, бір мезгілде ел де жатты,
— Алла,— деп Хасен мінді ағаш атты.
Кешегі өзі көрген жолыменен,
Гүлгасыл тағы іздеді перизатты.
Байқаса сол орнында жатыр екен,
Куанды қызды көріп сонда катты.
Бұл қызға жакқан екен жазылған хат,
Еншешалла, болады екен көңілім шат.
Бултарып басқа орынға кетер еді,
Жек көріп әгәр мені ойласа жат.
Шымылдықты енді ашып көрді нұрын,
Алғандай-ақ боп қапты қыздың сырын.
Қыз да көріп, күлімдеп бетін басты,
Ұялып, әдеп сактап бетін ашты.
Қамқа мен қазинаның қиуындағ
Екі асыл қиуадан қисындасты.
Қыз бүрын амандастып қылды жауап:
— Алладан қадамына болсын сауап.
Шаһизада, ырза болдым енді сізге.
Қосуға хаяттан қуып, көрмек бізден сәбәп;
Жайыңыз жазған хаттан ғылам болды,
Шықкан зат анық білдім келген жолды.
Бар құдай үзағынан сүйіндірсін,
Сүйікті сипатына көңлім толды.
Деді де бір шынжырды койды тартып,
Сол еді шакыруыш хабар айтып.
Қырық ханша, келіпті мың жария
Бұларға тағзым етті бойы балқып.
Некерлер амандасты шекер сөзбен,
Хасенді күтіп алды жылы жүзбен.
Тапсырды некеріне нұр Гүлгасыл:
Көріп қой гашығымды сіздер көзбен

Аты Хасен, сұлтан деп айтар жайын,
Камсыз деген патшаның күн мен айын.
Құдай косса шын жарым қняметтік
Қызметінде болындар сіздер дайын.
Шекер, шәрбат, алдына тағам жайып,
Негылған жан буларды көрсін гайып.
Ойнап-куліп отырды Гүлгасылмен
Кетіспейтін айт айтып, серттен тайып.
Көп қыздар жар-жар айтып, салды төсек.
Ұрын келген күйеуге қылыш есеп.
Қыздардың сонда айткан жар-жары осы,
Шала болар баянғып сөйлемесек.
Көп қызда бір қыз болған Балқия атты
Бал, шекерден дәмдірек, сөзі тәтті.
Булардың арасына «жар» сөйлемед,
Болуга екі ғашық махаббатты.
— Екі ғашық қосылды,
Ай менен күндегі жарасып.
Қиуадан кисындық
Қырымдықпен карасып.
Бұрыннан білген адамдай,
Бірінді бірін қаласып.
Алла шыны коспаса,
Кетер едін адасып.
Ақ алма едін ағашта,
Айтулы едін алашта,
Алар жарын кез болып,
Алла қосып жарасты.
Миуадан пыстың буралып,
Кисындастың құралып,
Эдепті көзел асылдар,
Дүгада болып тұралық!
Ішиңде алтын сарай асыл такыт,
Онаша қызды қойды аз уақыт.
Жұмакқа тірі кірген Үйдырыштай,

Тез қонды Ҳасен ерге мұндағы бақыт.
Оқ тиді мәрімәріттің көзін атып,
Басқандай балапанын акқу жатып.
Қыранның кімнұлына мейірі қанды,
Жиілі қан, ақ үрпіктен дәмін татып.
Ақ сүңкар шабытында үйрек ілді,
Кек тыринақ көбесінен қанға батып.
Талдагы шырмауықтай он бұралып,
Айқасып, жұмарланып қалды қатып,
Сол күйде екі ғашық қорынар ма,
Тұрса да мылтық атып, қылыш тартып.
Айқасып ғафу қашірет ойынменен.
Құмарлық лебізінің оты шалқып.
Інжу тас бұрын жіпке тізілмеген,
Көздері жәнға қарап сүзілмеген.
Жауһары аса қымбат қыз бойында,
Арзандап бұдан бұрын үзілмеген.
Қосылғаны тез заман,
Көп заманнан жүрді аман.
Жана көрді табысып,
Ойнап-күлді қауышып.
Арманы болды-ау бір тәмам.
Алыстан келіп кез болды,
Киуадан табысып.
Аузының ыстық желінен
Кызы оттай жаңысып.
Бал-шекердей тілінен.
Шекер-шәрбат алысып.
Шыбық талдай белінен,
Шырмалысып қалысып.
Ақ сүңкар үшты көлінен,
Қымтып күшүп белінен,
Салтанатты жар үшін
Айдаган алла елінен.
Армансыз ойнап жарымен,

Күтүлдү-ау қайғы шерінен.
Мейірі қанды мырзаның
Замандас туған теңінен.
Рахат тапты жас жаны,
Дертінің шипа емінен.
Рахат тапты жас жаны,
Тілінің сусының, жемінен.
Ажалдың оғы атылса,
Қашса да өлер ақ шіркін;
Қызықка мұндағы батылса,
Рахат табар жан шіркін.
Сагынып жарға шатылса,
Сарғайып атар тан шіркін.
Он екі күйрек, қырық шалғы
Биіктен бүркіт үшкандай,
Коқақтап тұрган тұлкіге,
Корынбай қыран түскендей.
Каны жадырап жай тапты,
Шиелегенді шешкендей.
Бойы балқып мас болды.
Қызулы шарбат ішкендей.
Қадірлі келген наркескен
Иегінен кескендей.
Ханым болды ханыша,
Қыз атағы ескендей.
Мұратқа жетті падыша
Қайғы мен хауіп ескермей.
Сүйікті жары болған соң,
Косылды-ау қыз да теріс көрмей!
Ханыша байдыратшамен бір жатады,
Қызықка жатқан тұні мол батады.
Таң атқан соң қайтуға үят ойлап,
Калага ағаш атпен тез қайтады.
— Ей, сәулем, сагындырмай келіп түр деп,
Ханыша мойның күшіп сөз катады.

Сагынар келесі таң оралғанша,
Екі асыл бір сарайда бола алғанша,
Сүзіліп терезеден қыз қалады.
Карасы ғашығының жогалғанша.
Амал жоқ бұл ханыша калды шыдап,
Калаға барып жетті Хасен үзап.
Түнде қызыда, таң атса шәріде бол,
Сол жүртта алты ай жүрді жолаушылап.
Бұлардың уағдасы қандай мықты.
Құмардан екі асыл әбден шыкты.
Қастық қып қай уақытта қызға бермек
Хан қызы алты айдан сон болды жүкті.
Алты айда қыз атасы келуші еді,
Баласын амандаста көруші еді.
Данышпан падышаның үэзірі
Қасына келген сайын еруші еді.
Алты ай толып атасы қызға келді,
Бау-шарбақ құс ністі,

жұпар желді.

Булардағ басқа пәнде жүрмейтүгүн.
Жібермес қыз бағына бөтен елді.
Гүлгасыл дүніяға аты мәшкүр.
Атасы көрген сайын қылар шүкір.
Падыша үэзірімен о да келіп,
«Осы қыз күмәнді!» — деп қылды пікір.
Падыша қайтты, өкпелеп қаласына,
Көнілі жудеп.

дала боп баласына.

Қызында бір каталық жұмыс бар деп,
Патшаның қызы қалды жаласына.
«Бұл қызды үлдан да артық тәрбиелеп,
Санадым көзімнің ак, карасына.
Бұл істі кім қылды?» — деп ашуланды,
Кім кірді бау-шарбактың арасына.
Ар болды падышага мұндай қылық,

Кыз еді сүттен де аппақ, судан тұнық.
Сол шаһарда бір хаяр¹ кемпір болған,
Қалаға содан тарайд амал-қулық.
Шақырып сол кемпірге хан айталы:
— Кызыма болды бір деп мұндағы сүмдых
Біліп бер кызға жақын болған жанды,
Лайтайын өлгенимше, ана, құлдықъ.
Наңбас ем шағым ғой деп біреу айтса,
Өзіміз көрнеу барып көзбен көрдік.
Осыны кім болса да анықта деп,
Кемпірге осылайша қылды бүйрый.
Сөзіне сонда кемпір түрді бағып:
— Бұған хайла қылмайын, балам, нағып.
Жын мен пері болса да босатпасын,
Кімде болса билермін белгі тағып.
Гүлғасылдың жататын сарайына,
Ертек барып келейін бояу жағып.
Басқан адам табанынан сүртсө кетпес.
Былгарыдан алмастай өтер ағып.
Падыша кемпір сөзін макұл деді,
Табыныз қапияда ақыл деді.
Кемпірді үй боя деп коя берді,
Кыз білмей дәнсөнені жатыр еді.
Патшаның Гүлғасылга айтпас сөзін,
Кемпірдің кыз білмейді ку мінезін.
— Ей балам, сарайыңа бояу жағам
Бояуга әгәр кепсе, талар көзін.
Деп алдап сарайына бояу жақты.
Жалғыз-ақ аман койды алтын такты.
Ертек келіп және бір жағамын деп,
Еш адам жүрмесін деп жарлық айтты.
Амалмен жіпсіз дүзак құрды дағы,
Жайына енді кемпір барып жатты.

¹ Хаяр — сүм, аяр.

Ондақ құлық болғаның қайдан білсін,
Күн батып Хасен мінді ағаш атты.
Күндегі ойнап жүрген хадетінше,
Құшактар тектаң басып перизатты.
Қыз айтты бұл сарайға жакты бояу,
Бір сұмдық екеумізге болды таяу.
Экем мені, сені де өлтіреді,
Білініп егер шықса биттей қаяу.
Кұманымды білді ме деп ой ойладым,
Жылдағы аман сөзі бының баяу.
Сонда Хасен қарады табанына,
Кемпірдің көз жетпейді амалына.
Баттасып басқан ізі қалған екен,
Жұғыпты аяғының тағанына.
Етігінен әрі өтіп етке батқан,
Жуса кетпес сұйекті барып капқан.
Әгер көрген адамға маглұм дур,
Кешегі қызыл бояу кемпір жакқан.
Бірката табанымен әуре болып,
Қалаға ағаш атпен Хасен қайтқан.
Ойында бейшараның дәнeme жоқ,
Шалына бала болған барып жатқан.
Сол қулығын кемпірдің көріп қашпай,
Деген мас жігіт екен тәңір атқан!
Белгісін кемпір көрді ертең барып,
Падышаға хабар берді бара салып.
Бір адам қыз қасына келген екен,
Дерен тінт жұртыныңды жиып алып.
Адамның ерекк дана бірін қойма,
Бұйырса үрлұқ бүгін болар анық.
Карандар барша жанның табанына,
Құтылар зәлім нәрсе қайда барып.
Падыша жиып алды жанды қоймай,
Адамға жер қайсты жиын тоқтадай.
Білмейді не себептен тінтілгенін,

Қашырды елдің канын қолмен соймай.
Қылып жүр жанның бәрін жалаңаяқ.
Бай, сұltан, хан демейлі ешкімді аяп.
Мақшарда сұрақ алған періштедей
Жасауылдар дінкілдер қылыш таяп.
Қаралды хан жарлығы парменінен,
Бұл елдің үшығына шыкты таяп.
Қаралып әбден болды елдің бәрі,
Бұл елден табылмады еш күналі.
Қаралып жүрттың бәрі болғаннан соң.
Тінтілді патшалардың үәзірлері.
Данышпан үәзір айты:— Хасен қайда.
Болып ед бөтен жүрттан бізге пайды.
Үүл іске, сол кінәлі боп жүрмесін,
Білдіртпей үстап әкел осындайда.
Сиқыр білген жат елден кеп жүрмесін.
Үрдым гой падышаны деп жүрмесін.
Ағаштың ақараабас құртындаі боп,
Білдіртпей ішімізден жеп жүрмесін.
Хасеніді үстап алды жатқан үйден
Бас салып етік шешіп, сырын түйген.
Іздең жүрген патшаның күналісі,
Бұл үшін бір патшаның жұрты күйген.
Айдалды шынжыр тағып ханга таман,
Ашулы патша бұған бермес аман.
Іздең жүрген патшаның күналісі,
Дәл өзі қылмыстының қызыл табан.
Ағаш ат қапияда мінбей қалды.
Дәл өзі қылмыстының қызыл табан.
Кез болды андаусызда мұндаі заман.
Қаһарына кез болды кешпейтүгын,
Түк рахым көрмейді падышадан.
Қылмысын күналі боп мойнына алар.
Хасеніді алла қандай күйге салар.
Қылмыстының өлгенін көріп тұрсын.

Қызым мүнла келсін деп қылды ҳабыр.
Гұлгасыл әрек келді өтмесен сон.
Көрнеу мүидай үялды сөйлеген соң?
Ұялып ардан кешіп әзер тұрды,
Мұндайлық қылық бүрын көрмесен сон.
Шықырлап шаһар толғаш жүрт жиылып,
Жылап тур, амал бар ма, қыз қынып.
Ханышаны көрген соң шаһназада,
Ашумен ойға кірді бек құйніп.
«Дәт!» — деді падышага Хасен батыр.
Қылмысты осы күнде біз мүшәпір.
Бұйырса дәрет алып, намаз қылам,
Үміт жок тіршіліктен, өлім акыр.
«Намаз», «дәрет» дегенге босатады,
Тағатқа тоқтау қылмас дінсіз көпір.
Босанып шынжырынан алғанинан сон.
Аллаға «сәна» деді Хасен батыр.
Желбегей бір шапанды жамылады,
Азаттық бейшараға табылады.
Басына жалғызшылық түскеннен соң.
Ел жүртyn енді мырза сагынады.
— Күдай-ай, құтқартқаның анық па еді,
Жүргегі қуанганинан қабынады.
Босанып шынжырынан алғанинан сон.
Коркуды енді Хасен не қылады.
«Зу» етіп көзді ашканша шықты көкке.
Батырга қызды тастап кету еп пе?
Жоғары оқ жетпейтін жерге барып,
Шайқалды отай-бұлай төңірске.
Аспанаға құсы қашқан ақшылай гын.
Іс қылды көп арманда әлгі көпке.
Айтайын осы жердің түйыгынан,
Сүйсінді көрнеу қылған қылыгынан.
Құйқылжып құладындаі төңкеріліп,
Ұстады ханышаның нығынан.

Жүрт корқып сиқыршы деп қозғалмады.
Бұрын адам қылмаган қылығынан.
Кашыпты көрсөу алып ханның қызын.
Ел қарап түреп қалды көктін дүзін.
Әуемен ұшып жүріп «кош, кош!» айтты.
Карыз қылмай кетіпті татқан тұзын.
«Қайын атам, кош аман бол еллің басы,
Есен түр Бұлайқұлдың кәрі-жасы.
Бүйірса ендігі жыл елші келер.
Баламын Багдатта хан баласы.
— Мені жасық, өзілі болатсынба.
Өзінді асыл,

өзгеші корашсынба!

Багдатта патшаның баласымын,
Қарайды үш жұз кала қол астыма.
Сыримды анық білмей болдын қастан.
Жайымды бір білерсін әуел бастан.
Колында азгана күн қонақ болдын,
Сүйікті жарым үшін құдан қосқан.
— Кош бол деп амандасып жүріп кетті.
Жүрісі жылдамырақ оқ пен құстан.
Кекке шыклай батыска түзу ұшқан.
Орнығып ханышаның белін қыскан.
Болжал гып әуелден-ақ журуші еді.
Тегінде келдім гой деп құнбатыстан.
Ақылга данишпан ер жеңдірелі.
Бір тауды ұшып келіп белгіледі.
Кешкес деін ұшты да тауга келді.
Өзінін ан аулайтын сенгірі еді.
Көзіне ыстық тиді оттай жанып,
Куанып шүкір қылды жерін танып.
Көп қамды сана қылды¹ жаратканга,
Отырды куаныш етіп демін алып.

¹ Сана қылды — тілек қылды

Сиҳырменен үшқандай жүрді зауляп.
Екі кісі жапанда отыр аулак.
Таудан түсіп аяндал келе жатса,
Екі адам келе жатыр киік аулап.
Аңшы адам екеуінс келді таяу.
Болған соң бұған келді екі жаяу.
Падшаның ағасының баласы екен,
Қайғымын аң аулаган көңілі қаяу.
Хасенді таныды да аттан үшты.
— Қөргенім рас па,— деп, я, құдай-ау!
Сагынысан бауырын қөргеннен соң
Ойбайламай жыласын шеге баяу.
Сагынғаннан жылайды бұл бейшара,
Камады жүргегінде қайғы, қаяу.
— Аман ба, қалқам бауырым!
Патшадан туған тәуірім.
Жылдан бері жылаулы
Бағдат деген ауылын.
Кара киіп, кан құскан,
Багынып жұрт, қауымын.
Күндіз-түн күлмей жылаулы
Жұртың тастап сауығын.
Биіккө біткен сенгірім.
Жібектен өрген кендірім.
Атаң жылап көр болды-ау.
Тауысып көздің мөлдірін.
Сагынтып катты, халқынды.
Жын сокқандай менгірдін.
Жанашыр, жакын, бауырды
Зор қайғыга көндірдің.
Салемет кепті жаныңыз.
Құтты болсын жарыңыз;
Кай тараптан келдіңіз.
Айтылсын бізге жайыңыз.
Жігерлі жігіт жылаулы.

Қайты ойлап көріңіз.
Аза қылып, ас берген.
Кедей менен байнызы.
— Дүниеде жан болмайды,
Нәпсі бітсе желіксіз,
Қызығып мініп ағашқа,
Аспанға шыктым еріксіз.
Тұс болмаса ойда жок.
Охак шәрісіне еніппіз.
Охак деген Жазира.
Жан-жағы мұхит, дария.
Бала болдым бір шалға
Жанға да болмай жария.
Сол шаһардың ханының
Ханышасы екен мына қызы.
Ғашық бол сәлем жазып ем.
Қабыл алды сөзді тез.
Алты ай ойнап білініп,
Ақыры қолға түстік біз.
Дарға асқалы жатқанда,
Ағаш атпен үштық біз.
Мұхиттан алған гашығым,
Мәнісі осылай мына қызы.
Ал, қуанып мың шүкірлік қылды хахка,
Бармаған адам ұлы ол Охакқа;
Жеті ғылымға жар салып адам білмей,
Өлді деп сізді койған осы уақытта.
Қараң калған халқынды қуандырып,
Жылап жүрген жұртының жуандырып,
Шөлдегенде табылдың зәмзәм суым.
Бастау — көзді кетіп ең суалдырып.
Катты шауып калага кетті жүріп,
Қыз бен жігіт сол жерде қалды тұрып.
Қыз-қырқын, катын-калаш, бала-шага,
Қуанды бірінен соң бірі біліп.

Қыз·қыркын, катын·калаш, бала·шага,
Жандарын айта жазды садакага.
Бәрінен ата·анасы бүрын келіп,
Көрісті жалғызымен онашада.
Зынданда жатыр екен баяғы ұста,
Өнері зиян болған қапылыта.
Қаріпке ката қылған жазасы үшін,
Бір ханың елін берді бұл баһкұска.
Хан болды акырында такқа бекіп,
Куанды жаксылыққа көзі жетіп.
Кешірді ката қылған хан жазасын,
Ақыры бір·бірінен раҳмет етіп.
Бұл хисса осыменен тәмам болды,
Сіздерге білпаш¹ қылдым баян етіп.

¹ Білпаш — маглұм

ТҮСІНІК

Өлең-жырлар

Арғымымы, аттың Әсет армыдаған. Қазак ССР Гылым академиясы Орталық гылымы кітапханасының қолжазба корынан алынды. Папка—783, дәптер—4. Бұдан бүркін өлең «ХХ ғасырдың басындағы казак әдебиеті» (Алматы, 1969 жыл) хрестоматиясында, «XVIII—XIX ғасырлардағы казак ақындарының шығармалары» (жалпы редакциясы басқарған филология гылымының докторы Ә. Т. Дүйсенбаев, Алматы, 1962) жинактарында басылған. Сонымен бірге «Әнші» деген атпен, «Ескі әнші аузынай» деген ескертпемен Илияс Жансүгіровтың жинактарында да (1928, 1933, 1958, 1960) жарияланған.

Агузы бисмилла деп бастайын соғ. Орталық гылымы кітапханасының қолжазба корынан алынды. П.—1638. Д.—3. Бозтай Жакыпбасов 1959 жылы Семей облысы, Үржар ауданы, Жарбұлак қыстагында тұратын Ахметхан Мұхаметжанұлынан (1906 жылы туған) жазып алған.

Жігіттің жіріт болар бейнесінде. Соңда.

Жас жіріті нағандықпен алдаиды. Қазак ССР Гылым академиясы, М. Әуезов атындағы әдебиет және онер институтының коллежазба корынан алынды. П.—214. Д.—2.

Өлеңді институттың гылымы қызметкері Б. Адамбаев 1958 жылы Семей облысы, Үржар ауданы, Жарбұлак қыстагында тұратын Әсеттің жерлесі және шәкірттерінің бірі жыршы Жұпісхан Колдеевтің (1906) жазып алған.

Ұбрайга. Бұл да соңда. Б. Адамбаев 1958 жылы Семей облысы, Үржар ауданы, Бакты қыстагында тұратын Әшім Сібеновтің (1910) жазып алған.

Жамбыл кайда? Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба көрнеки. П.—783, Д.—3. Эсептесін көп жыл жоғас болған аудиодастары Сейітбаттал баласы Кошахметтік, Ысмагұл баласы Жамалидың айтуарына жыршы Мұқаш Байдатыров 1946 жылы жазып алған.

1902 жылы Алматыда болған бір үлкен жыныга Жамбыл мемлекеттің катысады Жиминің соңында жүрт Эсептесін Жамбылды айттырымак болады, бірақ Жамбыл айттыса қарамай аулына кайтып алған. Бұл оленаңді Эсептесін сонда айтқан екен дейді.

Жан фани дүниедем ақырда өлемек. Институттың қолжазба көрнеки анында. П.—214, Д.—2.

Өленаңді Б. Адамбаев 1958 жылы Ж. Колдеевтің жазып алған.

Кор болмас зерек адам ақылым бар. Сонда.

Адамың жасы жонінде. Сонда.

Фани — дүние. Сонда.

Осындана ма (ұзак жырдан үзінді) Орталық ғылыми кітапхананың колжазба көрнекидегі Жақсыбековтың колжазбасынан алынды.

Каркем кыз коңыз ашар дүние балладай. Сонда.

Мәлік — дарай. Сонда С. Жақсыбеков өзінің колжазбасында: «Эсептесін «Мың бір түннен» аударған «Мәлік — Дарай» атты дастаны бар еді, содан есте калғанды» дейді.

Каракоз (I түрі). Орталық ғылыми кітапхананың колжазба көрнеки анында. П.—1638, Д.—4.

Семей облысы, Үржар ауданында тұратын әнші Бікен Маселімұлынан 1959 жылы Б. Жақыпбаев жазып алған.

Каракоз (II түрі). Бұл оленаңдің композитор Борис Григорьевич Ерзакович Караганды облысы, Егіндібұлак ауданы белгілі әнші Куан Лекеровтан 1938 жылы нотага түсіріп жазып алған.

Эсептесін анымен Б. Г. Ерзакович әнші К. Лекеровтан 1934 жылы нотага түсіріп жазып алған.

Кисмет. Орталық ғылыми кітапхананың колжазба көрнеки анында. П.—783, Д.—2.

Шама. Бұл да сонда.

Гауһар кыз. Өленаңдің анымен Б. Г. Ерзакович әнші Эділжан Құрбанғалиевтан 1958 жылы нотага түсіріп жазып алған.

Кызық-ай, шіркім. Бұл сез де Б. Г. Ерзаковичтің колжазбасынан алынды.

Макпап бұ да.

Эсептесін Қанағанисы. Институттың қолжазба көрнеки анында. П.—222, Д.—1. Өленаңді Б. Адамбаев Семей облысы, Үржар ауданы, Жарбұлак қыстагының тұргыны күйіші Әзімжан Құрманұлынан (1879 жылы туған) 1958 жылы жазып алған.

Өтөнбергенге. Орталык гылымы кітапхананың колжазба корынын алынды. П.—1638, Д.—7.

Сүйенгеген, жаңым сүйеген жалғыз өзін. Сонда Семей облысы. Үржар ауданының тұрғыны Дінгіз Қанағатовтан 1969 жылы жазып алынған.

Кыз армасы. Сонда Б. Масолімұлынан жазып алынған. Тәтежанға. Институттың колжазба корынан алынды. П.—392, Д.—1. Өлеңді Семей облысы, Үржар ауданы, Бакты қыстагында тұратын Әсептің турғының қызы Сәмөгейден (Шамшифарудан) Б. Адамбаев 1958 жылы жазып алған.

Тәтежан жылшының қызы (1870—1958) Әсет Найманбаевтің (1867—1923) жұбайы Өлең Тәтежанға қыз құнинде жазылған «Өлеңді апам (шешесі) әндептің әрқашан айтып отыратын, айтып отырып жылап та алатын» деділі қызы.

Тәтежан мен Әсептің торт қызы, екі үл туган. Солардан кәзіргі бары Сәмөгей (1910 жылы туган) және Кожеке (1918) Әсептөвтар.

Жақсы әңел. Өлеңді әнімен Б. Г. Ерзакович әнші Әділжан Қурбанғалиевтің 1968 жылы жазып алған.

Жаз. Институттың колжазба корында. П.—783, Д.—7. Өлең Қарғанды қаласынан 1940 жылы жазылған Орынбай Оспантаіұлының хатынын алынды. Өлеңнің екінші нұсқасын Б. Адамбаев 1963 жылы Қарғанды облысы, Ақторғай қыстагындағы М. Горький есімді № 1 орта мектепте шығатын әдеби колжазба журналдан («Токырауын аясында», № 1, май, 1961) кошіртіп алған. Мақаланың авторы Мұхтар Әмірзаков өлеңнің шығу тарихы туралы былай деділі: «Әсет Абайдың бас ақыны болған. Абай Әсептің сондай жақсы көргөн, аз күн көрмесе сағынап отырады екен. Жазғытуры Абай ауылдың кыстаудан кошіп шығып, бір өзениң бойына қонады. Абай бие байлатып бір топ адаммен желі басында тұрса, жаңында бір сыпыра адамы бар Әсет келеді. Бірін-бірі қош алып куана амандағаннан кейін Абай:

— Әсетжан, табиғаттың осы бір тамаша күбылымын суреттеп бір-екі ауыз олек айтып жіберші! — деділі. Сонда Әсет ат үстінде турып, домбырасын шертіп-шертіп жіберіп осы өлеңді жырлай жонеледі.

Тортқұл Ақболаттың біл Кәріпке айтқаны. Институттың колжазба корында. П.—392, Д.—1. Семей облысы. Үржар ауданы. Бакты совхозының жұмысшысы Курман Жанышаевтан (1912) Б. Адамбаев 1968 жылы жазып алған.

Өлең болыстың «мені жамандашы» деген өз тілегі бойынша айтылған деділі.

**Жасболат, кісі-ақ едің алшактаган. Институттын колжазба ко-
нылда. П.—392 Д.—1.**

Бұл созді де Б. Адамбаев Семей облысы, Үржар ауданы, Бакты
қыстағында тұратын Эсептің қызы Сәмөгей Әсетовадан 1958 жылы
казып алған.

Баласы бесіншегі атастырып. Орталық ғылыми кітапхананың
колжазба корынан алынды. П.—1638. Д.—9. Семей облысы, Үржар
ауданында тұратын Қанағұтовтан Б. Жақыпбаев 1959 жылы жазып
тартылған.

**Жеріміз кейін қалды Еміл-Барлық. Соңда. Ж. Жаксыбеков.
Ми естелігінен алынды.**

**Үйлемет советский жасы болды. Бұл да соңда. П.—783. Д.—3.
Л. Байдабыровтын колжазбасынан алынды.**

Болжаусыз осы екен гой олім деген. Соңда. П.—783. Д.—4.
2. Мұқановтың «Алғыптың адымдары» атты кітабында (Алматы,
1959), «ХХ ғасырдың басындары қазақ әдебиеті» хрестоматиясында
1959) «XVIII—XIX ғасырлардан қазақ ақындарының шыгарма-
шыры» (1962) және «Ұш ғасыр жырлайды» (1965) жинақтарында
шешмалған.

**Эсепті қызы Сәмөгейдің жоқтауы. Институттын колжазба коры-
шын. П.—392. Д.—6. Жоқтау екі болімнен тұрады. Бірінші болімнін
К. Колдеевтік айтушынан, екінші болімнін сол ауданымын Бакты қыста-
ғында тұратын Эсептің қызы Сәмөгейдің өз аузынан Б. Адамбаев
1958 жылы жазып алған. Соғын болімі үзак жоқтаудан қыскартып
ерілді. Бұл жоқтауды Эсеп түсінен шошынып, қызына өзі үйреткен
кен.**

**Эсепті әбелі Тәтежаниниң жоқтауы. Соңда. С. Әсетовадын
йтұынан жазып алынды. «Бұл да үзак еді. ұмытылпыш» дейді ай-
уши.**

Айтыс — қагыстар

**Әсеп пең Кемпірбайдың коштасуы Жыр 1925 жылы «Тан» жур-
налында, 1931 жылы С. Сейфуллин күрастырган «Қазақтың ескі әде-
нет нұсқаларында» 1942 жылы С. Мұқанов пең Е. Үсмайылов
үрастырган айтты, 1959 жылы М. Габдуллин күрастырган «Қа-
зақ халқының ауыз әдебиеті» хрестоматиясында, 1964, 1965 жылдары
Ш. Ахметов пең Б. Үскаков күрастырган «Айтыс» жинақтарында
сарияланған.**

**Эсептің Мәліккемен жауаптасуы. Орталық ғылыми кітапхана-
ның колжазба корынан алынды. П.—783. Д.—2.**

Эсептің Бактыбаймен қагысумы. Бұл — үзак айттыстың үзіндісі.

Үзінді екі кісінің естелігінен қурауды. Бірінші жұбыны ҳалық ақыны Мұкаш Байбатырулы Әсептің жолдасы әнші Ысмагұлұлы Жамалидан (1870—1947) 1946 жылы жазып алған. П—783 Д—3 Екінші жұбыны композитор Б. Г. Ерзаковіч әнші Әділжан Күрбанғалиевтән 1958 жылы жаздырып алған. Айтыс 1889 жылы Қапал уезінде үш жүзге сауын айткан Садыр Бәлдек баласы Жаканбайды (композитор Мұқан Төлебаевтің аргы атасы Б. А.) асында болған.

Әсептің Сәмет төремен айттысы. Институттық колжазба корында П—214, Д—1. Ж. Калдеевтән 1959 жылы түскен.

Поэма-дастандар

Пушкин. М. Эуэзов атындағы Әдебиет және өнер институтының колжазба корынан алынды. П—392, Д—4

Дастанды Б. Адамбаев. Ж. Калдеевтән 1958 жылы жазып алған. Ж. Калдеев «Әсептің шәкірті Шеріяздан ақыннан 17 жасында жаздырып алып жаттаған едім» дейді.

А. С. Пушкин «Евгений Онегин» романы негізінде шыгарылған Әсептің бұл поэмасының будан басқа да үш түрлі нұсқасы бар. Олар: «Евгений Онегин» (Алматы облысын, Аксу ауданы, колхозшы Шаріповтән жазып алынған), «Онегин мен Татьянаның әңгімелері» (Алматы облысы, Аксу ауданы Чапаев есіміндегі колхоздың мүшесі, Терібаевтән алынған және «Татьяна» Шығыс Қазақстан облысы, Аяқөз ауданындағы мал совхозның жұмысшысы Элімбетовтән Ілияс Жансүгіров жазып алған) деп аталады. Поэмалық бұл үш нұсқасын Қазақстан көркем әдебиет баспасы 1937 жылы А. С. Пушкиннің қазаша үш томдығында (Редколлегия: жауапты редакторы — С. Сейфуллин, мүшелері: М. Эуэзов, С. Мұқанов, Ф. Мусірепов) «Евгений Онегиннің» алғашки аудармасы ретінде Абай аудармасынан кеін, Ілияс Жансүгіровтің толық аудармасынан алынды.

Салиха — Сәмен. Поэма бірінші рет Шығыс Түркстанда «Алтай» баспасында 1945 жылы жарияланған. Мұнан басқа «Дастандар» (1960), «XVIII—XIX ғасырлардағы казак ақындарының шыгармалары» (1962) және «Үш ғасыр жырлайды» (1965) жинақтарында жарияланды. Нұска соңғы кітаптан алынды.

Үш жетім кыз. М. О. Эуэзов атындағы Әдебиет және өнер институтының колжазба корынан алынды. П—392, Д—3.

Дастанды Б. Адамбаев 1958 жылы Ж. Калдеевтән жазып алған. Жырша Калдеев «Әсептің бұл хиссасын Әсептің шәкірті Шеріяздан ақыннан 1924 жылы жаздырып алып жаттаған едім» дейді.

Кызығ табан ағаш ат. Бұл да сонда Дастанды Б. Адамбаев

Ж. Колдеевтін 1958 жазып алған Эсеттің жерлесті әрі шәкірті **Жұніс-хан** ақыны «бүл хиссаны Эсетең 13 жасында жаздырып алымп, жат тап, содан бері айтып келемін» дейді. Орталық ғылыми кітапханалық колжазба кормыза дастаның будан басқа Оспанбай Орынтаевтән (1940 жылы түскен), Байжұма Құсбекұлынаң (1934) Сапа Ишановтан (1937), Үйдырыс Қарменұлынаң түскен нұсқалары бар.

Әсете «Ұш жетім қыз», «Қызыя табан ағаш ат», «Шеризат» және «Жәмсап» хиссаларының жөлкесін, кейінкерлерін классикалық шығыс адебиетінен, атап айтқанда, «Мың бір түннен» алған. Алайда әкім-ертеңдердің жетегінде көтпей адамгершілікті, әділдікті уағыздайтын соңғы идеясына ыңғайлас, қазактың тұрмысына, ұғымына бейімдел «Финиш» жырлаған, сөйтіп, тың дүние, жана дастандар жасавған. Эсетең бұлардан басқа да дастандары болған, бірақ олар алі колға түскен жок.

Түсінікті жаман Б. Адаев.

МАЗМУНЫ

Әсет ақын Адамбаев Б. 5

ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР

Болжаусыз осы екен той алым деген	23
Аргиммы, атын Әсет арнындаған	25
«Жігіттің әлігіт болар бейнесінде»	27
Жас жілт нағандықпен алданады	28
Жамбыл қайда	30
Жан фани дүниеден ақырдаға өлемек	30
«Көр болмас зерек адам ақылы бар»	33
Адамның жасы жонінде	35
Фани дүние	36
Өспетнама (үлак жырдан үзінді)	38
«Көркем қыз көпіл шашар дүние балдай»	40
Каракат (I түрі)	41
Каракоз (II түрі)	42
Әсет	43
Кисмет	45
Шама	46
Гаунар қыз	47
Қызыл ай, шіркін!	48
Мактап	49
Әсертің Канағиысы	50
Өтепбергенге	52
Сүйеніген, жаным сүйген жалят шың	53
Қыз арманы	54
Тәтежанга	56

Жаңын айел	58
Жаз	59
Төрткүл Ақболяттың биі көріпке айтқаны	60
Каракұрасақ Күшік болысқа айтқаны	61
Қызар төреге айтқаны	62
«Жасболат, кісі — ак едін алшактаған»	63
«Баласын бесіктегі атастырып»	64
Сеніспей уағдалы серттең қайтпа	65
Қызы Сәмөгейдің жоқтауы	66
Әйел Тәтежаниның жоқтауы	68

Айтыс-қагыстар

Әсет пен Кемпірбайдың жоштасуы	75
Әсептің Маликемен жауаптасуы	78
Әсептің Бақтыбаймен қагысумы	80
Әсептің Сәмет төремен айттысы	82

Дастан-Хисалар

Пушкин	89
Салиха-Сәмен	99
Үш жетім қыз	112
Қызыя табан ағаш ат	138
Түсініктер (Б. Адамбаев)	163

Найманбаев Эссе

ШЫГАРМАЛАР (Влекдер, ал
тыстар, дистандар). Куралт:
В. Адамбасов, С. Ордалов.

Алматы, «Жазушы», 1988.
172 бет. (Каз ССР Ғылымы қад.
М. О. Эусеев әтмк. Әдебиет және
өнер ин-ты).